

ХАБАРШЫ ВЕСТНИК

“Филология ғылымдары” сериясы

Серия «Филологические науки»

№ 1 (35), 2011 ж.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті ХАБАРШЫ	М а з м ұ н ы С о д е р ж а н и е ТІЛ БІЛІМІ ЛИНГВИСТИКА
<i>«Филология ғылымдары» сериясы № 1 (35), 2011 ж.</i>	Қасым Б. Профессор А.Ысқақов ілімінің қазақ лингвистикасының жаңа бағыттарымен сабақтастығы..... 3
Шығару жиілігі – жылына 4 нөмір. 2000 ж. бастап шығады.	Нуртаева Н.Ж. Mehrsprachiges lernen ist die grundlage für die entwicklung der multikulturellen persönlichkeit..... 6
Бас редактор - <i>филол.ғыл.д., проф. Б.Әбдіғазизұлы</i>	Құлмағанбетова В.Х. Гендерлік лингвистика және Б.Нұржекеұлы шығармаларындағы гендерлік мәселелер..... 8
Бас ред. орынбасарлары: <i>пед.ғыл.д., проф. Ф.Ш.Оразбаева, филол.ғыл.д., проф. С.Д.Әбішева</i>	Қасенов Е.С. І.Жансүгіров поэзиясындағы «соғыс» концептісінің танымдық мазмұны..... 11
Ғылыми редакторлар: <i>филол.ғыл.д., проф. Т.С.Тебегенов, филол.ғыл.д., проф. Т.В.Шевякова</i>	Жабағиева Г.З. Қазақ тіліндегі аударматану терминдерінің жасалу тәсілдері..... 14
Редакциялық алқа мүшелері: <i>филол.ғыл.д., проф. К.И.Мирзоев, филол.ғыл.д., проф. А.Қ.Жұмабекова, филол.ғыл.д., проф. Б.Қасым, пед.ғыл.д., проф. Г.А.Қажығалиева, профессор Н.М.Исмаил, филол.ғыл.канд., доц. Н.Ж.Нұртаева, пед.ғыл.д. Ж.К.Балтабаева</i>	Мазыбаева Ж.О. Т.Ахметжан шығармаларындағы фразеологизмдердің қолданысы..... 17
Жауапты хатшы <i>филол.ғыл.к. А.Д.Ибраева</i>	Жүсіпов А.Е. Бағдар, амбисемия, лексикалық регистрдің алмасуы арқылы қайшылықтың туындауы..... 20
© Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, 2011	Шинтемирова А. Суфийская поэзия как воплощение высокой культуры духовного переживания..... 24
Қазақстан Республикасының мәдениет және ақпарат министрлігінде 2009 жылы мамырдың 8-де тіркелген № 10109 - Ж	Киынова Ж.К. Национальный корпус русского языка как источник выявления славянизмов..... 27
Басуға 07.04.2011 қол қойылды. Пішімі 60х84 1/8. Көлемі 12,8 е.б.т. Таралымы 300 дана. Тапсырыс 121.	Андрюшенко О.К. Семантические и структурные особенности речевого акта клятвы в русском языке..... 30
050010, Алматы қаласы, Достық даңғылы, 13. Абай атындағы ҚазҰПУ	Мамедова С. Формы, выражающие содержание категории одушевленности-неодушевленности имен существительных..... 34
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің өндірістік-жарнама бөлімінің баспаханасы	Мухтарова В.Р. Влияние контактов языков на процесс совершенствования языка..... 37
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің өндірістік-жарнама бөлімінің баспаханасы	Алтынбаев Н. Типологические исследования членов предложения в сопоставительном языкознании Кыргызстана..... 40
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің өндірістік-жарнама бөлімінің баспаханасы	Садыхова С. Лексико-семантические особенности оронимов Дерелеязского округа Западного Азербайджана.... 44
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің өндірістік-жарнама бөлімінің баспаханасы	Урмат Маккамбай Грамматическая функция английского неопределённого артикля и соответствующие ему кыргызские языковые единицы..... 47
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің өндірістік-жарнама бөлімінің баспаханасы	ӘДЕБИЕТТАНУ ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің өндірістік-жарнама бөлімінің баспаханасы	Әбдіғазизұлы Б. Ақындар шығармашылығындағы өзгеше өрімдер..... 52
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің өндірістік-жарнама бөлімінің баспаханасы	Құдайберген Тұрсын Таным көкжиегі..... 54
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің өндірістік-жарнама бөлімінің баспаханасы	Иманғазин М.М. Антика мен қазақ әдебиетіндегі мысал жанрындағы ұқсастық..... 58
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің өндірістік-жарнама бөлімінің баспаханасы	Тілешов Е.Е. Қазақтың төл жазба әдебиетінің бастаулары жөнінде..... 61
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің өндірістік-жарнама бөлімінің баспаханасы	Бекбосынов М. Әдебиет тарихындағы азаттық танымдары..... 66
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің өндірістік-жарнама бөлімінің баспаханасы	Ибраева А.Д. Ғ.Мүсірепов - көркем сөз шебері..... 69
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің өндірістік-жарнама бөлімінің баспаханасы	Жәкім Ә. Балалар әдебиетінің тәрбиелік рөлі..... 70
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің өндірістік-жарнама бөлімінің баспаханасы	Жаксығұлов С. Көрұғлы жыры және сыр бойы ақын-жырауларының жырлау варианттылығы..... 73
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің өндірістік-жарнама бөлімінің баспаханасы	Сыздықов С.Қ. Ақселеу Сейдімбектің «Ақиық» хикаятындағы ұлттық характер..... 75
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің өндірістік-жарнама бөлімінің баспаханасы	Кулумбетова А.Е. Об аспектах соответствия критерию..... 75

**Казахский национальный
педагогический
университет имени Абая**

ВЕСТНИК

Серия
«Филологические науки»
№ 1 (35), 2011 г.

Периодичность - 4 номера в год.
Выходит с 2000 года.

Главный редактор
д.филол.н., проф. **Б.Абдигазиев**
Зам.гл.редактора
д.п.н., проф. **Ф.Ш.Оразбаева,**
д.филол.н., проф. **С.Д.Абишева**

Научные редакторы:
д.филол.н., проф. **Т.С.Тебегенов,**
д.филол.н., проф. **Т.Б.Шевякова**

Члены редколлегии:
д.филол.н., проф. **К.И.Мирзоев,**
д.филол.н., проф. **А.К.Жумабекова,**
д.филол.н., проф. **Б.Касым,**
д.п.н., проф. **Г.А.Кажигалиева,**
профессор **Н.М.Исмаил,**
к.филол.н., доц. **Н.Ж.Нуртаева,**
д.п.н. **Ж.К.Балтабаева**

Ответственный секретарь
к.филол.н. **А.Д.Ибраева**

© Казахский национальный
педагогический университет им.Абая, 2011

Зарегистрировано
в Министерстве культуры и информации
РК
8 мая 2009 г. № 10109-Ж

Подписано в печать 07.04.2011.
Формат 60х84 1/8. Объем 12,8 уч-изд.л.
Тираж 300 экз. Заказ 121.
050010, г.Алматы,
пр.Достык, 13. КазНПУ им.Абая
Типография
производственно-рекламного отдела
Казахского национального
педагогического университета имени Абая

художественности рассказа «Спина» Б.Момыш-улы..... 78
Садыхова Н.М. К вопросу возникновения жанра
антиутопии..... 86

**ПЕДАГОГИКА МЕН ӘДІСТЕМЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ
ПРОБЛЕМЫ ПЕДАГОГИКИ И МЕТОДИКИ**

Мұқамбетқалиева М. Кейс-стади әдісін пайдаланудың
танымдық ақпараттық құзыреттілікті қалыптастырудағы
тиімділігі..... 89
Досанова А.М. Шетелден келген қазақтарға орыс тілін шет
тілі ретінде оқытудың ерекшеліктері..... 93
Власова В.В. Использование веб-квест технологии в
обучении языкам..... 97

Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитеті Алқасының шешімі негізінде Абай атындағы ҚазҰПУ-дың
Хабаршысы журналының «Филология ғылымдары» сериясын педагогика ғылымдары бойынша диссертациялардың
негізгі ғылыми нәтижелерін жариялайтын басылымдар тізбесіне енгізілгені туралы хабарлайды.

На основании решения Комитета по контролю в сфере образования и науки Вестник КазНПУ им.Абая, серия
«Филологические науки» внесен в перечень изданий для публикации основных научных результатов диссертаций.

ТІЛ БІЛІМІ

ЛИНГВИСТИКА

ПРОФЕССОР А.ЫСҚАҚОВ ІЛІМІНІҢ ҚАЗАҚ ЛИНГВИСТИКАСЫНЫҢ ЖАҢА БАҒЫТТАРЫМЕН САБАҚТАСТЫҒЫ

Б.Қасым –

*Абай атындағы ҚазҰПУ, мемлекеттік тіл кафедрасының меңгерушісі,
филол.ғ.д., профессор*

Бүгінгі күні қазақ лингвистикасы жаңа теориялық антропоцентристік бағытта дамуына алдыңғы толқын аға ғалымдардың қосқан үлесі зор. Солардың ішінде профессор Ахмеди Ысқақов өзінің мол білімімен, сабырлы ұстамдылығымен, зор адамгершілігімен, тынымсыз еңбекқорлығымен әріптестеріне, шәкірттеріне аса қадірлі болған тілші-ғалым. Ахмеди Ысқақов – қазақ тіл білімінің қалыптасуына, дамуына зор үлес қосқан алдыңғы топтағы аға ғалымдарымыздың бірі болатын. А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, Н.Сауранбаев, С.Аманжолов, Ғ.Мұсабаев, М.Балақаев т.б. ғалымдарымыз бен бірге есімі қатар аталатын Ахмеди Ысқақовтың ғылым тарихында өзіндік орны бар, ол – өзінің ғылымға қосқан елеулі еңбектерімен, елеулі үлесімен ұрпақ жадында қалуға тиіс ғалым-тілші.

Дәстүрлі лингвистикадағы басым бағыт – құрылымдық лингвистика негізінде қарастырылды. Ал осы құрылымдық лингвистиканың бастауында профессор *А.Ысқақовтың* еңбектері жатыр. Тілдегі жаңа зерттеулердің, саралаудың, талдаудың бастауы, сабақтастығы *теориялық және әдіснамалық, танымдық негіздері құрылымдық лингвистика мен академиялық сөздіктерінде* екені ақиқат. Осы тұрғыдан келгенде проф. А.Ысқақовтың еңбектерінен білім алдық, іздендік, сөздіктерін ғылыми талдауға арқау еттік. Қазақ лингвистикадағы грамматиканың: морфология, сөзжасам, түрлі оқулықтар т.б. салалары Ақаң еңбектерінде жаңа бағытқа арналған зерттеулер деп толығынан айтуға болады.

А.Ысқақовтың қазақ тіл білімінің көрнекті ғалым-тілші болуына атақты екі ұстаз-ғалымнан алған тиянақты білімі зор әсер еткен. Қалыптасқан мәдениеттіліктің үлгісі мен ғасырлар бойы жиналған ғылым мен білімнің сарқылмас бұлағын, қазақ тіл білімінің негізін қалаушы Ахмет Байтұрсынұлы пен Құдайберген Жұбановтардан соң ары қарай дамыта түсуші жастардың бірі болған. Сол кездерден-ақ талабына еңбекқорлығы сай келіп, шаршамай ізденіп, тынымсыз жұмыс істеген. Профессор Ахмеди Ысқақовтың бұдан былайғы өмірінің барлығы да оқу-ағарту, ғылыми жұмыстармен тығыз байланысты болды.

Ғылыми бағыттары: қазақ тілінің морфологиясы, әсіресе, сөз таптары жан-жақты зерттелді. Ғылым жолындағы ізденістерінің қазақ тіл білімінде, түркология ғылымындағы мәні ерекше. Сондай-ақ, қазақ тілінің мектептерде оқытылу әдістемесі мен орыс тілінің қазақ мектептерінде оқытылу әдістемесімен де шұғылданған.

А.Ысқақов – қазақ тіл мәселелері жөнінде қарастырылған 200-ден астам еңбектің авторы. Оның «Қазіргі қазақ тіліндегі үстеулер» (1950), «Тыныс белгілері» (1951), «Қазіргі қазақ тілі» (1964) ізденістері – қазақ тілі морфологиясының көптеген қыр-сырын сөз еткен іргелі еңбек. Ал лексикограф ретінде «Қазақша-орысша, Орысша-қазақша» (1954) сөздіктерінің құрастырушы редакторы болды. Оның басқаруымен «*Абай тілі сөздігі*» мен «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігін» (1974-1986) ерекше атаған дұрыс деп ойлаймын. Себебі ұлы ақын Абайдың қаламынан туған мол мұрасын қағазға түсіріп, әр сөзіне терең талдау-түсініктеме беріп, тіліміздің мол қазынасын түсініп білуге мүмкіндік беретін үлкен мұра. Бұл сөздік түркітануда тұңғыш жасалған еңбек, осы уақытқа дейін халықтың игілігіне жарауда.

Ахмеди ағайдың келесі бір қомақты еңбегі – сөздіктермен байланысты. Солардың ішінде «*Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі*» қазақ елінің бойтұмары деп айтуға толық болар. Осы еңбекті құрастырып, жарыққа шығарғаны үшін ҚазССР-і Мемлекеттік сыйлығын алған

(1988). Тілді адамның ой-санасы, танымы, қажеттіліктеріне, сұраныстарына қарай дамуының жаңа кезеңдерінде жеке тұлға мен танымын қалыптастыра алатын негізгі жүйе ретінде қарастыруда басшылыққа алуда түрлі сөздіктерге тірек жасап, әсіресе проф. А.Ысқақовтың басқарумен Тіл білімі институтының ұжымдық еңбегі «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» (10 томдық) негізге алынады. Бұл тілшілер үшін, қазақ ұлты үшін құнды еңбектердің бірі, еліміздің мәдени-ғылыми құндылықтарының қатарында. Сан ғасырлық мол мұраны жинастырып, сөз байлығын есепке алып, олардың лексикалық мағыналарымен қатар, ауыспалы мағыналырын, қолданыстық мағыналарын, әр сөздің сөзжасамдық қабілетін, дәлдікпен түсіндіріп берді. Осы жасалған ізденістер қазіргі тіл ғылымының әрі қарай дамуына өз үлесін қосып отыр және бірнеше тіл деңгейлерінің шегінде дамыған *әлеуметтік лингвистика, этнолингвистика, лингвомәдениеттану, когнитивтік лингвистика, функционалды лингвистика, коммуникативті-прагматикалық* бағыттар сияқты тілтанымдық ғылымдар салаларымен тығыз байланысты.

Ахмеди ағай істің адамы еді. Адам баласының барлық әрекетін, оның болмысын тілсіз танып білу мүмкін емес. А.Ысқақов – шебер ұйымдастырушы, қазақ тілінің сөздік қорын жинақтауда еңбегі зор. Тіл – қоғамдағы тарихи, әлеуметтік, мәдени, рухани өзгерістерінің айнасы десек, оны түсіну, саралау үшін *Сөздіктерге* жүгінілетіні белгілі. Ал сөздіктерде тілдің барлық *қыры, табиғаты* қамтылған. Осымен байланысты тілдік жүйенің құрылымдық бірліктері тек лингвистиканың ғана емес, этностану, әлеуметтану, елтану т.б. нысанына алынып, ол түсіндірме сөздіктерде көрініс тапты.

А.Ысқақов тілдік жүйенің құрылымына тереңдеп барудың, ұлттық тілдің табиғатын шынайы тану үшін, біріншіден, тілдік таңбаларды, оны құрайтын бірліктері, олардың мазмұндық жағы мен тұлғалық жағын тілдің өз заңдылықтары негізінде қарастыру, екіншіден, оларды тілдік емес құндылықтармен, яғни ақиқат өмір, ойлау, танымдық тұрғыда бір-бірімен тығыз сабақтастықта, байланыста қарастыруды да, зерттеулерінен тыс қалдырмады. Осы тұрғыдан алғанда *тілдік бірліктер* ақиқат өмірді, ойлау мен тілді ұштастыратын категория ретінде проф. А.Ысқақовтың еңбектерінен көрініс тапты.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінен қазақ халықының болмысы, дүниетанымдық ерекшеліктері, жинақтаған білім жүйесі тілдік бірліктерде таңбаланып, сөздері арқылы көрініс тапқан. Қоршаған ортаны танып, түсіну, материалдық байлықты игеру үдерісі кезінде, өмір тіршілігінде қалыптасатын атаулық ұғымдар, олардың тілдегі көрінісі тілдік ұжымның еңбек тәжірибесі, әдет-ғұрпы, мінез-құлқы, наным-сенімі ұлттық болмысты, әлемді тіл арқылы тануға мүмкіндік береді. Сөйтіп, ұлттың мәдениеті тіл дүниесінен айқын көрінеді. Табиғаттағы құбылыс, заттардың мөлшерін, бір-біріне мөлшерлік, көлемдік қатынасын игеру үрдісінде пайда болған атаулар халықтың әлеуметтік өмірін, кәсібін, қоғамдық құрылысы мен тарихын көрсететін белгі болып табылады. Сондықтан тілдің табиғатын саралауда оның құрылымынан, мәнінен іздеу керектігі дау туғызбайды. Қазақ тілінің тілдік бірліктері сөз қазынасына молынан еніп, түсіндірме сөздіктерден т.б. сөздіктерден елеулі орынға ие болған дүние.

Білім – негізі оқулық. Сондықтан қай саланы болмасын терең меңгерудің негізі оқулыққа байланысты. Профессор А.Ысқақовтың «Қазіргі қазақ тілі» курсының морфология саласы 1974 жылы жарық көріп, 1991 жылы 2-рет толықтылып, өңделіп басылып шықты. Ғалым аталған оқулықтың соңғы басылымында ғылымның соңғы жетістіктеріне сәйкес кейбір теориялық мәселелерді, жаңаша ойлар мен тұжырымдарды қайта қарап, жүйелі түрде беруді мақсат етті. Бұл оқулық ұзақ жылдар бойы мамандар даярлауда қажетті және негізгі құрал болып келеді.

Қазақ тіл білімінде күрделі сөздер мәселесі де бүгінгі күнге дейін ғалымдардың назарынан тыс қалмай келе жатыр, бұл күрделі мәселе де проф. А.Ысқақов назарынан да тыс қалған емес. Осы күнге дейінгі зерттеулерге шолу жасайтын болсақ, қазақ тіл білімінде күрделі сөздердің табиғатына алғаш рет тілтанымдық зерттеулер жүргізген ғалымдар А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, А.Ысқақов болды. Солардың бірі – *күрделі сөзге* қатысты мәселе. Осы тұста құрама сөз деген терминнің мәніне тоқтала кеткен жөн. Тілшілер күрделі

сөздерді атау ретінде танып, олардың түрлеріне қатысты қазақ тілі дыбыс үндестігіне сәйкес келгенін бірге, «ауытқитынын» сызықша арқылы жазуды ұсынады.

А.Ысқақовтың «Сөздің морфологиялық құрамы есім сөз таптары» тақырыбындағы еңбектің маңызы зор. Бұл еңбек алғаш қазақ тіл білімінде *мофемика* саласының қалыптасуына, теориялық негізінің қалануына тірек болды. Сөздің құрамы мен грамматикалық құрылымның негізі түйістіріліп, байланыста зерттелді. Жаңа лингвистикалық терминдердің қалыптасуын себепші болды. Терминология мәселесіне қатысты іс-шараларға да қатысқан ғалым. Ахмеди аға тек белгілі бір тақырыпқа қалам тартқан ғалым емес, қазақ тіл білімінің түрлі салаларының бәрін де қамтыған. Ол – тіл тарихы мен әдеби тіл туралы қазақ ғалымдарының ішінде ең алғаш пікір айтқан зерттеушілердің бірі. Ғалым қазақ тіл тарихын әрқашанда көне жазба ескерткіштермен байланыстыра зерттеу қажет екені жайында талай рет мәселе қозғап, сонымен бірге сөздің шығу төркіні (этимологиясы) жайында өз пікірлерін ұсынған. Алғаш рет этимологияның міндеті мен мақсаты, оның ғылыми негізі мен зерттеу тәсілі жөнінде өз ойларын ұсынып, бір алуан сөз төркіндері туралы бағдарлаған ой қорытындыларын жұртшылық талқысына салған.

А.Ысқақұлы «Қазақ тілінің фономорфологиялық құрылысын тарихи тұрғыдан сараптау» қазақ тілі түрік тілдерінің ішіндегі ең көне тілдердің бірі екенін және көне жазулы тіл екенін осы еңбегінде дәлелдеді. Осыған орай қазақ тілі бүкіл түркі тілдерінің ішінде айрықша орын алатын аса бай тіл екенін баян етеді.

Профессор А.Ысқақов түркі тілдерінің жазба ескерткіштерінің тарихына қатысты қазақ тілінің тарихын зерттеу үшін жаңа әдістеме жасаған. Ол әдістеменің *мәні* – тіліміздің ең көне тұлғалары болып табылатын *еликтеме* (мимема) түбірлерге қосымшалардың *парадигмалық жүйесін* жасаған. Ол тілдің негізгі сөздік қоры мен грамматикалық құрылысын бірден пайда бола салмаған тарихи категория дей отырып, олардың шығу төркінін түбір сөздерден іздейді. Автордың пайымдауынша, алғашқы түбірлердің шығуы тіл дыбыстарының пайда болуымен тікелей байланысты деген қорытынды жасайды. Түркі тілдері төрт түрлі даму дәуірінен өткен деп жорамал жасайды: 1. *Електеме (түбірішік)* тіл құрылысы дәірі; 2. *Түбір тіл құрылысы дәуірі*; 3. *Жалғамалы тіл құрылысы дәуірі*; 4. *Жинақтамалы-талдамалы тіл құрылысы дәуірі*. Осы аталған жіктемелерге түбір тілдің құрылысы мен мағыналық жағына, грамматикалық сипатын тоқталған. Профессор А.Ысқақов – өз зерттеулерінде тақырыптың мазмұн-мағынасына, табиғатына қарай, соған тән, лайық бұрынғы қолданыста жоқ ұлттық сипаты бар терминдер ұсынып отырған ғалым.

А.Ысқақов тілші ретінде айтқан пікір уәжділігі мен тіл заңдылығы бойынша шындық болмыстағы заттар мен құбылыстардың аталуына әсер ететін экстралингвистикалық себептерді де шынайы дәйекпен дәлелдейтін. Ғалым сыртқы себеп адамның ойлауына әсер етіп, пайда болған заттар мен құбылыстардың бейне-белгілері санада ұғым болып қалыптасатынын жаңаша қарап түсіндіретін. Санада ұғым болып қалыптасқан белгі-бейнелер негізгі тірек болып ықшамдалып, онологиялық жолмен тілге таңба болып көшірілетінін, тіл шекарасына кірген аналогиялық көрсеткіштерге (ұқсас белгілерге) яғни, лингвистикалық себеп ықпал жасайтынын тілдік деректермен зерделейтін.

Ұстаздың алдын көрген, оған шәкірт болып тәлім-тәрбие, терең білім үздік үлгі алған адамдар қазірде мыңдап саналады. Олардың арасында тек қазақ балалары ғана емес, өзге ұлт өкілдерінің де перзенттері бар екені белгілі.

Қашанда өз заманының азат ұлы, өзгенің уақытын аялайтын өз уақытын аямайтын, өз ісіне адал, кісіні бөліп-жармайтын, нәсіліне, түріне, жеріне, еліне қарамайтын – нағыз ұлағатты ұстаздар ісі. Мұндай шынайы ұстаз бола білу әр адамның басына қонған бақ емес. Ол – қаншама тынымсыз күндердің, қыруар еңбектің жемісі. Мен Ахмеди Ысқақұлын институтта оқыған жылдары оқулықтары мен жазған еңбектері арқылы білсем, ал 1977 А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтына қызметке алынып, Түсіндірме сөздік бөлімінді қызмет істеген жылдарымда ғалымның рухани шәкірті болып, ғылым жолындағы ізденістер мен еңбектенуді сол ағалардан үйрендік, ақыл-кеңесін тыңдадық, адамгершілік қасиеттерінен тәлім-тәрбие алдық.

Ұстаз бен шәкірттің арасындағы қызметтес, әріптес болған адамдардың арасында бірін-бірі тең ұстау, сенімді ақтау, ықыласқа бөлену, адами қасиеттерін айту шәкірттік парыз деп ойлаймын. Профессор А.Ысқақов қазіргі қазақ тілінің сөз байлығын түгел қамтып, әрбір тілдік бірлікке дәлдікпен анықтама беріп, жасалу, қалыптасу, дамуына үлкен үлес қосқан, тілші-ғалым.

Резюме

В статье анализируется взаимосвязь учения профессора А.Искакова с новыми направлениями казахской лингвистики.

Summary

Relationship exercises of professor A.Iskakova new kazakh linguistics.

MEHRSPRACHIGES LERNEN IST DIE GRUNDLAGE FÜR DIE ENTWICKLUNG DER MULTIKULTURELLEN PERSÖNLICHKEIT

Н.Ж.Нуртаева -

зав.кафедрой романо-германских языков

Ein deutscher Pädagoge Herr Krumm, formulierte kurz und klar: „**Fremdsprachenlernen heißt: Zugang zu einer anderen Kultur suchen.**“ Wenn wir das weiterdenken, dann heißt das: Erfolgreiches Fremdsprachenlernen heißt: eine andere Kultur genauer zu betrachten und besser zu verstehen. Wenn wir von der Zukunft unserer kasachstanischen Kinder sprechen, hat für sie das Fremdsprachenlernen eine konkrete und ziemlich große Bedeutung: nämlich: größerer persönlicher Erfolg und besseres Verstehen ihrer kasachstanischen Heimat.

Durch das mehrsprachige Lernen - Muttersprache und Fremdsprache, beides auf möglichst hohem Niveau - gelingt sehr viel mehr als nur eine fremde Kultur besser zu verstehen. Das Erlernen von Fremdsprachen ist viel mehr als das Erlernen eines Systems fremder Sprachzeichen und fremder Laute. Es ermöglicht vor allem die Kommunikation mit einer fremden Kultur. Und das ist das Wichtige: Unsere Kinder lernen Fremdsprachen, um sie für die Kommunikation zu benutzen, um sie in ihrem privaten und in ihrem beruflichen Leben aktiv zu benutzen. Fremdsprache dient dem zukünftigen Erfolg unserer Kinder in einer größer gewordenen, globalisierten Welt.

Die Republik Kasachstan braucht das. Denn Kasachstan ist für seinen politischen und ökonomischen Erfolg in der Zukunft darauf angewiesen, dass möglichst viele seiner Bürger auf möglichst hohem Niveau sich auch in Fremdsprachen verständigen können. Lassen Sie es mich sehr zugespitzt sagen: Wir können nicht erwarten, dass die ökonomische und politische Welt Kasachisch mit uns redet, aber die Welt erwartet, dass die kasachstanischen Bürger mit der Welt kommunizieren.

Nun könnte jemand einwenden: „*Alle sollen ja Englisch lernen, das genügt doch.*“ Nein, das genügt nach meiner Ansicht nicht! Sicherlich sollte jeder auch Englisch können, aber die Anforderungen in Wirtschaft und Politik sind in den letzten Jahrzehnten gewachsen. Heute genügt es nicht mehr, wenn jemand nur Englisch kann. Die großen internationalen Wirtschaftsunternehmen und die politischen Organisationen erwarten von ihren Mitarbeitern, dass sie mehrere moderne Fremdsprachen beherrschen: Englisch plus Deutsch zum Beispiel oder Englisch plus Chinesisch. Mehrsprachigkeit ist das Zauberwort der jetzigen Epoche!

Warum Mehrsprachigkeit? Weil es in wenigen Jahren kein besonderes Qualitätsprofil mehr sein wird, wenn jemand bei einer Bewerbung stolz sagt: „*Ich kann Englisch*“. Alle jungen Menschen werden bald Englisch können. Und genau das wird der junge Mensch von der Organisation oder von der Firma, bei der er sich bewirbt, dann auch zu hören bekommen: „*So, du kannst Englisch. Na und? Das ist nichts Besonderes. Was ist denn das besondere Profil, das dich für uns wertvoll machen könnte?!*“ Wenn jemand aber in den wichtigen Fremdsprachen (Plural!)

Fähigkeiten beweisen kann, dann bringt er eine besondere, wertvolle Qualifikation mit und hat dadurch bessere Karrierechancen. Und dann wohl auch mehr Erfolg.

Das Lernen von Fremdsprachen hat noch einen weiteren, wichtigen Aspekt: Wer eine oder mehrere Fremdsprachen lernt, der lernt dadurch nicht nur die Kultur der fremden Sprache kennen, sondern er lernt sehr viel mehr: Er gewinnt nämlich auch einen neuen, vertieften Blick auf seine eigene Heimat, auf seine eigene Kultur. Denn durch das sensible, bewusste, vertiefte Verstehen des Fremden, des Anderen wird auch der Blick auf das Eigene, auf das scheinbar Vertraute, auf die eigene Heimat intensiver, genauer und differenzierter. Das Kennenlernen und das Vergleichen hilft zu verstehen.

Wer mehrsprachig lernt, der entwickelt somit einen besseren Blick auf seine eigene Heimat. Vergleiche und Fragen entstehen fast automatisch, das Eigene wird kontrastiv, mit neuem Blick und mit tieferem Verständnis gesehen. Ein deutsches Sprichwort sagt: „*Wer die Fremde kennt, liebt seine Heimat.*“ Das gilt auch für den Fremdsprachenunterricht! Fremdsprachenlernen bewirkt, dass man anfängt Fragen zu stellen und Gefühle zu entwickeln. Fremdsprachenlernen bewirkt, dass man nicht nur das Fremde, sondern im bewussten oder unbewussten kontrastiven Vergleich auch das Eigene besser kennen lernt und auch besser einschätzen lernt. Liebe und Achtung brauchen das Verstehen. Und das Verstehen wird auch durch die kontrastive Erfahrung und Reflexion im Fremdsprachenunterricht in ganz besonderer Weise gefördert.

Ganz wichtig ist das möglichst frühe Fremdsprachenlernen. Die psychologische Forschung und die Empirie zeigen: kleine Kinder lernen Sprachen, auch Fremdsprachen!, leicht, spielerisch, schnell, mit großem Interesse, mit Freude! Sprache ist Kommunikation - und Kinder lieben es zu kommunizieren. Sprache ist ein lebendiges Rätsel, Sprache ist lustvolles Entdecken und Anwenden - und Kinder lieben so etwas ganz besonders! Fremdsprachen können und sollten ab der 1. oder der 2. Klasse gelernt werden. Das ist in Europa schon zum Standard geworden. Und es sollte auch in Kasachstan zum Standard werden. Denn dann kann ab der 5. Klasse eine zweite Fremdsprache dazu gelernt werden.

Wirklich vertieftes, intensives, ausführliches Lernen der Fremdsprachen ist notwendig und möglich. „Ein bisschen Fremdsprachen können“ - das ist so wie: „ein bisschen verliebt sein“ oder: „ein bisschen kompetent sein“. So etwas ist eigentlich gar nichts und auch nichts wert. Wer braucht so etwas?! Das nützt nichts, wenn eine Fremdsprache wirklich für die Kommunikation, für den Beruf, für das Leben genutzt werden soll. Das funktioniert nicht, das ist verschwendete Lernzeit! Denn auch um eine Persönlichkeit mitzuformen, muss eine Sprache für die aktive Begegnung mit dem Fremden benutzt, gelebt, feiner verstanden werden. Nur mit entwickelter Fremdsprachenfähigkeit kann auch die wirklich multikulturelle Persönlichkeit entwickelt werden. Mehrsprachiges Lernen hat für die Entwicklung der Persönlichkeit noch viel mehr Aspekte, nämlich zum Beispiel die Entwicklung der intellektuellen Analysefähigkeit, oder die Verbreiterung des philosophischen Horizontes, oder die vertiefte ethische und humanitäre Entwicklung der Persönlichkeit.

Lernen, auch das Erlernen von Fremdsprachen, vollzieht sich in einem Entwicklungsprozess einer heranreifenden Persönlichkeit. Es gibt entwicklungspsychologische Voraussetzungen für das Erlernen von Tätigkeiten und Fertigkeiten, die den bestmöglichen Zeitpunkt für den Erwerb einer bestimmten Fähigkeit bestimmen. Es gibt Zeitpunkte, die man nutzen aber auch verpassen kann. Eine erfolgsorientierte Fremdsprachendidaktik sollte dieses berücksichtigen. So wäre es zum Beispiel unsinnig zu versuchen, einem Kind das Laufen beizubringen, wenn der Bewegungsapparat dafür noch nicht hinreichend entwickelt ist.

Der Erwerb einer Fremdsprache in frühen Jahren ähnelt sehr dem Erwerb der Muttersprache. Er vollzieht sich wesentlich über Imitation und Anwendung im handlungsorientierten Rahmen und in kommunikativen Zusammenhängen. Aus Untersuchungen zur bilingualen Erziehung in gemischt-kulturellen Familien geht hervor, dass kleine Kinder sehr wohl dazu in der Lage sind, zwei Sprachen gleichzeitig, ganz ohne Grammatik, mündlich nahezu perfekt zu erlernen. Der frühe Fremdspracherwerb sollte die in diesem Alter vorhandenen Fähigkeiten der Kinder intensiv nutzen und sich auf das Lernen in sinnvollen Kommunikationszusammenhängen, in Sätzen oder zumindest in Satzstrukturen konzentrieren. Das Reden über oder von einer zu erlernenden

Fremdsprache macht Sinn bei Erwachsenen und Jugendlichen und hat dort seinen Stellenwert; in frühen Phasen geht es aber um das Reden (Kommunizieren) in der Sprache mit dem Ziel der Verständigung.

Der frühe Beginn des Fremdsprachenunterrichts (Kindergarten, Primarstufe) eröffnet Möglichkeiten, die dringend genutzt werden sollten. Besondere Sorgfalt sollte dabei auf die altersgerechte Stufung der Lehr – und Lernprozesse gelegt werden.

Түйін

Біздің көпұлтты республикамызда жылдын жылға көптеген адамдар шет тілін бала кезінен ерте оқуға қызығушылық танытуды, өйткені шет тілін білу өзге халықтың мәдениетіне есік ашуға мүмкіндік береді.

Резюме

В нашей многонациональной республике все больше людей проявляют интерес к изучению иностранных языков в раннем детском возрасте, так как эти знания позволяют приоткрыть дверь в культуру другого народа.

ГЕНДЕРЛІК ЛИНГВИСТИКА ЖӘНЕ Б.НҮРЖЕКЕҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ГЕНДЕРЛІК МӘСЕЛЕЛЕР

В.Х.Құлмағанбетова -

Алматы үздіксіз білім беру университетінің оқытушысы

Ерлер мен әйелдердің мінез-құлықтарындағы айырмашылықтар олардың сөйлеу әрекетінде де көрініс табады. Осыған орай, яғни сөйлеушінің жынысына қарай лексикалық атаулардың шартты қолданылуы мен басқа да ерекшеліктері тіл білімінде **гендерлік лингвистика** үлесінде қарастырылып келеді. Ер мен әйелдің сөз саптауындағы айырмашылықтар жөніндегі ғылыми ізденістер, жалпы **“гендер”** ұғымының жүйелі түрде зерттеле бастауы мынадай себепті жағдайлармен түсіндіріледі:

- әлеуметтік-саяси уәждеме – қоғамдық қатынастардың өзгеруі мен феминистік көзқарастың өріс алуы;
- лингвистикалық уәждеме – структурализмді сынға алу, тілдің прагматика саласына деген қызығушылықтың артуы және әлеуметтік лингвистиканың дамуы;
- философиялық таным теориясының жаңа бағыт алуы, постмодернизм мен деконструктивизм идеяларының кең таралуы [1, 15-20].

Гендерлік лингвистика өкілі А.В.Кирилина “гендер” және “жыныс” терминдерінің белгілерін ажыратуға тырысады. А.В.Кирилина гендер терминінің орыс тілдік лингвистикада қолданылуы жайлы кең түсінік береді [2, 21].

Сөйлеу әрекетіндегі “әйелдердің қарым-қатынасы” мен “ерлердің бақталастығы” теориясы “қарама-қарсы” қойылады. Тілдесу кезінде сөйлеушіні жынысына қарай айырып жіктеу туралы сөз болғанда, адамның биологиялық айырмашылығы емес, оның “мәдени, әлеуметтік бітімін” көрсететін гендер мәселесі қаперге алынады. Ерлер мен әйелдер тіліндегі гендерлік ерекшеліктер оларға қатысты қолданылатын тілдік бірліктер арқылы ажыратылады. Ер адамдар әйелдерді сөзшең деп таниды. Өйткені, әйел адамдар шағын ортада оңаша сөйлесуді таңдайды. ...*Апырмай, дауыстың дірілін, созымын сақтап; әуеннің байаулар, биіктер қиын-қиын тұстарын қиналмай, сан құбылтып қайырғанда, адам емес, құс шығар деп қайран қаласың. От басы, ошақ қасындағы әйелге де сондай дауыстың дарығаны-ай! Өнер қонам десе, дәреже, мансапқа қарамайды екен ғой, тегі.* [Б.Нұржекеұлы. «Күнәлі махабат (Әйелдің сыры)» повес, 190-б].

Жоғарыдағы мысалдардан әйелдердің өзіне тән генеологиялық ерекшелігі айқын аңғарылады. Осыған орай олардың тілдік бірліктерді қолданылу ерекшелігі анықталады. Шын мәнінде, ерлер мен әйелдердің қарым – қатынас жасау тәсілдері де әр түрлі. Әйелдердің көпшілігі үшін тілдесім – өзара қарым-қатынас орнатудың, түсіністікке жетудің амалы. Оған

мына мысал жарқын дәлел: *Әйелге ұқсап ақтарыла бір әңгіме айтпайсың, жарылып неге өлмейтіңіне таңым бар?! [Б.Нұржекеұлы. «Күнәлі махабат (Әйелдің сыры)» пөвес, 191-б]*

Көп жағдайдағы қарым-қатынаста әйелдерге эмоциялық стиль тән. Олар өздерінің сезімі мен эмоциясын ашық, еркін білдіре алады және қасындағылардың жай-күйімен де бөлісіп отырады.

- *Ой, сұмдық-ай! Ондай деп ол кісіні кім ойлаған?! Сырт көзге ізетті, сыпайы адам секілді. [Б.Нұржекеұлы. «Ерлі зайыптылар» роман, 82-б]*

Қайда төгілмеген жесірдің көз жасы, айдалада ағыл-тегіл аңырап келем:

- *Қан, жайлау қарғыс атсын сені! Негып биыл жайқалып едің? Жесірлердің көз жасына қуанамысың, жетімдердің жылаганына жетісемісің? Сенің жайнап құлпырғаның қай жогымның орнын толтырады, адам боп өне ме о немең?! [Б.Нұржекеұлы. «Күнәлі махабат (Әйелдің сыры)» пөвес, 215-б]*

Ерлер мен әйелдердің қарым-қатынас мәселесін зерттеп, психология ғылымына үлес қосқан орыс ғалымы Ю.Ф.Чуфаровский: “Қарым-қатынас жасаудың негізгі амалы – әлеуметтік тұрақталған, тарихи орныққан, табиғат, қоғам және психикалық әрекет, қатынастық, кез-келген құбылысты білдіретін дыбыстар немесе әріптер мен белгілердің жиынтығы болып табылатын – тіл” деп теориялық анықтама береді [3, 17 б.]. Ғалым әйел психологиясы күрделі, белгілі бір деңгейде жыныстардың коммуникативтік мінез-құлқына әсер ететінін жазады. Ал, Н.Б.Мечковскаяның бақылауынша, ерлермен салыстырғанда әйелдердің сөз қолданысында көбінесе эмоционалды-экспрессивтік, тыйымдық лексика басым болады, ал фонетикалық жағынан әйел адамдар жіңішке дауыссыздар мен еріндік дыбыстарды көбірек қолданады екен [4, 14 б.]. Орыс психолінгвистерінің мәлімдеуінше, ер адам құрған сөйлем әдетте әйел құрған сөйлемнен қысқа болып келеді. Еркектер көбінесе дерексіз зат есім қолданса, әйелдер нақты зат есіммен сөйлеуге әуес. Ерлер көбінесе зат есім мен сын есімді қолдануға, бейім болса, әйелдер көбінесе етістікті қолданады. Бұл айтылғандарға жазушы шығармасынан алынған мына мысал дәлел деуге болады:

- *Сен, Зерен, сұмдық, сұмдық әйелсің, әттең, кезінде кездеспедік. Қатын-баламнан түгел безейін, тек дұрыс сөзіңді берші, - дегенді бетіме тіке айтады.*

- *Еркектер арсызсыңдар. Ақыл есің дұп-дұрыс, әйелің, балаң бар... бес күн көрмегенге басқаның бет ажарына қызығып... ұятсыз! – десем, ол ондайға басылмайды.*

- *Қатын, бала түгіл, әке-шешеден де аздырарсың сен. Құдіретің келеді оған, - деп көзімен арбайды, - сен кәпір дауасыз дертсің. Кет деп қабағың, кел деп қылығың тұрады, қай еркек көзі қиып үмітін үзеді?*

- *Ий, бөспеші! – деймін айтуға түк таппай. Әйтеуір, әл тауып, әлі оны емексіткем жоқ. Қатын – баласының барлығы әрі бөгесін, әрі маған үлкен қуат. [Б.Нұржекеұлы Шығармалар жинағы: Көп томдық. I-том. «Күнәлі махабат (Әйелдің сыры)» пөвес, 238-б]*

Қазақ ғылымында XX ғасыр соңына дейін жынысқа қатысты психологиялық және сөйлеу ерекшеліктері зерттелмеген мәселе болып табылады деуге болады. Бұл турасында ғалымдар Б.Хасанов, Г.Мамаева еңбектерін ерекше атап өтуге болады. Десек те, гендер факторы қазақ ағартушы, зиялыларының еңбектерінде ескеріліп отырған белгілі. Қазақ әйелдерінің тілдік ерекшелігі туралы мынадай гендерлік дәлелдер келтіреді: “әйелдерге ғана арнаулы, жүйелі болмаса да, әйел тілінің өзгешелігі қазақта да жоқ емес. Сол өзгешеліктердің бірі әйелдерде ғана болатын “ернін шығару” (кеміткенде), “бетін шымшу” (ұятсынғанда), “аузын шылып еткізу” (таңданғанда), “аузын быртылдату” (кекеткенде). Міне, мұның соңғы екеуінде үнсіз ым ғана емес, дыбыс шығару да бар. Бірақ дыбыс айырынды (членораздельный) емес”. Дәлел ретінде жазушы шығармаларынан мынадай мысал келтіруге болады: *«Сенің кінәң, осының бәрі, баланы желіктіріп...- Бәтжан шалын біраз жазғырайын деп келіп, ернін жыбыр еткізіп қарсылығын білдірді де, орнынан түрегелді» [Б.Нұржекеұлы. «Бір өкініш, бір үміт», 30-б].*

Бейвербалдық коммуникацияның ажырамас жүйесі болып табылатын мұндай ым-ишаралар көптеген психологиялық, физиологиялық, ұлттық, әлеуметтік ерекшеліктерді анықтауға да мүмкіндік береді.

“Қазақ тілі” энциклопедиясында: “әйел тілі – әйелдердің қарым-қатынастарында шартты түрде болатын өзіне тән сөз қолданысы. Әйел тілінің ерекшелігі әлеуметтік, діни және басқа да көптеген факторларға байланысты болады” деген қысқаша түсінік беріледі. [6, 47 б.].

Ал, әйел адам мен ер кісі тілінің ерекшеліктеріне қатысты зерттеу жүргізіп жүрген белгілі ғалым Б.Хасанұлы: «Гендерлік фактордың көрінісі тілдің барлық деңгейінде зерттелуі шарт» – дей келіп, гендерлік лингвистика саласының өзіне тән мәселелерін былайша атаған:

1. Адам жынысы гендердің тілімен анықталатындығы;
2. Тіл мен жыныс (жас пен жыныс) айырмашылығы, өзара байланыстылығы;
3. Әйел мен ер адам сөзінің жалпы адамдық айырмасы;
4. Әйел мен ер адамның ұлттық-этникалық деңгейдегі айырмасы;
5. Тілдің әлеуметтік жіктелуі мен қоғамның жыныстық жіктелуінің өзара байланысы;
6. Әйел мен ер адамның тілдік бірлікті қолдану айырмасы;
7. Әйел мен ер адам сөйлер сөзінде қолданылатын тілдік және бейтілдік бірліктер;
8. Әйел мен ер адам беретін мәлімет құрамындағы тілдік және бейтілдік бірліктер т.б. [7, 24 б.].

Еркек пен әйел тілінің өзгешеліктері олардың сөз қолдану мен сөйлем байланыстыруларында да байқалатынын көруге болады. Оны мына мысалдан байқауға болады:

Қали Знашпен ілесе шықты.

- *Знаш, сәл тоқташы!*

- *Қойшы, Қали, ұят қой елдің көзінше!*

- *Кәзір оңашамаыз ғой, қаишпасаңшы!*

- *Қорқам, жақындасаң болды, жаман сөз айтасың.*

- *Апырмай, азар болса, бүркемелемей, бүкпей айтатын шығармын. Шындық қой бірақ, ұрлық емес.* [Б.Нұржекеұлы. «Жастық жыл құсы емес», 264-265 бб.].

“Әйел тілі” туралы түсінікті Ә.Қ.Ахметов “Түркі тілдеріндегі табу мен эвфемизмдер” атты докторлық диссертациясында тоқталады. Ғалым зерттеу жұмысының негізгі объектісі етіп табу мен эвфемизмді ала отырып, бұл тыйым түрлерінің әйел тіліндегі көрінісін береді. Тыйым “Ат тергеу” салты бойынша көрсетіледі[8]. Мысалы: - **Қайным**, мұндай қорқақ екеніңді білгенде, бұғып тұрып тыңдайтын ек, қорыққаныңнан айтып келе жатқан әніңнен адасып қалдың-ау босқа. [Б.Нұржекеұлы. «Күтумен кешкен ғұмыр» роман, 29-б]

- **Ақылдым**, ел айтып жүрген әңгілі жігіт – осы. Мақтағандары бекер екен, өзіңді көргенде, айағы үзеңгіге ілініп қала жаздады. Жә енді, ұйалып жігітке жүзіңді де көрсетпеймісің? [Б.Нұржекеұлы. «Күтумен кешкен ғұмыр» роман, 32-б].

Бұл мысалдардағы **қайным**, **ақылдым**, т.б. кісі есімдерімен байланысты тыйымдардың жыныстар арасындағы әйел тіліндегі шартты лексиканың пайда болуына әсерін тигізгенін байқаймыз.

Түйіндей келгенде, бүгінгі таңда гендер мәселесі мәдени-әлеуметтік феноменді білдіретін, тіпті саяси-экономикалық аяда жиі көріне бастаған ұғымдардың біріне айналып, көркем шығармада кейіпкер тілін танытуда ерекше мәнге ие болып отыр.

1. Кириллина А.В. Категория gender в языкознании //Женицина в российском обществе. М.,1997.

2. Кириллина А.В. О применении понятия «гендер» в русскоязычном лингвистическом описании// Филологические науки. – 2000. - №3. - С.38-45.

3. Чуфаровский Ю.Ф. Психология общения в становлении и формировании личности. - М., 2002. - 544 с.

4. Мечковская Н.Б. Социальная лингвистика: Учебное пособие . –М.: АспектПресс, 2000. –207 с.

5. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. - Алматы: Ғылым, 1999. -581 б.

6. Қазақ тілі. Энциклопедия. - Алматы, 1998. - 508 б.

7. Хасанұлы Б. Концепция Х.К.Жубанова в контексте гендерной лингвистики // Жұбанов тағылымы. Республикалық ғылыми – теориялық конференция материалдары. - Ақтөбе, 2002.

8. Ахметов Ә. Түркі тілдеріндегі табу мен эвфемизмдер. - Алматы, 1995. - 176 б.

Резюме

В данной статье рассматриваются исследования гендерных особенностей в казахском языкознании.

Summary

In this article are considered studies gender particularities in kasakh linguistics.

І.ЖАНСҮГІРОВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ «СОҒЫС» КОНЦЕПТІСІНІҢ ТАНЫМДЫҚ МАЗМҰНЫ

Е.С.Қасенов –

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың оқытушысы

Адамзат баласының тарихында орын алған түрлі шайқастар оның санасында сақталып, әр уақыт жаңғыратыны белгілі. Сан ғасырлар бойы жүргізілген соғыстар әрбір тіл иесінің тілдік қолданысында да түрлі ассоциациялармен көрініс табады. Осыған орай, ақын І.Жансүгіров поэзиясында «соғыс» концептісі негізгі концептілік жүйені құрайтын когнитивтік құрылым болып табылады. Ақын туындыларында түрлі қырынан танылған «Соғыс» концептісі композициялық құрылымы мен сюжеттік мазмұнына қарай түрліше көрініс тапқан. Ақын поэзиясындағы лексикалық, фразеологиялық және паремиялогиялық бірліктер түрінде көрініс тапқан тілдік бірліктер негізінде жасалатын метафоралық модельдер «соғыс» концептісін түрлі қырларынан таңбалайды. Бұл туралы орыс ғалымы Л.Бенедиктова: «Концепт «война» как многомерное смысловое образование моделируется нами в виде фрейма как модели для измерения и описания знаний (ментальных репрезентаций), хранящихся в памяти людей» деген тұжырым жасайды [1, 9 б.].

Ғаламның тілдік бейнесінде «Соғыс» концептісі *жорық, шабуыл, қақтығыс, күрес, қарсылық, әскери әрекет, қару-жарақ, адамдар қатынасы, ардагер, жеңіс, жеңіліс* т.б. тілдік бірліктермен ассоциацияланып, таңбалаынады. «Жеке бір сөздің толық концептісі оның семантикалық және ассоциациялық өрісі арқылы айқындалады. Сөздің семантикалық және ассоциациялық өрісінде пайда болған ақпараттың құрамында когнитивтік және прагматикалық мағыналардың элементтері бейнеленеді» [2, 11 б.].

Ақын поэзиясында «соғыс» концептісі *жорық, қиқу, шұбыру, қан* т.б. фреймдермен, фрейм-сценарийлермен айқындалады. Оған мынадай мысалдар дәлел:

Жау жорық, болды заман жұрт шулаған

Шаң беріп әр жерден бір қиқулаған.

Абылай аруағым, ала туын

Көтерсем..... көтерілер өшкен ұран....» («Күйші» поэмасынан).

Азан-қазан қыр үркіп,

Кімдер қалмай далада,

Талай кеіткі Сыр жұтып,

Ауғын болды ақтабан («Дала» поэмасынан).

Бұл мәтіндердегі абстрактылы ұғым қатарына жататын «соғыс» концептісін танытатын тілдік бірліктер түгел дерлік метафораланған. Ол әр түрлі сөз тіркестері, тұрақты тіркестер арқылы көрініс тапқан. «Соғыс» концептісінің фразеологиялық деңгейі «*Қайың сауу*», «*ши шайнау*» сынды авторлық тіркестермен репрезенттелген:

Жылап, шулап ұлардай

Шұбырынды болды күн,

Қайың сауа, ши шайнай,

Бақа, жылан қақтаған («Дала» поэмасынан).

«Соғыс» концептісінің аясына өзара шектес «өмір», «өлім», «қайғы» концептілерімен байланысты алуан түрлі тілдік бірліктер кіретін болғандықтан, олар ассоциациялық элементтері болып табылады. Ол «Соғыс» концептісінің когнитивтік құрылымы арқылы анықталады.

«Соғыс – өлім, шығын» когнитивтік моделі. «Соғыс» концептісін айқындауда «Өмір», «Өлім» концептілері үздіксіз түрде орын алатын ажырағысыз бірлікте көрініс береді. «Дүниежүзіндегі қай ұлтқа қатысты алсақ та, ғаламның тілдік бейнесіндегі *«соғыс»* макроконцептісінің өзегінде *«өлім»* концептісі тұрады. Себебі соғыстың басталуы, жүргізілуі және аяқталуы сияқты кезеңдерінің қай-қайсысы да адам өлімімен тығыз байланысты. Кісі өлімінсіз соғысты елестету тіпті де мүмкін емес. Сондықтан тіл ұстанушының когнитивтік базасында соғыс – *адамзат өміріне төнген қауіп* ретінде орныққан» [3, 11-12 б.].

Қызыл табан болды үркін.

Үйлер қалды тігулі,

Мекен қалды құлазып,

Өлік қалды үюлі,

Тастап түзде мал-мүлкін («Дала» поэмасынан).

Мәтіндегі *«зеңбірек күрілдеу», «қан сасу»* ассоциативті таңба арқылы қалыптасқан фреймдер алапат шығынды танытады. «Мәтін құрылымымен қатар шығармашылық тұлғаның идиолектісінде сақталған, автордың тұлғалық танымында туындаған ассоциативті-семантикалық өріс негізінде ақиқат дүниені тану қабілетін анықтауға болады» [4, 99 б.].

«Соғыс – апат (эпидемия)» когнитивтік моделі. Соғыс кезеңдерінің қай-қайсысы да адам өлімімен тығыз байланысты болады. Жалпы адамзатқа өлім ортақ екендігін белгілі. Бірақ, адам өлімінің белгілі бір уақыт кесіндісінде жаппай сипат алуы – апат. Мұндай жайт табиғаттың дүлей күштері не жойқын соғыстар салдарынан орын алады.

Алакөлді айнала

Алатаудың жырасы,

Қанға бөкті ай дала;

Қалды тәні мұншаның.

Қанын қорқау ұрттады,

Қан сасыды ұлан жаз,

Жаздай дала құрттады,

Қалды қанды ор — бұл сарын («Дала» поэмасынан).

Алапат апат ақын поэзиясында *Қанға бөгу, қан сасу, құрттау* сынды фреймдер арқылы ақиқат бейне - санадағы логикалық факті бейнеленеді.

«Соғыс – зорлық, зұлымдық» когнитивтік моделі. Соғыс - байлыққа, билікке қол жеткізудің, қол астындағы құлдар санын көбейтудің, яғни мемлекеттегі, хандықтағы еңбек күшін арттырудың да бір құралы. Ол зорлық, зомбылықсыз болмайтыны анық. Соғыс ұғымы ақынның жеке логикалық ой-өрісі ерекшелігіне орай поэтикалық мәтінде түрлі тіркестердің метафораланып келуімен танылады.

Жерін жайлап, у қылған,

Ерін қанап, құл қылған,

Елін талап, еңбегін

Жалмап, жеуіп, жүн қылған,

Құлдың жанын құм қылған,

Құлдың қанын қылғыған,

Бар бір зәрлі жыландай... («Гималай» өлеңінен).

Осы жолдардағы *жерін жайлау, у қылу, ерін қанау, құл қылу, елін талау, қанын қылғу* сынды тілдік бірліктер «соғыс» концептісінің мазмұнын сипаттаушы ретінде өріс құрайды.

«Соғыс – қайғы-қасірет» когнитивтік моделі. Ақын туындыларында «Соғыс» концептісі өзара шектес «Өмір», «Өлім», «Қайғы» концептілерімен байланысты алуан түрлі тілдік бірліктер арқылы репрезенттелген.

Су төгіліп мойнына,

Не қыларын біле алмай,

Жас төгіліп қойнына,

Қозғалды жұрт қан жылай («Дала» поэмасынан).

«Соғыс» концептісінің аясында қарастырылатын *қайғы* сөзінің «адамның ішкі жан дүниесінің күйзелісі, қасірет шегуі, мұң арқалауы» деген лексикалық мағынасы «адам» және «заман» деген екі үлкен мағыналық шоғырлармен түйісіп, ел басына түскен ауыртпалықтың салдары болып ауқымын кеңейтеді. Санада эпизодты бейнемен салыстыру арқылы қалыптасқан *«қан жылау», «мойнына су төгілу»* фразеологиялық бірліктері халық

басындағы қайғының ауырлығын танытады. Адамзат тарихындағы ауыр жағдайдың салдарынан сол дәуірде өмір сүрген халықтың қайғы-қасірет шегетіні – ақиқат өмірден түйген тұжырым

«Соғыс – үрей, қорқыныш» когнитивтік моделі. Соғыс кезінде тіршілік иесіне ажал қаупі сәт сайын төніп, үрей, қорқыныш сезімі тұрады. Осыған орай, «Соғыс» концептосферасында *үрей, қорқыныш, қауіп* абстрактілі ұғымдары жағымсыз мазмұнда танылады. Соғыс жағдаятында болсын, бейбіт өмірде болсын «белгісіздікке» толы ажал ұғымы – қорқыныш, үрей. Бұған байланысты тіліміздегі *«зәре-құты қалмау», «зәресі зәр түбіне жету», «зәресі қалпақтай болу», «қоян жүрек»* сынды фразеологиялық тіркестер ақын поэзиясында да дәл сондай ұғым береді.

*Теуіп түкті төресі,
Қайта туды қара күн,
Халықтың жоқ зәресі...
Күркіреді зеңбірек.
Қарды шапқан борандай
Қанды шашты, шықты жау,
Ел қысылды қояндай,
Қоқаңдады сары иық («Дала» поэмасынан).*

«Соғыс» концептісін танытатын «үрей», «қорқыныш» компоненттері әр түрлі метафоралық формада көрініс тапқан. Олар *«зәресі ұшу», «қояндай қысылу», «зәрезан болу»* тәрізді санадағы стереотиптік ассоциациялық таңбалар арқылы қалыптасқан.

«Соғыс – батырлық» когнитивтік моделі. Соғыс кез келген халық танымында ең алдымен үрей болып танылса, екіншіден батырлықтың танылатын тұсы. Үрейге бой алдырмау, қорықпау – адам бойындағы батырлық мінездің негізі. Соғыстағы жеке адамның батырлығы тіліміздегі *«Ер сасқанда белгілі, ат шапқанда белгілі», «Ел басына күн туса, Ер жігіт атқа ер салар», «Ерді тасқанда көр, Жауды қашқанда көр», «Ер – майданда сыналар»* т.б. паремиялардан танылады. Мысалы:

*Лықылдап қол келеді шеру тартқан,
Ел шапқақ, олжаламақ, қан құмартқан.
Ол күнде батыр құдай, төре әулие,
Қарада қасиет аз, көз алартқан («Рүстем қырғыны» поэмасынан).
- Жайықтың жалпақ елім аржағында;
Жем, Сағыз, Ойыл, Қиыл аймағында.
Жұмысым Исатай мен Махамбетте;
Батырдың қосы қолдың қай жағында? («Исатай» поэмасынан).*

В семантике слова признак «война», как и любой семантический признак, может быть выражен отдельно, например, в словах *war/война, warrior/воин, warlike/воинственный*, или связанно, что предполагает его компонентное выражение с различной степенью наличия исследуемого признака в значении» – деген пікірге жүгінсек, батырлық «соғыс» концептісінің құрылымдық компоненті болып танылады [1, 9 б.]. Батырлық тек адамға тиесілі ұғым, ал батырды туғызатын заман десек, «заман мен адам егіз ұғым. Екеуі бірігіп біртұтас кеңістікте өмір сүреді. Заман мен адам арасы үнемі қайшылыққа толы болса да екеуі қалайда бір үйлесім тауып өз ағысын жалғастыра беретін күрделі лингвофилософиялық құбылыс» [5, 119 б.]. Осымен байланысты ақын танымындағы соғыс ұғымы **«батырлық – заман – соғыс»** үштігі шеңберінде айқындала түседі.

Шиеленіскен соғыс зардабы қашанда төгілген қанмен межеленсе керек. Бұл орайда қан – символдық мәнге ие болады. Ғалым А.Әмірбекова тіліміздегі «қан» лексемасына символдық мәні бар бірлік ретінде қарап, адам бойындағы аффективті әсерді танытатын тіркестер құрамында көрініс табатынын айтады [6, 35 б.]. Ақын туындыларынан мынадай мысалдар келтіруге болады:

*Жүйріктің жосылғанда қызыл қаны,
Жүрегі жер мен көктің тызылдады.
Қуанып қан көргенде қара шыбын,
Асынадай Сағынайдың быжылдады («Құлагер» поэмасынан).
Ескінің ертегі айтсам ертесінен,
Жетісу қан малышынған белшесінен («Жетісу суреттері» өлеңінен).*

Ақын туындыларындағы **қанға бөгу, қан сасу, қанын қылғу, қанын шашу, қан жылау, қан көксеу, қан майдан, қан қақыру, қан шеңгел** т.б. тіркестер «соғыс» концептісінің «қан» лексемасымен ассоциацияланатынын көрсетеді. Бұл мәтіндердегі **«қан»** компоненті *соғыс, жаман тілеу* символы ретінде танылған. **«Қанын қылғу»** зұлымдықты танытса, **«қаны мұздау»** адам бойындағы аффективті әсерді байқату тәсілі ретінде қолданылған идеологиялық тіркес болып танылады. Ақын танымында **«қан»** архетиптік символ қатарына еніп, екі жақты қарама-қарсы мағына білдіреді. Сонымен, ақын туындылары бойынша «Соғыс» концептісін сипаттайтын тезаурус *жау, дұшпан, төңкеріс, ажал, өлім, қан, майдан, ұрыс, шайқас, қашу, олжа, жорық, шабуыл, қайғы, қасірет, қақтығыс* т.б. сөздердің семантикасы арқылы айқындалды.

І.Жансүгіров поэзиясына концептуалды талдау жүргізу барысында «Соғыс» концептісі күрделі құрылым екені анықталды. Ақын шығармаларындағы соғыс ұғымына қатысты «қан» лексемасы символдық мән (өлім, соғыс) иеленіп, «соғыс» концептісін сипаттайтыны айқындалды. «Соғыс» концептісін лексикалық, фразеологиялық және паремиологиялық бірліктер де концептуалдық қырынан таңбалайтыны анықталды.

Ақын поэзиясындағы «Соғыс» концептісінің ішкі құрылымы арқылы ұлттық ұғым-түсініктердің танымдық элементтерін ұғынуға болады.

1. Бенедиктова Л.Н. Концепт «война» в языковой картине мира: Автореф. ... к.филол.н. - Тюмень, 2004. – С. 20.
2. Тілеубердиев Б. Қазақ ономастикасының лингвокогнитивтік аспектілері: Монография. – Алматы: Арыс, 2006. – 280 б.
3. Сапарбекова Г. Шежіреші тілдік тұлғасы: Филол.ғ.к. ... дис.автореф. - Алматы, 2010. – 30 б.
4. Ахмедьяров К.К. Формирование и развитие метаязыка русской лингвистической поэтики: Дисс.... док. филол. наук. -Алматы, 2003. – 250с.
5. Жиренов С. Ғаламның тілдік бейнесі: «өмір-өлім» концептісінің танымдық табиғаты: Филол.ғ.к. ... дис. - Алматы, 2007. – 168 б.
6. Әмірбекова А. Концептілік құрылымдардың поэтикалық мәтіндегі вербалдану ерекшелігі (М.Мақатаев поэзиясы бойынша).- Алматы, 2006. – 122 б.

Резюме

В данной статье рассматриваются особенности применения концепта «война» в поэзии И.Жансугурова.

Summary

In given article is considered particularities using concept «war» in poetries I.ZHANSUGUROVA.

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ АУДАРМАТАНУ ТЕРМИНДЕРІНІҢ ЖАСАЛУ ТӘСІЛДЕРІ

Г.З.Жабағиева -

Абай атындағы ҚазҰПУ

Лексиканың ерекше қабаты ретіндегі терминдер, тіпті тұтас терминжүйе мен терминология лингвистикалық, логикалық тұрғыдан қарастырылған зерттеу еңбектерінің нысанына айналды. Жыл өткен сайын терминологияның теориялық және практикалық аспектілерінің мәселелеріне қызығушылық артып келеді. Бұл қазіргі тіл біліміндегі терминологияның маңызы мен мәнінің артуына байланысты.

Кейінгі жылдары қоғамда аударма үлкен сұранысқа ие, сондықтан аударматану терминологиясы лексиканың ерекше, сондай-ақ аз зерттелген саласының бірі болып отыр.

Аталмыш мақаланың мақсаты аударматану терминологиясы, яғни оның аса маңызды да қызықты аспектісі – қазақ тіліндегі аударматану терминдерінің жасалу тәсілдері болып табылады.

Қазақ тіл білімінде терминдердің сөзжасам тәсілдері арқылы жасалатыны айтылып жүр. Бұл мәселе туралы терминолог ғалым Ш.Құрманбайұлының «Терминқор қалыптастыру көздері мен терминжасам тәсілдері» [1] еңбегінде жан жақты баяндалады.

Ш.Құрманбайұлы жоғарыда аталған еңбегінде терминжасамның синтетикалық (морфологиялық), аналитикалық (синтаксистік), терминдену (лексика-семантикалық), калькалау [1, 101, 132, 139, 162] сияқты тәсілдерін атап өтеді.

Ал Ө.Айтбаев тіліміздегі терминжасам мәселелерін топшылай отырып, қазақ тілінің даму жолы терминжасамның төрт тәсілінің қалыптаса бастағанын байкатады дейді. «Біріншіден, ұлттық тіліміздегі қайсыбір сөздердің терминдік мәнге көшуі, яғни мұны мәністік (семантикалық) тәсіл дейміз. Мұны үш түрлі ыңғайда түсіну қажет: 1) әдеби, не жалпы әдеби тіл байырғы сөздерінің терминденуі, 2) диалектілердің терминденуі, 3) бір сала терминдерінің екінші салаға көшуі. Екіншіден, сөзжасам амалдары. Мұның өзін іштей бірнеше жікке бөліп қарауды тілейді. Атап айтқанда, а) морфологиялық немесе синтетикалық (қосымшалар арқылы) тәсілі; б) синтаксистік немесе аналитикалық (сөздерді біріктіру, қосу) тәсілі; в) аббревиациялау (қысқарту) тәсілі. Үшіншіден, калькалау тәсілі» [2,104].

Аталмыш тәсілдердің ішінде біздің қарастыратынымыз – терминжасамның синтетикалық тәсілі. Терминжасамның синтетикалық (морфологиялық) тәсілін сөз жасаудағы ең өнімді тәсілдердің қатарына жатқызамыз. Морфологиялық тәсіл – тілде бұрыннан бар сөзжасамдық үлгілер бойынша жұрнақтардың көмегімен термин жасау тәсілі. Ш.Құрманбайұлы жоғарыда аталған еңбегінде синтетикалық тәсілге төмендегідей анықтама береді: «Қазақ тіліндегі сөзжасамның тәсілдері мен жолдары ішіндегі ең өнімділерінің бірі – қосымшалар арқылы сөз жасау тәсілі деп саналады. Сөзжасамның бұл түрін тіл білімінде синтетикалық тәсіл немесе морфологиялық тәсіл деп атайды» [1,101]. Жалпы қазақ тілі агглютинативті тіл болғандықтан синтетикалық тәсіл туынды сөздерді жасауға көп қатысады. Ш.Құрманбайұлы зат есім жасайтын 194 жұрнақты нақтылаған. Енді осы жұрнақтар мен өзге де жұрнақтардың аударматану терминдерін жасауға қаншалықты қатысқандығын зерттеп көрелік.

-лық/-лік, -дық/-дік, -тық/-тік жұрнақтары аударматану терминдерін жасауда да өнімділік танытады: *әріпшілдік, баламалылық, қостілділік, барабарлық, тілдік делдалдық, машиналық (аударма, авторлық (аударма), морфемалық (аударма), фразалық (аударма), аутентикалық (аударма), канондық (аударма), ақпараттық аударма, тұрмыстық аударма, практикалық (аударма), үйренушілік (аударма), эксперименттік (аударма), эталондық (аударма)* т.б.

-ма/-ме, -ба/-бе, -па/-пе жұрнақтарын терминологтер кейінгі жылдары етістіктен зат есім тудыратын өнімді пайдаланып жүргендігін айтады. Мысалы, *аударма, балама, хабарлама, уәждеме, сипаттама (аударма), ілеспе (аударма), ізбе-із (аударма), жанама (аударма)* т.б.

-у жұрнағын да өнімді деп санауға болады, мәселен, *аудару, (аударманы) рәсімдеу, ықшамдау, (ұғымды) нақтылау* т.б.

-лы/-лі, -ды/-ді, -ты/-ті жұрнақтарын өнімді аударматану жұрнақтарына жатқызуға болады: *абзацты-фразалы (аударма), бағытты (аударма), қостілді (адам), дезиративті (барабар аударма), диахронды (аударма), динамикалы (баламалылық), дәстүрлі (аударма)* т.б.

-шы/-ші жұрнағы арқылы жасалған терминдерге, мәселен: *аудармашы, қабылдаушы (реципиент)* т.б. жатқызамыз.

-сыз/-сіз: *баламасыз (лексика), аудармасыз (семантизация), толымсыз (аударма)* т.б.

-ша/-ше: *жазбаша (аударма), ауызша (аударма)* т.б.

-ған/-ген, -қан/-кен: *авторландырылған (аударма), бейімдендірілген (аударма), куәландырылған (аударма), қайталанған (ақпарат), аударылған (мәтін)* т.б.

-шылық/-шілік (-шы/-ші және -лық/-лік бірігуінен жасалған) зат есімнен зат есім тудыратын құранды жұрнағы аударматану терминдерін тудыруда белсенді рөл атқарады: *аударылушылық, аударылмаушылық, аудармашылық, лингвоелтанушылық (құзірет)* т.б.

-ық/-ік/-к: *жабық (аудитория), тірек (ақпарат)* т.б.

-ғы/-гі, -қы/-кі: *бастапқы (тіл), бастапқы (мәтін)* т.б.

-шыл, -шіл: *әріпшіл (аударма)* т.б.

- лас/-лес, -дас/-дес, -тас/-тес: аралас (аударма) т.б.

Терминжасамның синтетикалық (морфологиялық) тәсілінің аударматану терминдерін жасаудағы рөлі зор. Жоғарыда біздер көрсеткен жұрнақтардың біразы термин жасауда өнімділік танытса, енді біразы өнімділік таныта алмағандығын да байқауға болады. Бұл мәселеге қатысты Ш.Құрманбайұлы: «... жұрнақтың өнімді немесе өнімсіздігі оның тұрақты сипаты деп тануға болмайды. Бір кездері өнімсіз болып келген жұрнақтарды термин шығармашылығында жиі пайдаланып, оның сөзжасам белсенділігін арттыруға болады. Сондықтан өнімсіз деп танылып жүрген кез келген жұрнақтың белгілі бір кезеңдерде өнімді жұрнаққа айналуы әбден мүмкін»[1,119].

Аударматану терминдерін жасауға қатысатын терминжасамның келесі өнімді тәсілдерінің бірі – аналитикалық(синтаксистік) тәсіл. Сөзжасамның аналитикалық тәсілі жөнінде «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» еңбегінде былай делінген: «Аналитикалық тәсіл арқылы сөз жасау – сөзжасамның өте көне тәсілі және ол дүние жүзіндегі түрлі системалы тілдерге кең тараған.

... аналитикалық тәсіл дүние жүзіндегі тілдерге кең тарағынымен, барлық тілде бірдей орын алмайды, ол қытай, япон тілдерінде негізгі тәсілге жатады, сондықтан ол тілдердің лексикасында күрделі сөздер өте көп» [3,89] дей келе, аналитикалық тәсілдің төмендегідей ішкі түрлеріне тоқталады: 1) сөзқосым: біріктіру, кіріктіру тәсілдері; 2) қосарлау; 3) тіркестіру; 4) қысқарту [3,91-92].

Аналитикалық тәсілді құрап жүрген сөзжасам тәсілдері жөнінде де ғалымдар пікірі әр алуан. Дегенмен ғылыми әдебиеттердің басым көпшілігінде жоғарыда аталған тәсілдердің орныға бастағанын айтуымыз керек. Бұл мәселе туралы терминолог ғалым Ш.Құрманбайұлы: «Тіл білімінде бұл мәселе әлі де жан-жақты зерттеліп, ғалымдар бір ортақ пікірге келе жатар» [1,133] дейді. Сонымен қатар, ғалым «Қазақ грамматикасындағы» сөзқосым, қосарлау, тіркестіру, қысқарту тәсілдерін аналитикалық тәсілдің құрамында қарастырып, сала мамандарына ұсынады.

Біз де осы пікірлермен келісе отырып, аналитикалық тәсілдің аударматану терминдерін жасаудағы үлес салмағын анықтап көрелік.

1. «Сөзқосым тәсілі арқылы қазақ тілінде екі я онан да көп түбір сөздер біртұтас дыбыстық құрамға қосылып, бір лексикалық мағына беріп, бір ұғымды білдіріп, бір лексикалық единица жасайды, сондықтан сөздің осылайша жасалуын сөзқосым тәсілі арқылы жасалу деп санаймыз. Сөзқосым тәсілі арқылы жасалған сөздер сөздіктерде дербес сөз деп танылады. Сөзқосым тәсілі де іштей ажыратылады, өйткені осы тәсіл арқылы жасалған сөздер біркелкі емес. Компоненттерінің дыбыстық құрамына қарап, бұл тәсілді екіге бөлуге болады: біріктіру, кіріктіру тәсілдері» [3,91-92].

Сөзқосым тәсілі арқылы жасалған аударматану терминдеріне төмендегі терминдерді жатқызамыз: *дереккөз, лингвокультурема, түпнұсқа, қостілділік, тіларалық, автоаударма, біртілді (аударма), екітілді (аударма), тілішілік (аударма), тіларалық (аударма), біржақты (аударма), екіжақты (аударма) т.б.* Жоғарыдағы терминдер сөзқосымның бірігу тәсілі арқылы жасалған.

2. Терминжасамда кеңінен пайдаланып жүрген тәсілдердің бірі – қосарлау тәсілі. «Қосарлау тәсілі екі сөздің бір-біріне қосарлануы я бір сөздің қайталануы арқылы сөз жасайды, ол тілде көне замандардан келе жатқан тәсілге жатады» [3,92].

Қосарлау тәсілі арқылы жасалған аударматану терминдері: *Мәселен, абзацты-фразалы (аударма), сөзбе-сөз (аударма), жанрлық-стилистикалық (жіктеме), оқып-үйрену (аудармасы), трансформациялық-семантикалық (модель), дәлме-дәл (аударма), субъективті-бейнелі (код), ізбе-із (аударма), ресми-іскери (аударма), қоғамдық-ақпараттық (аударма), ғылыми-техникалық (аударма) т.б.* Жоғарыдағы мысалдардан қосарлау тәсілінің де аударматану терминдерін жасауға қатысқандығын байқауымызға болады.

3. Сөздерді тіркестіру арқылы сөз жасау тәсілі ертеден келе жатқан тәсілдердің бірі. Ш.Құрманбайұлы: «Көп сыңарлы термин атауларды терминтану саласындағы еңбектерде терминологиялық сөз тіркесі деп те атайды» [1,136] дейді.

Тіркесу тәсілі арқылы жасалған аударматану терминдеріне мысал келтірейік: *авторландырылған аударма, бейімдік транскодтау, бейімдендірілген аударма, барабар аударма, мазмұндамалық аударма, антонимдік аударма, бағытты аударма, аутентикалық аударма, баламасыз лексика, т.б.*

Терминдерді сараптау барысында аударматану терминдерінің басым бөлігін тіркескен терминдер құрайтындығын байқауға болады.

4. Аббревиация тәсілі тіл білімінде ертеден келе жатқан тәсілдердің бірі. Дегенмен тілімізде осы тәсіл арқылы жасалған аударматану терминдерін өте сирек кездестіреміз. Мысалы, *БТ – бастапқы тіл, АТ – аударма тілі, БМ – бастапқы мәтін, АМ – аударма мәтіні, ӘАЖЖ – әмбебап аудармашылық жедел жазу, АЖЖ – аудармашылық жедел жазу, аудармашының АРМ-ы – аудармашының автоматтандырылған жұмыс орны, БТ – базалық тіл, АТ – аударма теориясы және т.б.*

Қорыта келгенде, термин, соның ішінде біз қарастырып отырған аударматану терминдері құрамы жағынан түбір сөз де, туынды сөз де, күрделі сөз де, терминологиялық тіркес те болуы мүмкін. Олардың әрқайсысының үлес салмағы әртүрлі.

1. Құрманбайұлы Ш. *Терминқор қалыптастыру көздері мен терминжасам тәсілдері.* - Алматы, 2005. – 240 б.

2. Айтбаев Ө. *Қазақ тіл білімінің мәселелері.* – Алматы, 2007. – 624 б.

3. *Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі.* – Алматы: Ғылым, 1989. – 368 б.

Резюме

В статье рассматриваются способы образования переводческой терминологии в казахском языке.

Summary

The article considered the ways of formation of the translation terminology in Kazakh language.

Т.АХМЕТЖАН ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫСЫ

Ж.О.Мазмбаева -

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің
оқытушысы*

Тілімізде көңілге қонымды, көркем сан алуан тұрақты сөз тіркестері кездесетіні белгілі. Өзінің көнелену жағынан да, мағына тұрақтылығы жағынан да, стиль жағынан да оларға тән ерекшеліктер бар (1,232). Т.Ахметжан көркемсөз үлгілерінің ішінде тұрақты тіркестерді сол қалпында да, оны жаңартып, соны қырымен де ұтымды пайдаланды. Автор шығармаларынан қазақ тіліндегі тұрақты тіркестердің қалыптасқан түрлері мен өзіндік авторлық қолтаңбасын білдіретін фразеологизмдерді көптеп кездестіруге болады. Ғалым М.Серғалиевтің «Тұрақты тіркестер – әдеби тілдің ілгері даму барысында қалам қайраткерлерінің әрекеті арқылы жанданған әсем кестелер. Олар – сөз зергерлерінің ой-түйінін ықшамдап аңғартатын жинақтылықтың үлгісін көрсететін көркемдік құралы. Тұрақты тіркестерді қай жазушы болса да өз шығармасында қажетіне қарай қолданады», – деген пікірі өте орынды-ақ (2,264). Т.Ахметжан да тұрақты тіркестерді ұқыптылықпен, соны бір шеберлікпен пайдаланған. Мысалы, «Ор көрген аттай кілт тоқтады» (3,7), «Қабактары сынық» (3,7), «Үмітін үзгісі келмейді» (3,11), т.б.

«Көркем әдебиетте фразеологизмдер үнемі тек дайын қалпында алынбай, әртүрлі жолмен жұмсалып пайдаланатыны белгілі. Соның бірі – жалпыхалықтық форманы өңдеп, өзгертіп қолдануы. Фразеологизмдерді бұлай қолдануда арнайы мақсат болатыны өзінен-өзі түсінікті. Осындай жолдармен әр ақын, жазушы тұрақты сөз тіркестерінің жаңа үлгісін жасап, фразеологиялық қорды байытуға өздерінің үлесін қосады» (4,56 б.). Жазушы халық тіліндегі тұрақты тіркес қорынан ең қажеттісін таңдай отырып, оларды түрлендіреді, оларға қосымша мағына үстейді, өзінің мазмұндап отырған оқиғасына байланысты тұрақты тіркестердің ойға

сай болуын ажарлайды да, атқаратын қызметін түрлендіре түседі, бірақ тіл заңдылықтарын еш уақытта ұмытпайды.

Ғалым К.Аханов: «Тілде синонимдердің мол болуы сол тілдің сөздік құрамының бай, әр тарапты екендігін көрсетеді... Синонимдердің молдығы – тілдің байлығын, дамыған тіл екендігін аңғартатын көрсеткіштің бірі. Синоним сөздерді жете білудің үлкен мәні бар. Лексиконы синонимдерге бай адам сөз мағыналарының арасындағы нәзік айырмашылықтарды дөп басып айтуға шебер келеді. Өзара мәндес сөздердің мағыналық нәзік айырмашылықтарын жете білген адам синоним сөздердің сыңарларының айтылатын ойға дәлме-дәл келетіні тауып қолданады да, оның жазғаны немесе сөйлеген сөзі нысанаға дәл тиіп жатады, әрі келісті, әрі мәнерлі болып шығады», – дейді (5,173). Қазақ тіліндегі синонимдер тұрақты тіркес түрінде де молынан кездесетіні белгілі. Тұрақты тіркестердегі синонимия құбылысы отандық ғалымдар Ә.Болғанбайұлы, Ғ.Қалиұлы, Ғ.Смағұловалардың еңбектерінде жан-жақты зерттеліп, дәйекті тұжырымдармен анықталған. «Фразеологиялық синонимдер көркем образ жасауда жиі қолданылады. Сондықтан бұлар тілдегі кез келген стильде талғаусыз қолданыла бермейді. Бұлардың өздеріне лайықты орын тепкен мекені – көркем әдебиет... Тілдегі лексикалық синонимдер мен фразеологиялық синонимдер екеуі де екі түрлі аталғанымен, түптеп келгенде, бір мақсатқа қызмет етеді. Ол мақсат – ойлаған ойды жеткізе, жан-жақты баяндау болып табылады. Сондықтан бұл екеуі үнемі бірлікте өзара тығыз қарым-қатынаста, тұтас бір бүтін нәрсенің екі жағы деп қаралуға тиіс» (6,208-212). Т.Ахметжан жалпы қолданыстағы тұрақты тіркестерді кеңінен пайдаланып, өзіндік стиліне сай, әртүрлі тәсілдер арқылы көрсеткен. Ғалым Х.Қожахметова фразеологиялық синонимдер көркем шығармада түрленіп берілетіндігін атап, синонимдердің стильдік сипаты әр қаламгердің қолдану тәсіліне қарай әртүрлі болатынын айтады. (7,70). Мысалы, «Қаны басына шапшыған» (3,10), «Қанын қарайтты» (3,33), «Зығырданын қайнатқысы келгендей» (3,36) сияқты тұрақты тіркестердің бәрі бірдей ашулану мәнін білдіргенімен, контексте бірінің орнына бірін алмастыруға келмейді. Себебі, аталмыш тілдік бірліктер суреттеліп отырған құбылысқа байланысты өз орнында жұмсалған. Шығармадағы тілдік тұлғаның бейнесін ашуда экспрессивті-эмоционалдық мән үстеп тұр. Жазушы шығармаларында кездесетін аталмыш фразеологиялық единицалардың варианты мен синонимі мәселесі туралы да айта кеткен орынды. Белгілі бір фразеологиялық синонимдер деген мәселе вариант ұғымынан ерекшеленеді. Варианттарда ең кемі бір компонент ортақтаса қолданылса, синонимдес фразеологизмдерде ешбір компонент қайталана алмайды. Фразеологиялық синонимдердің мағыналық жуықтығы болғанымен, тұрпат жуықтығы болмайды (1,232). Жоғарыда аталған *қанын қарайту* мен *зығырданын қайнату* тіркестерінде бірде-бір ортақ сыңар жоқ. Яғни фразеологиялық синонимдерге жатады. Ал *қаны басына шапшу* мен *қанын қарайту* тіркестеріндегі *қаны* компоненті ортақтаса қолданылып келіп, фразеологиялық единицалардың лексикалық вариантын көрсетеді. Сонымен қатар жазушы жалпы қолданыстағы *тепсіне айқайлады* (3,11) деген тіркесті оқырманға түрліше жеткізеді. Мысалы, «Көккөз маршалдың аузынан көбік шашырады» (8,30), «аузы көпіршіктеніп ашуға басты» (3,22) деген сөйлемдердегі тұрақты тіркестер айқайлау ұғымын білдіріп қана қоймай, тілдік тұлғаның бар болмысынан хабар беріп тұр. Осындай мағыналық формасын сақтай отырып берілген тіркестерге «Сең соққан балықтай есеңгіреп» (3,19), «Дел-сал боп отырып қалған» (3,32) сияқты фразеологиялық тіркестерді жатқызуға болады.

Т.Ахметжан кейде орынды жерінде тұрақты тіркестер компоненттері арасына басқа сөз кірістіріп, оның стильдік бояуын көркемдей түседі. Мысалы, «Көрпені ашқан кезде көңілін үрей сияқты беймәлім сезім билеген» (8, 92) деген сөйлемдегі үрей билеу компоненттерінің жігі айрылып, *сияқты беймәлім сезім* деген сөздер қорқу мәніндегі тұрақты тіркестің арасына еніп, алғашқы мәнін пысықтап тұр. Және тек пысықтап қана қоймай үрей сөзінің мағынасын ашып көрсетеді. Сонымен қатар «Жүрегі атқақтап аузына тығылып жатыр» (8,92), «Шалдың жүрегі өрекіп аузына тығылды» (3,106) сияқты сөйлемдердегі фразеологиялық тіркестерді қарастыруға болады. Мұндағы *жүрегі аузына тығылу* формасындағы қуаныш мәнін білдіретін фразеологизм жазушы қаламынан шыққанда

компоненттерінің арасына көсемше түріндегі етістік кіріп (1.атқақтап; 2.өрекіп), мағынасы кеңейтіліп жұмсалған. «Қаны басына бір-ақ шапшыды» (8,37) деген сөйлемдегі *қаны басына шапшу* тіркесінің арасына *бір-ақ* сөзі еніп, автордың стилін айшықтап тұр.

Жазушы шығармаларында авторлық тұрақты тіркестер молынан ұшырасады. Бұл жазушы қаламының өзіндік ерекшелігін танытады. Зерттеуші Л.Еспекова «Тілдегі дағдылы қолданыстан тек құбылысты және көркем шығармадағы қолданысына қатысты авторлық шығармашылық, стиль табиғатын танытатын ерекше мәнді бір заңдылық бар. Ол – окказионализм құбылысы. Окказионализмдер дегеніміз – белгілі бір қаламгерге тән, тосыннан пайда болатын, тілдің сөз тудыру тәсілдеріне сәйкес те, сәйкессіз де жасалатын, контекст қалауына қарай қызмет атқаратын, әдеби тілімізге, сөздіктерге кіру қабілеті шектеулі, үнемі жаңашылдығымен, экспрессивтілігімен ерекшеленетін бір қолданар сөздер», – дейді. (9,10) Окказионализмдер белгілі бір шығармада пайдаланылып, контекст арқылы анықталатын, әдеби тілімізге кіру қабілеті шектеулі сөздер немесе Р.Сыздық, т.б. қазақ ғалымдарының айтуы бойынша тосын сөздер, бір қолданар сөздер. Т.Ахметжан шығармаларының көзге түсер ерекшеліктерінің бірі – окказионал фразеологизмдердің қолданылуы. «Жатса да, тұрса да «не күнәміз бар еді?» деген *күпті ой миын кеміріп*, іштей Құдайға жалбарынумен болды» (3,10). Автор адам баласының бір ойға қатты беріліп, іштей мүжілген сәтін өзіне тән стильдік шеберлікпен көркем көрсете алған.

«Фразеологизмдер өз мағынасында қолданыла келе, өзін көмкеріп тұрған әрқилы субъективтік, ситуативтік қоршауында мағына-мазмұны жағынан жетіле, шыңдала түседі. Фразеологизмдерді осылайша орнын тауып, қолдану үлкен суреткердің ғана қолынан келеді. Фольклор мен қазіргі бай, көп жанрлы көркем әдебиеттің фразеологизмдерді кәдеге жаратудағы кереғар айырмасы да осы кең тынысты творчестволық қолданысқа байланысты. Сөз айшықтарын, соның ішінде фразеологизмдерді өз орайы, өз қыбын тауып, ақтан тигізе сөйлеуде үлкен мән жатыр. Ауыз әдебиеті, көбіне өлең, жыр түрінде келіп, тиянақты сөз тіркестері қыспақта қалады, шектеулі бір қоршауда ғана жұмсалады немесе ауызекі тілдің ықшам сөйлемдерімен тұйықталып қалады. Осы алуан түрлі тіркестер суреткердің қаламына іліккенде кең өріс алып, стиль жағынан ширатыла түседі» (1, 237).

«Қазақ тілінің фразеологиялық жүйесіне енетін тұрақты бірліктер тек санының молдығымен ғана емес, алуан түрлі сипатымен де ерекшеленіп тұрады. Олай болатыны фразеологиялық бірліктердің бір алуаны фольклорлық мұралармен, екінші бір тобы діни ұғымдармен, ал үшінші бір түрі байырғы ауызша әдеби тіл үлгілерімен, төртіншісі жазба тіл үлгілерімен ұштасып жатады» (10,141). Т.Ахметжан шығармаларынан алуан түрлі аталмыш тұрақты бірліктер молынан ұшырасады:

«Қолтығынан демеген періште» (3,6), «Ажал тырнағынан арашалап қалу» (3,7), «Шыбын жаны шырқырап кетеді» (3,33) – діни ұғымдар;

«Жынын алған бақсыдай» (3,24), «Құлақ кесті құлына айналғансыңдар» (26), «Кәдімгі құлақ кесті құлы сияқты» (3,44), «Түтеткен түтініне ие болыңдар» (3,128), «Шаңырағын шайқалтпаңдар» (3,128) – фольклорлық мұра;

«Мен не деймін, домбырам не дейді» (3,46) – ауызша әдеби тіл үлгілері;

Тұрақты тіркес құруда адамның дене мүшелері атауы қолданылып, бірақ сол дене мүшелерінің тіркестердің мағынасын беруге ешқандай қатысы жоқтығын тілімізде кездесетін тұрақты тіркестерден көруге болады. Мысалы, «Істеген иттіктерін *беттеріне басумен* болды» (8,26), «...молдекеңнің *көзі тұнып* кеткен» (8,27), «...*көзі шырадай жанды*» (8,29), «Қалай менің *миыма келмеген?!*» (8,29), «...*көздері жеткен* екі еркек ырғала басып қайыққа түсті» (8,28), «әззілмен *ауыз жаласқан* пенделер періштенің үнін еститіндей дәрежеде емес еді» (8,28), «Құлақ *кесті құлына* айналғансыңдар» (8, 26), «...*көз жасына тұнықты*» (8,31), «...*аузынан көбік шашырады*» (8,30), «...*екі езуі екі құлағында*» (8,32), «...*жағы талмастан* сөйлеп жатты» (8,33), «...*шыбын жаны шырқырап*» (8,33), «...*көңілі көншімепті*» (8,33), «...*қаны басына шапшыды*» (8,37), «Жүрек *қылын қозғайтын...*» (8,41), «...*даусым жер жарып*» (8,51), т.б.

Жазушы тіліміздегі тұрақты тіркестерді жаңғыртып, өндеп құбылтып, көркемдеп, тыңнан сөз тіркестерін жасап қолдану арқылы олардың мәтіндегі мағынасына экспрессивті-эмоционалды түр беріп, стильдік қызметін күшейтіп, мағынасын кеңейткен. Бұндай тіркестер әдеби тілімізге төл мұрасы ретінде еніп, сөздік қорымызды байытары сөзсіз.

1. Кеңесбаев І. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2008.
2. Серғалиев М. Көркем әдебиет тілі. – Астана, 2006.
3. Ахметжан Т. Шығармалар жинағы. – Алматы: «Жалын» баспасы, 2006.
4. Хасанова С. Ыбырай Алтынсарин шығармаларының тілі. – Алматы, 1972.
5. Аханов К. Тіл біліміне кіріспе. – Алматы, 2002. – 664 б.
6. Болғанбайұлы Ә., Қалиұлы Ғ. Қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы, 1997.
7. Қожахметова Х. Фразеологизмдердің көркем әдебиетте қолданылуы. – Алматы.
8. Ахметжан Т. Мұң. – Алматы, 2003, – 236 б.
9. Еспекова Л. Қадыр Мырзалиев поэзиясындағы окказионализмдер. Фил. ғыл. канд.авторефераты. – Алматы, 1998.
10. Оразалиева Э. Когнитивтік лингвистика: қалыптасуы мен дамуы. – Алматы: «Ан Арыс» баспасы, 2006. – 312 б.

Резюме

В данной статье рассматривается применение фразеологизмов в произведениях Т.Ахметжана.

Summary

This article discusses the use of idioms by T. Akhmetzhan

БАҒДАР, АМБИСЕМИЯ, ЛЕКСИКАЛЫҚ РЕГИСТРДІҢ АЛМАСУЫ АРҚЫЛЫ ҚАЙШЫЛЫҚТЫҢ ТУЫНДАУЫ

А.Е.Жүсіпов -

Рудный индустриалдық институты

Психологиялық сөздікте: «Тұлға дамуын өзіндік бағалау күрделі жүйе құрайды, тұлға өзіндік қатынасын сипаттауды және жалпы өзіндік бағалауды енгізуші, өзіндік сыйлау деңгейін көрсетуші, өзін толықтай қабылдау не қабылдамау, және те жекелеген қызмет түрінің жетістігін, өз тұлғасының жеке жақтары, ұстанымына деген қатынасын сипаттаушы парциалдық, жеке өзіндік бағалауды анықтайды» делінген[1;76].

Санфорд пен Донаван Ч.Фолкэнның тұжырымын қолдап бағалау – ата-ана жағынан келген дейді, «ата-анаң саған ескерту айтты, жамансың деді, құрбыларың сенің бурыл шашыңа, мұрныңа, математикадағы жеңілістеріңді күлкі етті... Жеке дара тұрып төмен өзіндік баға алу мүмкін емес, және те оны жалғыздықта жеңу де мүмкін емес...», дейді Санфорд [2;246].

Р.Бернс те осы тұжырымға ұқсас пікір білдірген: «Әлеуметтік айна ретінде қабылданатын ата-ана балаларына деген махаббат, сенім және сыйластық танытса, бала да осы қасиеттерге тән адам ретінде өзін қабылдай бастайды»[2;246]. Отбасылық жағдаят типін айқындап бала бойында жағымды МЕН-концепциясын қалыптастырған алғашқы адам Скотт [2;256]. 1800 жасөспірімді зерттеп анықтағаны – ата-ана мен балалар арасында сенімділік және бір-біріне деген сыйластық қалыптасқан отбасынан шыққан өмірге бейім, тәуелсіз, өзіндік бағасы жоғары. Ұрыс-керіске толық отбасынан шыққан баланың өмірге деген бейімділігі төмен.

В.Квинн осы сұрақ төңірегінде мынадай ой қозғайды: «Өзіндік бағасы төмен балалар өзіне сенімсіз, өзіндік абыройының дамуы шамалы. Басқа балалармен қатынасқа түсу мүмкіндіктері қиын, ал басқалары оларды да қабылдай қоймайды. Нәтижесінде «МЕН» - концепциясы жағымсыз болса ұстанымдық тығырық пайда болады, сондықтан құрдас, мұғалім, жетекші және басқа да топ басшылары оларға нашар қарайды. Ал бұл өз кезегінде

балардың өзіне деген сенімін одан сайын төмендетеді. «МЕН» - концепциясында бірінші сыныпта пайда болған ақау баланың бар өміріне кері әсер еткен жағдайлар көптеп кездеседі» деп өтен болатын[2;276].

Осылайша, балалардың өзіндік бағалауы жоғары болуы берік және тату отбасында қалыптасады. «Анасының әкесіне деген қатынасының мән өте зор. Бала ата-анасын әркез табыс иегері деп таниды. Ол өзінің алдындағы көзқарасқа талпынады, себебі өз күшіне әркез сенеді. Қауіп-қатер мен таукіметтен алшақ, қоршаған орта мен өзін жақсы және шынайы қабылдайды»[2;306].

Өзіндік бағасы жоғары балалардың басты ерекшелігі – ішкі проблемалары оларды еш мазаламайды» [2;326].

«Жоғары өзіндік бағалау, - дейді Р.Бернс [3;146], - әлеуметтік байланыс техникасын өте жоғары деңгейде игеруді қамтамасыз етеді, еш күш жұмсамай-ақ өз құндылығын әркез көрсете алады. Бала отбасында ынтымақтастыққа деген ынтасын алған, әркез махаббат, күтім және назарда болатындығына сенімді. Осының бәрі оның әлеуметтік дамуына тұрақты негіз болады». Авторлардың баланың өзіндік бағалауының қалыптасуы туралы көзқарастары ортақ екенін көріп отырмыз, ол өз кезегінде баланың алдағы өмірінің бастамасы болып қатыптасады.

Жағымды өзіндік бағалау қалыптасу үшін үш шартты орындау қажет: ата-ананың өз баласын іштеу толықтай қабылдауы; ашық және бірізді талаптар; белгіленген шетктеу шеңберіндегі жеке бастың жекешелігін сыйлау. Ч.Фолкэнның мынадай пікірі бар [2;256], адам өзінің сүйікті ісімен шұғылданса, уақыт өте келе ол мақтана да масаттана алатын тәжірибе мен шеберлікке қол жеткізеді. Қарапайым өзіндік бағалауды қалыптастырушы шарттың бірі осы. Әр адам өзіне мінсіз «МЕН» бейнесін құрайды. Ол ата-ана, құрдас, мұғалі және абыройлы адамдар алдында құнды сапалармен толықтырылады. Ол қоршаған ортаға орай өзгеріп отыруы мүмкін. Шынайы сапалары мінсіз не болмаса соған жақын болса, онда ол адамның өзіндік бағалауы жоғары деген сөз.

Өзіңе деген объективтік көзқарас қалыпты өзіндік бағалаудың негізі болмақ. Ойымызды қорытындылай келе мынадай тұжырым жасай аламыз: өзіндік бағалау – өзіндіктаным компоненті, табиғаты рефлексивтік, «Мен - шынайы», «МЕН – мінсіз» бейнесі іспетті элементтері бар, осы бейнелерді салыстыру нәтижесі және салыстыру нәтижесіне деген өзіндікқатынас. Өзіндік бағалау өзіндіксананың рефлексивтік компоненті, ол реттеуіш қызметті орындайды; өзінің шынайы және мінсіз «МЕНІН» салыстыру нәтижесіне деген тұлғаның қатынасы.

Тұлғаның көпжақты, көпқырлы болуы, МЕН бейненің түрлі болуына біршама ғалым тоқталып өткен. Бұл мәселені өте өзекті де көкейкесті деп санаған, МЕН-бейнеден тұратын МЕН туралы көп пікір бар. Нақтылау үдерісі кезінде біз өзімізге қандай да бір МЕН-бейнесін теліміз. Қазіргі заманда МЕН құрылымы өте күрделіленіп отыр, ол бұрын осынша күрделі болды дей алмаймыз. Адамдық МЕН көптеген МЕН-бейнеден тұрады, да, күрделі адами тұлғаны құрады. Менді ұйымдастыру белсенді қызмен құрылымы болмақ [4;956]. Осы көзқарасты Н.Артамонова, Н.Щедрина, Т.Ойзерман, Дж.Лифтон сияқты ғалымдар да ұстанды.

Бұл әдіснаманың тамыры тереңде жатыр. «Адам біріншіден, бабаларынан тәлім-тәрбие алған болса, екіншіден, өзін тәрбиелеген кезде қол жеткізгені, - яғни «жалпы өзі» [5;606]. Осы тұрғыда адамның өзін-өзі ақтап алуы бірінші кезекке шығады. Осы әдіснаманы басшылыққа алып классикалық психологиялық философиялық еңбекті жазушы, публицист түсініктер арқылы түсініктеме береді: мақалада өзінің *(қыздың –А.Ж.)* алдындағы күнәсі туралы сөз қозғалған. ... Қыз өзіне басқа көзбен қараса ғой: мүмкін ішінде бір жылулық пайда болар, мүмкін өзгерер?» [6;276].

Ішкі қайшылықтың жалпы, заңды сипатына да осы еңбекте тоқталады. Арнайы зерттеулер жүргізе келіп ғалым «бөлінудің» негізгі бес аспектісін анықтап берген: оның жалпылығы, яғни тұрақтылығы; градуалдылығы; түрлі «МЕН» арасындағы дау; құрамы нақтылына отырып шеткі қасиеттердің өзараенуі; шешім, қимыл, және сөйлесім кезіндегі шеттің түрліше көрінуі.

Адамның бәрі де қарама-қайшы, алайда қайшылығы - әр дәрежеде. Өзекті болып отырғаны қайшылық жағы даму шегінің айырмашығында: көріну формасы, өзара қатынасы....

Кез келген адам қандай да болмасын деңгейде іштей қайшылықта болады, тіпті қосбет (двуликий) Янус десек те болар... Өзінің бойында басқа бір «мені» болады. Адам бойында әркез екі адам болады: діндар және дінқос, сыртқ көзге көрінетін қабаты және шынайы қыры. Осы екі қыры әр кез бір-бірін жеңіп отырады. Бүгін шыңға мына «МЕН» шықса, екінші жолы ол жерді басқа «МЕН» басып алады....

Тіпті адам көпқырлы, көпжақты десек те болады. Оның бойында бірнеше тұлға «бұғып» өмір сүре береді.

Қандай да бір құндылықты: жақсылық пен зұлымдық таңдау кезінде адам ішкі конфликтіге жол береді. Яғни таңдау үстінде болады. Өз-өзімен күреседі, ішкі дауға бой алдырады. Әр адам қандай да болмасын дәрежеде (деңгейі әрине әр адамда әр қилы) өмір бойы өзімен арпалысып күн кешеді.

Адамның ішкі бөлінуі шеткі шешімдер мен әрекеттерге даярлығы және мүмкіндігінен көрінеді. Тұлға санасың бөлінуі, оның адамгершілік психологиялық қайшылығы адам мәні мен нақты болмыстың қайшылығын көрсетеді.

«Адамның қайшы әрекеті мен сезімдері, оның шеткі қасиеттері іштей өзарабайланысты, өзараәрекетті, өзараенгіш және қандай да бір жағдайда бір-біріне өтеді деуге болады» [7;27-446].

Тілдік тұлғаның психолінгвистикалық бастамасын И.Бодуэн де Куртенэ жасаған, оның пікірінше, тілдік тұлға ұжымның әлеуметтік – тілдік формасы мен нормасын, әлеуметтік топтың тілдік дүниетанымын бейнелеп көрсетеді. Психолінгвистика осы бастаманы басшылыққа ала отырып, қазіргі кезде тар ауқымдағы тілдік әрекеттерді жан-жақты зерттеу үстінде.

Тілдік тұлға өз алдына жеке бір әлем ретінде макро жүйедегі тіл ерекшеліктерін танытады және құрылым түзеді. Ислам А. «Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті» еңбегінде тілдік тұлға құрылымын сатылы жүйе бойынан таниды. Тілдік тұлға құрылымын сатылы: философиялық, яғни тіл, интеллект және қоршаған орта, психологиялық, семантикалық, танымдық және прагматикалық деңгейлерден тұратын құрылымдық жүйе ретінде сипаттауға болады. Осылардың ішінде танымдық деңгейде белгілі бір этномәдени ұжымның яғни ұлттың дүниетанымдық білімі мен ұғымы көрініс құрайды [8;116]. Ислам А. өз пікірінде Ю.Карауловтың тілдік тұлғаның деңгейлік үлгісіне сүйенгенін байқаймыз. Тілдік тұлға табиғаты күрделілік туғызғандықтан оның тілдегі ерекшелігі де күрделілік, сондықтан тілдік тұлғаның ішкі, сыртқы бейнесінің, яғни қарапайым тіл қолданысы мен айтар ойының дәнінің мазмұнын талдау бір күндік іс емес. Сол себепті Ф.Қожахметова «Т.Ізтілеуовтың тілдік тұлғасының дискурстық сипаты» зерттеуінде былай дейді: «Тұлға – тарих, әлеуметтану, әдебиеттану ғылымдарымен қатар әлеуметтік-лингвистикалық және психолінгвистикалық категория» [9;206]. Шын мәніндегі, тілдік тұлға құрылымы – кешенді құбылыс. Тілдік тұлға мазмұнына В.Маслованың көрсетуінше (1) құндылық, дүниетанымдық, тәрбие мазмұны компоненті, яғни құндылықтар жүйесі және өмірдің мәндері; (2) мәдениеттану компоненті, яғни тілге деген қызығушылықтың тиімді құралы ретінде мәдениетті игеру деңгейі; (3) жеке тұлғалық компонент, яғни, әр адамда бар терең жекелік қасиет сияқты компоненттер енеді [10;1186]. Осы ерекшеліктерге байланысты тілдік тұлға мәселесі әртүрлі бағытта зерттеу бастамаларын алған, комплексті (көп адамдық) және идиолекті (бір адамдық), шығармашыл тұлға [Ерофеева, 1990; Иванцова, 2002; Лютикова, 2000; В.Нерозняк], теориялық әдіснамалық [Богин, 1984; Караулов, 1987; Иванцова, 2002;], психолінгвистикалық [Пушкин, 1992; Дымарский, 1995;]; әлеуметтік лингвистикалық [Крысин, 1994; Алефиренко, 1993;]; лингвистикалық когнитивтік [Богомолов, 2005; Катышев, Паули, 2006; Осипова, 2005; Ясинская, 2004]; лексикографикалық [Иванцова, 2005; Лютикова, 2000; Тимофеев, 1971;]; жеке әрі әлеуметтік, психологиялық әрі әлеуметтік көрінісі [Захарова, 1967; Иванцова, 2002; Седов, 1994; Сулименко, 1994; Соколова, 1994]; тілдік тұлғаны психопэтикалық тұрғыда [Богомолов, 2005;]; ұлттық-мәдени және әлеуметтік мәдени [Прохоров, 1999]; салыстырмалы-салғастырмалы [Заболотнева, 1999]; аксиологиялық аспектіде [Катышев, 2005], этносемантикалық тұлға [Воркачев, 2007], элитарлық тілдік тұлға [Сиротинина, Кочеткова, 2005], семиологиялық тұлға [Баранов, 1993], орыс тілдік тұлғасы [Караулов, 2002] тілдік және сөйлеу тұлғасы [Прохоров, 2006] [Клобукова] батыс және шығыс мәдениетінің тілдік тұлғасы [Снитко, 1999], сөздік тілдік тұлғасы [Карасик,

2002], эмоционалдық тілдік тұлға [Шаховский, 1995] және амбиваленттік тілдік тұлға [Котова, 2008], және т.т. [10;1206].

Ю.Караулов тілдік тұлға құрылымын (дискурсты) үш деңгейде қарастыруды ұсынады: (а) вербальдық семантикалық (лексикон); (ә) когнитивтік (тезаурус); (б) уәждік прагматикалық (прагматикон) [11;48-616].

«Бірде мен: -Жауларымның қанша екендігін білсең ғой! Иә, бәрі, бәрі! Оңбағандарда сан жетпес!..//- Қалай ғана ұятың барады?! – деді ол тітіркене, жиіркене. – Сен расында сондай зұлым, қатігездің бе? Мен сені түсініп бола алмадым. Бойың тұнып тұрған қайшылық!»(А.Х.).

Көрсетілген әдіснамалық жалпылаудан тұлғаның кейбірі неге бөлінуге бейім, ал кейбірі берік деген сауал туындайды. Е.Труфанова, Э.Акопов, В.Мухина, Т.Ойзерман секілді ғалымдардың тұжырымдарынан тұлғаның бөлінуге бейімділігі жалпы жағдай екендігін көреміз. Дегенмен тілдік, сөйлесімдік көзқарассыз қайшылықты айыру қиын, тіпті мүмкін емес деуге болады. Қарама-қайшы тілдік тұлғаны сараптау кезінде лексика және грамматикадағы ішкі және сыртқы жүйені салыстыра отырып талдау қажет. Ол кезде басшылыққа алынатыны: «тілдік жүйенің бар жүйелерін бір қатарға топтастырудан бас тартып, қиылысуынан толыққанды құрылым пайда болатын осы жүйенің негізгі құрылымдық жазықтығын нақтылау, содан соң әр жазықтық шеңберінде тілдік фактордың соған сай жүйесінің құрылымын анықтау керек» [12;1126]. Қарама-қайшы тілдік тұлғаны сараптау кезінде эмпирикалық материал ретінде тілдік тұлғаның жиырмадан астам тобы сараланды, себебі әлеуметтік мәдени лингвистика тұрғысынан объективтік статустық қасиетіне – жасы, жынысы, білім деңгейі, өмір сүру қалпы және т.т. қарай тілдік тұлға типтерін бөліп алуға болады.

Қарама-қайшы тілдік тұлғаның көрінісі лексикалық контраспен - әлеуметтік тұрғыдан түрліше бөлінген, алайда басқа да қасиеті жағынан ұқсас тұлғаның түрлі жағдайда әрқилы тілдік құралды қолдануымен байланысты. Мәселен, сөйлесу мәнерінде түрлі тілдік құралды қолдану жағынан айырмашылығы бар: «Ол (оставкадағы милиция полковнигі Сабыр Өтегенұлы Бердімұратов) өте мейірімді, ал ой-өрісі, түсінігі мен әдегі адамды қайран қалдыратын. Мәселен, өзімен атағы мен даңқы деңгейлес, дәулетсіздеу адаммен теңіндей сөйлесе алмайтын. Олармен сөйлескен кездің өзінде сөздерді толық айтпай, сөз соңын «шайнап», түсініксіз, мұрын астынан міңгірлеп сөйлейтін: «Рахмет, Сәкен Әлімұлы», немесе «Шәріп Қасымұлы бері келіңіз», не қазақы «Сәке, Шәкенің» орнына «Рахм., Сәк... Әлімұлы», «Шәр... Қасым... бер гелің...». Тұрмысы да жұмысы да төмендермен тіпті «қызық» сөйлеседі: ... өз тілегін білдірер не бұйрық берер алдында қайта-қайта «Әй, әлгі, атың кім еді..., атың кім дедің?...» деп, әсіресе «атың» сөзін қатты баса айтқаны тіпті құлаққа жағымсыз естілетін.

... Карта ойнағанды, әсіресе өзінен атақ-даңқы төмендермен, қатты сүйеді. «Сәке, Сәкенің» астына алып құрметтегенге мәз болып, айызы қанғанша ақыл айтып, жөн сілтеп «әлек». Облыс басшыларымен бір «ойынға» түскендегі *Сәкең бойындағы тамаша өзгеріске* адам таң қалады деуің бері жағы ғана: басын қайта-қайта шұғып, «басшылардан» көзін алмай, мәймөңкелеп, томпаңдай қалады дерсің... (М.М.).

Жоғарыдағы қарама-қайшы тілдік тұлға бойына енетіндер: контрастыны айқын көрсетіп беруші, айрықша интонацияның сипаттамасы «тамаша өзгеріс»; сөйлеушінің көзқарасына орай адесаттың әлеуметтік деңгейі төмендігінен хабар беретін лексеманың бірнеше түрі «Рахм..., Сәк... Әлімұлы», «Шәр... Қасым... бергелің...» онимдері.

Онимдердің қатынасы лексикалық контрастпен де топтасуы мүмкін. Қарама-қайшы тілдік тұлғаның оним бойынша дестеленуі әдетте тұлғаның әр қырына сәйкес келеді де, шығу тегі (біздің жағдайда – аты) мен псевдоним (лақап аты) бөлінеді. Орындаушы мен орындалатын персонаж онимдерінің қарама-қайшылығы сәйкес келетін жайды алып көрелік: «Үш апалы-сіңлі арасындағы жаңа есім – Виктория Романенко (Ирина). Жас максималист желкесіне қатты тартып өрген бұрымды қырсық қыз тамықтан «сүрінбей» өтеді әрі өз сыбағасын тез арада алады. *Машаның рөлі жараса кетер Шолпан Хаматова – сіңлісінің бейнесінен сол бойы шыға алмай қалды.* Актриса тәжірибе жүргізіп жатқан секілді – Иринаның тағдырын көз алдымызға айқын елестете алды. Қараңыздар, иә - бұл дәл сол Иринаның нақ өзі, өз баронынан (сүйіктісінен) айырылған, не махаббат лаззатын таппаған, не қуанышқа кенелмеген, күйбең тіршілік кешкен, жаңа мундирді көріп аздап өмірінде белең пайда бола бастаған пақыр. *Маша-Ирина-Шолпан* әрине Вершининге ғашық емес – ол

жолшыбай тауып алған «әлегі», өзіне ғана таныс бір бейнені елес етіп алған. ... Ольга роліне қайтадан келген және кезінде Машаны сомдап та үлгерген Ольга Дроздова да бойына апасіңлі бейнесін жиғандай. Маша әлжуаздау, Ольга сезім мен сұлулыққа толы. ... Ольга Дроздовада қайғы да мол, ақыл да мол, мансап та мол. Натшаның қарабайыр түсінігіндегідей Ольга «бастықсымақ» емес, көйлекке жараспас жасыл белбеуден – адамзаттық сатқындыққа дейінгі кез-келген өтірікке, жалғанға бой алдырмайтын қарапайым ғана әйел» [13;276].

Аталған үш қасиет, лексикалық семантикалық жүйемен байланыста болады, олардың қолдауында болады және белсендене түседі. Сондықтан қарама-қайшылықты лексикалық жүйеліліктің үш бағыты: *бағдар, амбисемия, лексикалық регистрдің ауысуы* ашып береді.

1. Кон И., *В поисках себя: личность и ее самосознание* /И. Кон. - М.: Краткий психоло-гический словарь //Ред. А.Петровского, М. Ярошевского. М.: Политиздат, 1984. - 335 с.
2. Леонтьев А. *Деятельность. Сознание. Личность* /А. Н. Леонтьев. - М.: Политиздат, 1975. - 304 с.
3. Бернс Р. *Развитие Я - концепции и воспитание*. - М.: Прогресс, 1986, 422с.
4. Труфанова Е. *Идентичность и Я* //Вопросы философии. - 2008. - № 6.
5. Ухтомский А. *При свете внутренней совести*. - М.: Прогресс, 1996.
6. Графова Л. *Что такое победа над собой*. - М.: Знание, 1981.
7. Акопов Э. *О противоречивости человека*. - Краснодар: КубГУ, 1996. -128с.
8. Ислам А. *Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті: Филол. ғыл. д. дисс.автореф – Алматы, 2004. – 47б.*
9. Қожахметова Ф. *Тұрмағамбет Ізтілеуов тілдік тұлғасының дискурстық сипаты. Филол.ғыл.канд. ...дисс. –Алматы, 2004, 121б.*
10. Маслова В., *Лингвокультурология. –Москва : «Академия», 2001.-202С.*
11. Караулов Ю., *(Вступительная статья) //Язык и личность. - М.: Наука, 1989. - 216с.*
12. Чесноков П., *Об основных измерениях в языковой системе //Филология как сосредоточение знаний о мире. Юбилейный сб. М.:Краснодар: АПСН; КубГУ, 2008. С.112.*
13. Ларина Т., *Категория вежливости в английской и русской коммуникативных культурах. М., 2003.*

Резюме

В статье анализируются лексические ориентиры, амбисемия и смена лексических регистров как системные средства представления противоречий.

Summary

Lexical key points, ambisebiya and lexical register change as system means of contradiction presentation are analysed in this article.

СУФИЙСКАЯ ПОЭЗИЯ КАК ВОПЛОЩЕНИЕ ВЫСОКОЙ КУЛЬТУРЫ ДУХОВНОГО ПЕРЕЖИВАНИЯ

А.Шинтемирова -

преподаватель кафедры практического русского языка КазНПУ им.Абая

Суфийская поэзия характеризуется насыщенной символикой, изобилует афоризмами. Литература суфиев изложена языком притч, парадоксов, метафор. Ведь суфизм, провозглашая путь «тарикат», акцентирует внимание на мистическом постижении Бога, который описывает чувственный способ переживания единения с Богом. А язык чувств - это язык метафор. Чувственные состояния переживания нуминозного акта единения с Богом можно описать поэтическим языком [1]. Суфийская поэзия передает в иносказательной форме

многие моменты отношения с сакральным. Вот почему многие священные переживания описываются символическим языком поэзии. Язык любви – это язык поэзии.

Отражением божественной красоты являются красота природы, красота Вселенной, красота девушки. Любованье красотой и грацией фигуры девушки, трепет души от встречи с возлюбленной – все эти эстетические приемы отражают глубинную символику суфийского настроя как проявление любви человека к Богу [2].

Истинная любовь, полагает суфий, требует жертвы своим «я». Эта жертвенность описывается суфизмом в символической форме. Этот аспект наиболее представлен в суфийской поэзии Дж. Руми, Абдурахмана Джами, Саади, Хафиза, Низами и др. Связь поэзии и суфизма неслучайна, поскольку поэтическое, художественное и чувственно – мистическое восприятие мира очень близки. В стихах этих поэтов присутствует вся символика суфизма, образы земных вещей и переживаний являются одновременно символами мистических видений и переживаний. Возлюбленная (Бог), страстное влечение к ней – основной предмет, который живо передает поэт-суфий.

Тоска по любимой, забвение, утрата себя в ней - это чувства сходные, независимо от предмета страсти: земная любовь помогает постичь и описать любовь к божеству:

И если с устами любимой уста я,
Как флейта солью,
Я вылью в бесчисленных песнях всю жизнь и
Всю душу свою.
Я живописец. Образ твой творю я каждый миг!
Мне кажется, что я в него до глубины
Проник.[5]

Служение истине - это отказ от себя как привычного, мирского существа, полная отдача себя ей:

Тогда лишь сможешь истины добиться,
Коль от себя сумеешь отрешиться.
И знай - ты истины не обретишь,
Пока в самозабвенье не впадешь...[5]

Выражение мук страсти облекается в образы розы с ее шипами, которые раздирают кожу до крови; мотылька, который летит на огонь свечи и сгорает в нем.

Едва лишь розы расцветут, ищу тебя
в саду густом,
Но там вонзаются в меня шипы, растущие
Кругом.[5]
Ему вторит Хафиз:
И если смерть для нас
неотвратима,
Не лучше ли сгореть в огне
с любимой...
Мотылек свече шептал:
«Пусть я сгорю! Ведь я люблю...
Ты знаешь»... [5]

Так в метафорическом и символическом языке суфизма можно отметить следующее значение: Буква «алиф» - означает стан, «лям»- локон, «мим»-губы.

Методика скрытого языка у суфиев строится на основе кодирования значения арабских слов, которые могут иметь двойной или тройной смысл.

Задача суфия заключается в раскрытии цели человека в этом мире. Согласно суфизму, цель жизни человека заключается в морально – духовном очищении. Человеку необходимо преодолеть желания нафса, то есть низменного влечения через совершенствование сердца. Сердце является центром веры, и через него постепенно человек может продвинуться к развитию своего духа.

Земную жизнь суфийские поэты рассматривают как подготовительный этап, необходимый для очищения человеком своей души. Человек должен быть устремлен к постижению Бога через любовь, которая освещает его и озаряет его светом божественной любви, наполняя духовностью человеческое существование.

К тому же совершенство, красота, прекрасное – это божественный дар, данный человеку, когда он отправляется в короткое земное путешествие, дабы через испытания и страдания, выпавшие на его земную долю, пройти путь очищения и возвышения и прийти к полноценному пониманию той щедрости, которая исходит от Аллаха. В таком случае, развивая и совершенствуя в себе поэтический дар, суфий достигает «катарсиса» на пути единения с Богом, постигая вечность, реальность божественного мира, освобождаясь от земного, грешного и ничтожного мира. Поэзия дает человеку возможность выйти на уровень творения нового мира – духовно возвышенного, обрести способность духовного креатива.

Суфии посредством поэзии могли воздействовать на человека. Искусство эмоционального переживания, созданного суфийскими поэтами, погружает человека в глубину переживания сильных чувств, доставляя ему высокое эстетическое и интеллектуальное удовольствие. Суфийские поэты разработали выразительные по своей эмоциональности средства передачи с помощью художественных приемов поэтических образов. Художественный креатив, наиболее глубинно передается с помощью аллегорий, метафор, «игры слов» в стихах Низами:

«Клянусь я мглою кос твоих, уйдешь – и я охвачен мглой» [5].

Образность, символика, подтекст в игре слов удивительно тонко передает сочетание философского смысла, чувств в строчках Хафиза:

Томлюсь, по сладостным устам в мечтах неясных я,
О, боже мой, чего хочу для столь прекрасной я.
Любимая! Напиток мой – желание тебя,
И эту чашу сердца пью в ночах безгласных я[5].

Суфии разработали принцип благозвучия стихов, который передается посредством их звуковой упорядоченности, а звуковые повторы создают определенный звуковой фон и звуковой образ. Этот прием развивает воображение человека:

Ты подобна бутону белой розы, а нежностью стана
Кипарису: так дивно ты гибка, и тонка и стройна[5].

Зачастую художественный креатив создается с помощью определенных звуков и их повторами, что усиливает восприятие музыкальности стихов. К примеру, у Руми: «Любимую любил влюбленный некий»; «Вы слышите свирели скорбный звук», «Я согнут, словно лук» т. д. Благодаря суфийским поэтам как Джами, Навои, Низами, Саади, Руми, Хайям и др. были разработаны такие приемы художественной выразительности, как реди́ф, рифма. Они внесли вклад в разработку таких поэтических приемов, как метафора, ассоциация, эпитет, олицетворение и т.д. Они создали уникальный фонд поэтического жанра, как газели, рубайи, касыды, кыта, фарды. В них тонко и глубинно переданы все оттенки эмоциональных переживаний человека, разнообразные состояния духовной жизни, его устремленность к возвышенному. Эти проникновенные стихи позволяют человеку воспитать высшие ценности, нравственно переродить его внутренний мир, изменить его душевный настрой.

Литература и поэзия, по мнению Ибн Сины, могут выступать как такое средство, с помощью которого можно преобразить внутренний мир человека, открывая перед ним свет нового прекрасного мира, созданного богатым воображением и внутренним видением суфия. Они способны даровать человеку надежду, веру в безграничное счастье, преодолеть невыносимые трудности земной жизни.

Суфизм стремится связать человеческое с божественным. Страдая от потери связи с Возлюбленным, суфий обретает себя через единение с красотой природы, через любование красивым станом и ликом Возлюбленной. И он, наконец, находит утешение в слиянии с Творцом:

Снова пламенем Любви обожгло мне душу,
Пылинка с солнцем подружиться жаждет [5].

В этом бейте солнце идентифицируется с Богом, а солнце трактуется как основа всего существующего. Задача человека состоит в том, чтобы через самосовершенствование выйти на путь единения с Богом.

В каждом бейте, где проводится сравнение с природными явлениями, суфизм ассоциирует происходящее с переживаниями человека, с его душевными интенциями, мучительными вопросами о смысле жизни.

Размышление о природе времени символически передается на фоне роскошного придворного общества делийского султана:

Не кокетничай, китайский кумир: ни кудрей твоих,
Ни спокойствия в мире не станет.
И хоть ядом горя отравлен влюбленный,
Но и сладкой улыбки красавицы тоже не станет.
Уснет вечным сном в развалинах неимущий,
Но и властелина на троне тоже не станет,
Сам ты у каждого начала видишь исход,
Время течет - в конце концов и земли не станет...

В этой газели суфий говорит о бренности существования, о тщетности усилий. Показывая временной континуум, суфий изображает две противоположности: вечный и мгновенный.

Суфий использует различные приемы: аналогию, метафору, сопоставления. В газели поэт передает ритмичность происходящего, в каждой строке воспроизводит музыкальный ритм.

Таким образом, в поэзии суфии видели воплощение высокой культуры духовного переживания.

1. Кныш А. Суфизм / Ислам. Исторические очерки. - М., 1991.
2. Бертельс Е.Э. Суфизм и суфийская литература, т.3. - М., 1991.
3. Бартольд В. Ислам - Петербург, 1918.
4. Шукуров Ш.М. Искусство и тайна. - М.-Алматы, 1999.
5. Избранная лирика. - Ташкент, 1982.

Түйін

Бұл мақалада сопы әдебиеті туралы айтылады, адамның ішкі дүниесіне әсері суреттеледі.

Summary

The article reflects the artistic features of Sufi poetry (symbols, metaphors, images).

НАЦИОНАЛЬНЫЙ КОРПУС РУССКОГО ЯЗЫКА КАК ИСТОЧНИК ВЫЯВЛЕНИЯ СЛАВЯНИЗМОВ

Ж.К.Киынова -

кандидат филологических наук, доцент кафедры русского языка
КазНУ им. аль-Фараби

Одним из источников выявления славянизмов является Национальный корпус русского языка (далее – НКРЯ) – крупный проект Института русского языка В.В.Виноградова РАН, направленный на внедрение новых технологий в исследование русского языка, это информационно-справочная система, основанная на собрании текстов в электронной форме. НКРЯ был открыт для свободного доступа в интернете 29 апреля 2004 года и в данный момент включает самые разнообразные русские тексты, преимущественно современные, общим объемом 140 млн. словоупотреблений. Корпус предназначен в первую очередь для обеспечения научных исследований лексики и грамматики языка, а также тонких, но непрерывных процессов языковых изменений, происходящих в языке на протяжении сравнительно небольших периодов – от одного до двух столетий. Другая задача корпуса – предоставление всевозможных справок, относящихся к указанным областям

(лексика, грамматика, акцентология, история языка). Уникальность НКРЯ заключается в том, что он охватывает почти все сферы функционирования языка и включает в себя такие типы текстов, как современная художественная проза разных жанров и направлений, современная драматургия, мемуарно-биографическая литература, журнальная публицистика и литературная критика, газетная публицистика и новости, научные, научно-популярные и учебные тексты, религиозные и религиозно-философские тексты, производственно-технические тексты, официально-деловые и юридические тексты, а также бытовые тексты. Многие из этих современных письменных текстов (середина XX — начало XXI века) входят в основной корпус, в состав которого также входят корпус живой русской речи (записи устных текстов того же периода) и ранние тексты (середина XVIII — середина XX века). Кроме того, в НКРЯ представлены такие подкорпусы, как газетный, поэтический, устный, синтаксический, диалектный, обучающий, параллельный (русско-английский), акцентологический, мультимедийный.

Известно, что НКРЯ создан, прежде всего, для научных исследований, поэтому его данные дают интересный материал для наблюдения и анализа каких-либо языковых единиц, в нашем случае, славянизмов – слов, посредством которых шло восприятие русским народом христианской религии и греческого культурного наследия. Славянизмы как носители культурно-исторической информации связаны с различными реалиями, понятиями и представлениями далеких эпох, в этом и заключается их большая и культурная ценность. Несмотря на то, что большая часть этой лексики архаизировалась, вопрос о славянизмах, по-прежнему, остается одним из основных в общей проблеме возникновения и развития русского литературного языка, в определении его генетической основы.

The given article investigates English indefinite article and its grammatical function. It is carried out the comparative analysis of articles in English and Kirghiz languages. Special importance is given to studying of an article and its differentiation of signs from other parts of speech. Article shows comparison of an English article based on examples translated on three languages English, Kirghiz and Russian. It is given concepts that the article is more significant general unit. At the same time in Kirghiz and Russian examples the article acts as more difficult multisignificant unit.

ӘДЕБИЕТТАНУ ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ

АҚЫНДАР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ӨЗГЕШЕ ӨРІМДЕР

Б.Әбдіғазизұлы -

филология ғылымдарының докторы, профессор

Сан ғасырлық тарихы бар қазақ мәдениетінің қай саласы да әр дәуірде өзіндік даму, өркендеу үстінде болды. Әсіресе кең далада еркін жүрген халықтың жанына ең жақыны сөз өнері мен саз өнері еді. Яғни бұл қазақ үшін қай кезеңде де ән мен өлеңнің орны аса қымбат болды деген сөз. Төрт жол өлең құрастырмайтын, екі шумақ ән әулетпейтін қазақ кемде-кем болуы осының айғағы болса керек.

XX ғасырдың соңғы ширегі мен XX ғасырдың басында қазақ ақындарының ішінде осы екі өнерді бойында тоғыстырған айрықша бір талант иелері пайда болды. Оларды “әнші-ақындар” деп атап жүрміз. Бұл атаудың шартты екендігі өзінен-өзі көрініп тұр. Олай дейтініміз, әнші-ақындар тобына жататындар тек әншілік пен ақындықты ғана меңгерген жандар емес, бойында сазгерлік те, актерлік те, тағы басқа өнер түрлері де молынан табылатын “сегіз қырлы, бір сырлы” жандар. Әнші-ақындар шығармашылығы, міне, осы тәрізді сан түрлі өнер салаларын өзара тығыз сабақтастырған ерекше мұра болып саналады. Әнші-ақындардың өзіндік ерекшелігі мынада: олар өлең шығарады, өз өлеңдеріне өздері ән шығарады, ол әндерді өздері орындап, халық арасына таратады. Өнерпаздардың мұндай шоғыры он тоғызыншы ғасырдың аяғы мен жиырмасыншы ғасырдың басында ұлттық мәдениеттің дамуындағы ерекше құбылысқа айналды.

Өріге бармай-ақ, XIX ғасыр мен XX ғасырдың тоғысқан тұсына назар аударсақ, дәл осы кезеңде Біржан сал Қожағұлұлы(1834-1897), Ақан сері Қорамсаұлы(1843-1913), Сары

Батақұлы(1863-1894), Мұхит Мералыұлы(1841-1918) тәрізді бірқатар сал-серілер мен әнші-ақындар атағының кең жайылғанын көреміз. Одан беріректе әйгілі Үкілі Ыбырай Сандыбайұлы, Иманжүсіп Құтпайұлы, Берікбол Көпенұлы(Ағашаяқ), Балуан Шолақ Баймырзаұлы, Әсет Найманбайұлы, Зейнеп Қошқарбекқызы, Қайып Қорабайұлы, Жаяу Мұса Байжанұлы, Мәди Бәпиұлы, Уәйіс Шондыбайұлы, Естай Беркімбауұлы, Сегіз Сері Баһрамұлы сынды өнерпаздар өздеріне дейінгі сал-серілер мен әнші-ақындар дәстүрлерін жалғастыра түсті.

Әнші-ақындардың шығармалары халық арасына тез тараған, ерекше әсерлі болған. Оның себебі олар өз әуенімен орындалу арқылы тараған.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында өмір сүрген әнші-ақындардың бұрынғы сал-серілерден, әнші-сазгер-ақындардан өзіндік айырмашылықтары да аз болмаған. Ол ең алдымен, олардың өзін-өзі ұстау, киім кию, жүріп-тұру дағдыларынан айқын аңғарылды. Бұрынғы сал-серілердің өнерпаздық дәстүрінде болған көптеген салт, ғұрып, әдет түрлері оларда толық сақтала бермеген. Ерекше сән-салтанатпен киіну, көзге оқшаулау көріну, көпшілік алдындағы еркелік тәрізді қимыл-әрекеттер жасау дағдылары XIX ғасыр мен XX ғасыр тоғысында өмір сүрген әнші-ақындарда болмаған. Бәлкім, оған қоғамдық құрылыс сипаты, тұрмыс жағдайы, уақыт пен тағдыр қиындығы мүмкіндік бермеген де шығар. Бірақ қалай дегенмен де бұл кезеңдегі әнші-ақындар халықтың арасында ежелден келе жатқан сал-серілік дәстүрдің басты-басты белгі, сипаттарын сақтауға тырысқан.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы әнші-ақындар шоғырына енетін әрбір өнер иесінің өзіндік ерекшелігі, өнердің осы түрін өркендетуге қосқан үлесі айрықша. Олардың әрқайсысының өзіне тән өнерпаздық қолтаңбасы бар. Әрбір әнші-ақынның өз шығармаларында көтерген мәселесі, қозғаған тақырыбы, көркем ойлау қабілеті, суреткерлік қасиеттері өзгеше ұқсамайтын өрнектерімен ерекшеленеді.

Әнші-ақындардың барлығына ортақ бір мәселе өз шығармалары арқылы заман шындығын, қоғамдағы әлеуметтік теңсіздікті, әділетсіздікті шыншылдықпен жырлау болды. Олар өздерінің айналасындағы жағдайды жіті көре білді, солар туралы түйген ойларын батыл айтып отырды. Ал сол мәселелерді айтып жеткізу, көпшілікке көркем бейнелеп беру жағына келгенде әнші-ақындардың біріне бірі ұқсамайтын ерекшеліктері айқын байқалады.

Атап айтқанда, өз дәуіріндегі әлеуметтік теңсіздік пен адамдар арасындағы әділетсіз қарым-қатынасты, әулетті жандардың әлсіздерге жасаған қиянатын суреттеп жырлауға келгенде Жаяу Мұса Байжанұлы ерекше жарқырап көрінді. Ол өз басынан өткен жайттарды негізге ала отырып, ел ішіндегі ағайынның алауыздығы, бірлік пен татулықтың жоқтығы, бірін-бірі көре алмаушылық, өтірік пен өсек, жала жабу, болыстыққа таласу, жік-жікке бөліну сияқты халықтың күнделікті тіршілігіне қатысты құбылыстарды батыл сынады. Сол үшін қуғынға да түсті, таяққа да жығылды, астындағы атынан айрылып, “жаяу Мұса” атанды. Бұл тақырып бұған дейін де әйгілі Ақан сері мен Біржан салдардың шығармашылық мұрасында молынан қамтылған болатын. Оларда кезінде өз заманының зорлықшылдарынан таяқ жеп, қысым көрді. Біржанның ауыл арасындағы озбыр болыстардың қиянатына жаны күйзелсе, Ақан сері әлгіндей озбырлықтың кесірінен әйгілі Құлагерінен айырылып, қартайған шағын зарлы күйде өткізді. Бұл жағдайдың барлығы да ақындардың жүрегінен қуатты да өршіл әуенмен көмкерілген ащы да уытты жыр жолдары болып төгілді. Үкілі Ыбырай Сандыбайұлы өлеңдерінің негізгі тақырыбы да осыған ұқсас болып келеді. Ол - адамның еркін өмір сүруі, бас бостандығы. Оған қоса Үкілі Ыбырайдың өлеңдері терең тебіреніске, тәтті сезім күйлеріне толы болып келеді. Бұрынғы сал-серілер секілді ол да сұлулық пен махаббатты дүниенің барлық қызығынан жоғары қояды. Бірін бірі сүйген ғашық жастардың сұлу сезімдерін суреттейтін “Майда қоңыр”, “Қара көз”, “Алтыбасар” тәрізді әндерінде ақын жүрегінен небір бейнелі, сымбатты сөздер ақтарылады.

Сонымен қатар, Үкілі Ыбырай өлеңдерінде қазақтың ертеден келе жатқан аңшылық, саятшылық өнерінің небір қызық сәттері әдемі суреттеледі. Көктем келіп, жер-дүниенің барлығы жаңарып, табиғаттың жаңғыра түлеп жатқан тамаша көрінісін Ыбырай ақындық көзбен, әншілік жүреппен, сазгерлік сезіммен қабылдап, сол арқылы әрбір оқушысы мен тыңдаушысын әсем табиғаттың құшағында тұрғандай тәтті сезімге бөлейді. Балуан Шолақ Баймырзаұлының шығармаларынан айрықша асқақтықтың, өршіл қуаттың лебі сезіледі. Табиғатынан жаны адал

ақын өз жырларында да үнемі адалдық пен тазалықты ту етіп көтереді. Нені айтса да әнші-ақын Балуан Шолақ белден басып, тура айтуға тырысады. Сондықтан да оның әр өлеңі өршілдік пен ерліктің рухына суарылғандай. Мұның өзі еркін өмір, адамның бас бостандығы үшін күрескен әнші-ақындар мен сал-серілер шығармаларының елеулі бір қырын танытады. Сонымен бірге бойында тау қопарарлықтай қуат-күші буырқанған балуан ақынның жаны сондай нәзік әрі кіршіксіз таза. Бұл қасиеттердің барлығы сегіз қырлы өнер иесі Балуан Шолақ Баймырзақұлы шығармаларының өне бойынан мейлінше айқын көрініп жатады. Өз заманының осы тәртізді шынайы шындығы, адамдар арасындағы теңсіздік, зорлық пен зомбылық, әлеуметтік әділетсіздік жағдайлары осы қатардағы Мәди Бәпиұлы, Иманжүсіп Құтпайұлы, Сегізсері Баһрамұлы шығармаларында да молынан қамтылып, батыл әшкереленді. Отаршыл Ресей патшасының жандайшап жандаралдары мен жергілікті болыс-билердің тарапынан жасалған қысым-қиянаттың қандайына болса да қасқайып қарсы тұра білген бұл ақындардың ән, өлендері де сондай өршіл рухта сомдалды. Қарап отырсақ, XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында өмір сүріп, қалам тербеген әнші-ақындардың қай-қайсысы да қиын тағдырды бастарынан кешті. Олар патшалық Ресей әкімшілігі мен феодалдық заманның озбырлығын қатар көтерді. Және де сол қиындықтарға мойымай, жасымай, қайта оған қарсы қайсарлана үн қатқан қайраткер ақындар болды. Қай ақын болса да, өз бастарынан өткен қияметтің салдарынан туғанащы зар мен ашу-ыза арқылы зорлықшыл заманға лағнет айтты. Қоғамдағы әлеуметтік теңсіздіктің, адамдар арасындағы зорлық пен зомбылықтың, қиянаттың түп төркініне көз жіберді, оларды қаймықпастан батыл әшкерелей білді. Сонымен қатар, адамзат баласының өмір атты ұлы қазынасы, тіршіліктің қызығы, адамның көңіл күйлері, жастық шақ пен махаббат сезімі, сұлулық пен әсемдік, т.б. асыл құбылыстар жайындағы мәселелер де әнші-ақындардың назарынан сырт қалмады. Тұла бойына тоғыз өнерді тоғыстырған, халқына әрі ақын, әрі әнші, әрі сал, әрі сазгер, бесаспап өнер иесі ретінде танылған, осынау сан қырлы өнерімен ұрпақтарына аса мол мұра қалдырған әнші-ақындар шығармашылығы ұлттық әдебиетімізбен мәдениетіміздің дамуына өлшеусіз үлес қосқан аса құдіретті құбылыстардың бірі болды.

1. *Қазақ әдебиетінің тарихы. 10 томдық. 4-5 томдар.* – Алматы, 2004-2005.
2. *Бес ғасыр жырлайды: 2 томдық. Т.1.* – Алматы, 1989.
3. *Жұмабаев М. Шығармалары.* – Алматы, 1989. -Б.318-345.
4. *Ысмайылов Е. Ақындар.* – Алматы, 1956.

Резюме

В статье дается обзорный анализ художественным особенностям творчества казахских поэтов-песенников XIX века.

Summary

In this article given such review which opens, the art peculiarity of creation of kazach writers XIX century.

ТАНЫМ КӨКЖИЕГІ

Құдайберген Тұрсын -

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің профессоры

Танымал сыншы Сағаттың мінезі мен мүсіні, болмысы мен бітімі төрт аяғын тең басқан күйінде, қолынан қаламы түскенше, тал бойынан бір рет те ажырамады. Айтса жертіне жеткізе, жаңынды жадыратып, жазса түбірін қазып, айызынды қандыратын әдетінше оқырманын ізінен ерте жүретін. Қай саладан қалам тербемесін, бәрінде де Сағат тым әріден бастап, ұлы Абайды айналсоқтап, өзіне пайғамбардай санаған алыптың ойшыл өлеңдері мен зерленіп тоқылған қара сөздерінен мысалдар келтіріп барып, тыңдаушысын тоқтатар түйінді ойымен дамылдайтын. Ондайда Сағаттың қай саланы да философиялық ойдың кемел толымдылығымен ернеуін толтыра айтқан уәжді пікіріне, қос қолынды көтеріп тоқтайтынсың. Сағат университетте оқып жүрген шағында-ақ белгілі сыншы Мұхаметжан Қаратаевтың назарына ерте ілініп, кейін өсе келе өзі де осы жанрдың төбе биіне айналды. Небәрі жиырманың үстінде бола тұра, оңы мен солын ерте айқындаған Сағат жайлы академик М.Қаратаев: “... Айтулы әдебиет сыншысы, сарапшысы, әділетсіздікке төзбейтін сарбаз атанды. Сағаттың “Сыншы мұраты” атты тұңғыш жинағы –

осының айғағы” (1,203),-деп, болашағы мол жасқа орынды пікір білдірген еді. Міне, содан басталған әдебиеттің проза мен поэзия саласының биіктігі мен ойпаңы, асылы мен жасығы Сағаттың “сын саласына” ілініп жүре берді.

Сағаттың әдебиеттегі сыншылдығын көзі тірісінде бәрі де бағалады. Оған себеп, өзі сын жанрында қалам тербей отырып, туған әдебиетіндегі кейіпкер бейнесінен әлемдік масштабта ойлайтын, ойшыл тұлғаларды іздеді. Кейіпкердің ойлауы мен таным көкжиегінен бір-біріне іштей үндестік іздеді. Соны тапса балаша қуанды, іздегенін таба алмаса көңілі босап, қабағы қарс жабылды. Әсіресе ұлы Абай мен абыз Мұхтардың, данагөй Ғабеннің шығармаларына көзсіз бас иіді. “... Ұлттық сана-сезім оянуының басы Абай”, - десе, “... Әуезов өз ұстазын қайталмағандықтан ғана ұлы және Әуезов Шығыстың Шолоховы еместігін, Шығыстың ұлы екендігін дәлелдеп берді, соның өзі жарқ еткен көрініс бола білді” (2,23), - деп түйін жасайды. Ал Ғабеннің “... болмыстағы негізгі жеті бояудан жетпіс бояу жасаған” түпсіз шеберлігіне тәнті болғанын жасыра алмайды. Осыдан болар-ау өзі де шығармаларды талдап-толғағанда жетпіс бояудан әлденеше жүздеген бояу түрлерін көз алдына келтіреді. Өнер атаулының құпиялы қалтарыстары мен аршылмаған қабаттары әлі де жетерлік. Қолына қалам ұстаған пенде оны өзінің қабілет-қарымы жеткен жерге дейін аршиды. Қанша қазсаң да терең тұңғық, бір қабаттан бір қабат әлдеқайда күрделі, жеткізбейді. Әсіресе, сын саласындағы ойлар тізбегін шыншылдық пен ақиқатқа құру үшін пендеге білімдарлық аз, оған қоса кемелділік пен парасаттылық, тереңдік пен ойшылдық та қатар қонақтауы шарт.

Шығарма жайлы кемелді ой, кесімді пікір айту үшін де философия мен эстетика, тарих пен өнер, психология мен көркем әдебиет жайлы таным-түсінігің молынан болуы шарт. Осының бәрі де Сағаттың бір басынан табылатын. Оның “Сын мұраты”(1974), “Талантқа тағзым”(1982), “Парасатқа құштарлық”(1985), “Шындыққа сүйіспеншілік”(1993), “Ақиқатқа іңкәрлік”(1999) атты қаламынан туған шығармаларында туған әдебиетіміздегі өзі пір тұтқан акын-жазушылардың эстетикалық-тәрбиелік, философиялық-ғибраттық кесек ойлары арқылы шыншыл дүниетаным жасап, “өмір мұраты” жолында өзіне баспалдақ етіп ұстанған шығарманың мазмұны мен оның тақырыбын әр кез алдыңғы орынға қойып, әрбір жолдардан ой іздеді. Повесть не роман әлде жыр кітабы болсын ондағы айтпақ ойдан сарабал сыншы іштей композициялық тұтастық, сырттай жарасты болмыс-бітім іздейді. “Әрбір жаңа уақыттағы әрбір жаңа ұрпақ тарихтағы ұлы құбылыстар мен ұлы адамдар туралы өз сөзін айтуға тиіс. Сонымен бірге бұл олардың адамгершілік парызы да”, - деп В.Белинский айтқан екен дейді де, одан әрі сыншы өзінің ой қабаттарының қатпарлы бұлқыныстарынан шыққан пікірлерін сенің алдына риясыз көңілмен жайып салады. “Өткенді ойлау өткенмен ойнаудан сақтандырады. Анықтап айтқанда, кешегіні ойлау – кемел келешекті ойлау деп білеміз. Бүгінгі жақсылық та, жамандық та көктен түскен жоқ. Бәрі өткеннің жемісі, кешегінің салдары” (3,27), - дейді. Осындай атан түйенің жүгін арқалаған отты сөздерді “отызында орда бұзған” шағында кемелді әрі парасатты Сағат айтты. Кеңестік кезеңнің қайқы қылышынан қорықпады, қызыл патшаның қаһарынан ықпады.

Сағат тумысынан – ойшыл. “Әдебиет – адамның жан саулығын сақтайтын рухани байлықтың түп төркіні, адамшылықтың мөлдір бастауы екенін жетер жеріне насихаттай алмау, әрине, сынның да сырқатты тұсы”, - деп жазуға да оқығаның көп, тоқығаның мол болуы керек. Мұның астарында адамда ой тоқыраса, қоғамда өсу де, алға жылжу да тоқырайды деген оймен астасып жатқанын байқау қиын емес. Осыдан келіп тоғышарлықтан туындайтын жаман әдеттерден болашақ ұрпақты сақтандырады, қоғамды ойлылыққа итермелейді. Ұлттың ұлылық рухы да адамның жан-дүние әлемінен бастау алатындығына сені үңілтеді. Енді бірде “Сөз мәнісін білмесең, өлең оқып не керек!”, - деп Сұлтанмахмұт өлеңін эпиграф етіп алады да, қиюын тауып қиылысқан, ұғынықты етіп қиыстырған ақындар поэзиясының қалың ну орманына кіреді. Тасырға жетпеген сөздің сан ғасырға жететіндігін жас кезінен тоқып өскен сыршыл Сағат жүрек көзін ашатын, ондағы сезімді қытықтап оятатын, адамдағы аяулы сезімге шоқ тастайтын, ой қозғайтын ойлардың арасынан ең бір тереңде жатқан тұстарын жарық күндерде қолына шырақ алып іздейді. Іздейді де, осының бәрін данышпан Абайдың поэзиясынан тауып, содан жаны жай табады. Қамал бұзған шағында С.Әшімбаев “синкретті өнер” немесе “тоғызыншы муза” атанған телевизияға ат басын бұрды. Әдебиет әлеміндегі ойшылдығы мен сындағы тереңдігі Сағатты алып

“телеимперияның” кең алқапты, ауқымды майданына алып келді. Газет пен журналда істеп, жазуға төселген, сыни әрі кемелді ой айтуға кемелденген шағында “сөз бен көріністің” астасқан тұсынан жалын шашып жататын теледидарға келгенге дейін де осы ауылдың “отынын түтетіп” жүрген бозбала болатын. Алпысыншы жылдардың орта шенінде-ақ жақсыға қуана, жаманға жирене қарайтын Сағат “Жүректен қозғайық” деп ат қойып, айдар таққан телехабарына жастар бойындағы өсу эволюциясы, олардың азаматтық болмысы, түрі мен тұрпатына объективтік тұрғыдан келіп, қалың көрермен жүрегіне көрнекті ой тастағаны бар. “Өмірге деген ғашықтықты” жастардың бойынан іздейді, олардың ақыл-пайымына өз үнін қосады, қоғамның болашағын өз қолымен жасайтындарды ертеңге елітеді, кемел болашаққа барлау жасатады. Хабар барысындағы әңгіменің арасында ежелгі бір Шығыс аңызының соңында

“Өсек айтқанның жолын кес, сын айтқанның, шын айтқанның қолын шеш” деген ұлағатты сөз бар екен деп түйін түйіп, ортаға ойдан тамызық тастап отырады. Кейіпкерлерін терең ойландыратын, көңіл түкпіріне көп нәрсені түйіндіретін жайларға жол ашады.

Кезінде “Жүректен қозғайық” телеэкрандағы көптеген хабарлардың ортақ өзегіне қозғау салған және баспасөз бен радионың материалдарына түрткі болғандығында дау жоқ. Сағат телехабарға қатысушыларға өз ойлары мен пікір-тұжырымдарын ортақ мүдде тұрғысынан еркін айтуға кеңшілік жасайды. Әңгіменің әлқиссасын да қоғамға ортақ полемикадан бастап отырады. “Жастар бойынан қандай қасиеттерді іздейміз?”, “Өмір бар, қоғам бар, жастарда қозғалыс, санада сілкініс неге жоқ?” дегендей пікірталастың талай хабарлар өзегіне алтын арқау болғаны ақиқат шындық. “Эфирдегі хабар жүргізушінің қабілеті, режиссердің сәтті шешімі, актердің шебер ойыны, жазушының ойлы сөздері жұрт назарынан тыс қалмайды”(4,523),- деген зерттеуші пікірі осы жерде тележүргізушінің ой-мақсатын айқындап тұр емес пе?! Ортақ өмір әлеміндегі күйініш пен сүйініш, қайғы мен қасірет, жақсы мен жаман, ащы мен тұщы дейсің бе бәрі-бәрі Сағат жүргізген телехабарлар топтамасының алтын арқауы. Кеңестік шақтың оты өртеп, жалыны күйдіріп тұрған кезеннің өзінде де жастар бойына “мақтамен бауыздағандай” етіп ой сәулесін байқатпай әкеліп, себеді. Тіршілігінде қоғамдық ойға қозғау салатын тұлғалардың керек екендігі көзі қарақты зиялылар санасына сексенінші жылдың “жылымықтарымен” қоса келіп, “масс-медианың” қуатты отты қаруын жүрегінде алаулаған оты бар, Сағат секілділердің ұстағандары жөн деп тапты. Мұны ақынжанды Ғаділбек дәл кезінде ұғынып, онды шешім қабылдады. Қазақ руханиятының “қауырсын қанатының” қатайуына ақылымен де, білім-білігімен де өлшеусіз үлес қосып жүрген Сағат енді аудиториясы әлденеше миллиондап саналатын алып “телеөндірістің” қуатты тетігін қолына ұстады. Әрі сонау алпысыншы жылдардан журналистік ортаға таныс С.Әшімбаев телерадио саласына оңай еніп, оның күнделікті қым-қуыт тіршілігіне ескекті қайығын салды.

Ғұмырында шашасына шаң жұқтырмай өткен Сағат телеөнер әлеміне келе сала телебағдарламалардың мазмұны мен идеясына айрықша көңіл бөлді. Әсіресе, әдебиет пен мәдениет, тіл мен діл, тәрбие мен тәлім, адамгершілік пен туған жерге деген сезім, сыйластық пен сырластық жайлы хабарлар тасқынын молайтуға күш салды. Телехабарлар мазмұнының өзге соған ұқсас құбылыстармен, тарихи фактілермен салыстыра қаралуын, сценарий авторы мен жүргізушінің талдау кезінде аудиторияға белгілі материалдар аумағынан шыға отырып, тұжырым-түйін жасағанда тың пікірлер тоғысына табан тіреу керектігін ерекше қадағалады. Хабарда көтерілген проблема, қамтылған тақырып, айтар ой-пікір, талдау ерекшелігі, өзіндік қорытынды, стильдік өрнектер, тың тұжырымдар дейсің бе, әдебиеттегідей осының бәрін көрермен алдына ұсыну қажеттігін үнемі апталық лездемеде нықтап айтатын. Сексенінші жылдар Қазақ теледидарының өсіп, кемелденіп, толыға түскен шағы болса да, эфирден күнделікті толассыз өтіп жатқан хабарлар легіндегі “арпа ішінде бір бидайдың” жүріп жатуы заңдылық болып саналушы еді. Осының өзі Сағаттың сын қырына ілініп, ол апта сайын үзіліссіз өтетін “лездемелерде” көп хабарларға тән ортақ кемшілік ретінде талдау мен пікір айтудағы тұжырым, жаңашыл пікірдің тым аздығы, бір хабарды философиялық, эстетикалық тұрғыдан жинақтаудың жете бермейтіндігін дәлелдеп, телеавтордан үздіксіз әзденісті талап ететін. Орталық теледидар не өзге республикалардағы осы тектес хабарлар үлгілерімен салыстыра келіп, теориялық тереңдік пен эстетикалық аналогияның аз да болса ұшқынын байқату – аудиторияны сыйлау әрі өзінді

көпшілікке сыйлату дейтін. Тақырыптағы идеялық шешімнің ортақтығы мен сипаттау ұқсастығы жайлы де көп айтатын.

Сағаттың жастайынан әлем әдебиетімен көп таныстығынан ба, ол тележурналистерден үнемі ерекше бір тосын оқиға, тың жаңалық күтетін. Бірде өзім телевизияның “Алматы және алматылықтар” Бас редакциясында қызмет атқарып жүріп, Алтай өлкесіндегі қандас бауырларымыздың арасында “шоқынған қазақтар” бар екендігін айтқан болатынмын. Осыны естіген Сағат “е, бұл баяғы Қытай өтеміз деп елден үдере көшкен көштің біразы шекарадан өте алмай, амалсыздан кері қайтқан кезінде оларды орыс поптары шоқындырып, өз діндеріне кіргізген Таулы Алтай өлкесіндегі бауырларымыз екен ғой! Олай болса, уақыт оздырмай жолға шығатын топты даярлай бер”.

Сағат Әшімбаев ұлтын ерекше сүйген және ұлтымен өмір бойы мақтанып өткен – тұлға. Ол тіршілігінде И.Эренбургтың “Пабло Пикассо шығармаларының сыры” деген мақаласындағы “Мен іздеймін, мен табамын” деген сөзін өзіне тұмар етіп ұстанып өткен пенде. Әйтпесе “қызыл империяның” қаскөйлігі мен қатал қысымынан да, бүгіні мен ертеңінен де қорықтастан қарсы келіп таймастан “Парыз бен қарыз” хабарын эфирде жүргізуді қолға алар ме еді!? Осы кез Сағаттың кемеліне келіп, құлашын кеңге жайған тұсы болатын. “Парыз бен қарыз” телеэкрандағы тың құбылыс. Аудиторияда ерекше бір толқыныс тудырған телехабар алғашында тікелей эфир арқылы берілсе де, екі-үш хабарынан кейін оны студияда алдын-ала жазып алып берудің қажеттілігі байқала бастады. Оған себеп әрбір хабардың көтерген мәселелері көкейкесті, қаны сорғалаған ақиқат шындық еді. “Азаматтық парыз”, “Демократия және бюрократия”, “Интеллигент деп кімді айтамыз?”, “Жариялылық туралы ойлар”, “Қайта құру және интеллигенция”, “Ұлттық сана және рухани бірлік”, “Ұлт тілінің тағдыры” деп әрбірі бір-бір атанға жүк болатын, салиқалы-салмақты хабарлар. Тыңдарманын алдында тыпыр еткізбей, көрерменін мың сан оймен ойлантпай қоймайтын, шоқтығы бөлек, бітім-пошымсы өзгеше тақырыптар.

Ол халқым, елім – құлдық сана мен бұғаулық қамытынан сілкінсе, еркіндікке ұмтылса, соны тапса деп армандады. Әрбір хабарында дәлел мен дәйекке сүйене отырып, нені айтса да салыстырып барып, салмақты түйін жасап отырды. Бір ойланарлығы алғашқы “Жүректен қозғайық” пен кейінгі “Парыз бен қарыздың” арасында жиырма жылдай үзіліс бар екен. Сондықтан да экраннан көзтаныс көрерменнің Сағаттан күткені де “жариялылықпен тұспа-тұс келген жылымық кезеңде” батыл да қайсар жігіт не айтар екен деген екіұдай пікір болатын. Өткір тілді, сарабал ойшыл, философиялық тереңдікке ие Сағат эфирде “қара сөздің селін”, “уытты ойдың дәнін” нақыштай отырып, сөзден сурет салып, кемел ойдан келісті көркем түр туындатты. Қазақ зиялыларының басы қосылған телехабарларда енді айтпай қалуға болмайтын тың әрі тосын мәселелерді көтерді. Оларды жай ғана көтеріп қойған жоқ, оны қалай түзетудің, осы бағытта не істеу керектігін қадап айтты, қадай айтты. Екі жыл ішінде эфирге хабардың он төрт саны шықты.

Кезінде қалғып кеткен қоғамдық сана қайта оянып, сарғая бастаған қоғамдық ой қайта сілкінді. Халық рухы бойын тіктеп түрегелді. Тоқырау кезіндегі көптеген мәселелерге қоғам басқаша қарауға үйрене бастады. Десек те, осы шақ әлі де бойға біткен бойкүйездік пен жалтақтықтан арыла алмай жатқан кезеңіміз еді. Мұны “Парыз бен қарызға” келген көптеген хаттар легі шерткен сырлардан аңғаруға болады. Шымкенттік Ү.Шойбеков “... Расын айтсам, “Парыз бен қарызды” алғаш көргенде қуанышымда шек болмады. Мәймөңке мен бұқпантайға әбден үйреніп, батыл ойды айтпақ түгілі, ойлануға қорқып жүретін күні кешегі тоқырау тұманының шындап сейілгеніне сендім” десе, алматылық Қ.Мезінбаев “Парыз бен қарыз” атты төрт хабарды сүйсіне көріп едік. Оның құндылығы тікелей эфирге шығатындығында, қайшылығына қарамастан, әр пікірдің бүкпесіздігінде еді. Өзіміз берік сенетін демократия мен плюрализмнің нақты көрінісі деп қуанғанбыз. Сол хабар кейінгі кезде неліктен көрінбей кетті” деп экрандағы өткір хабарды іздесе, енді бір көрермен хабарға қатысушы “.. Ш.Мұртаза, М.Қозыбаев, Ә.Бейсенова, Р.Нұрғалиев, Р.Сыздықова, А.Жұмаділдаев, О.Қаймолдинге және басқа да хабарға қатысушы азаматтарға алғысымыз шексіз”(5,197),- деп жазады. Демек, мұны кезінде Р.Роллан жазғандай “Өркенді ойды опат қылған адам – жеті атасына дейін қанішер” деген оймен астарлас қоғамның бет-пердесін сыпырсақ деген ұлты үшін у ішкен ел азаматтарының биік бейнелеріне

деген сүйіспеншілік деп бағалау لازم. Асыл азамат ел алдындағы парызын, ұрпақ алдындағы қарызын өтеді. Сағаттың осы кезеңдегі өмір кредосы да “Бар ма екен жай жүрген жан қанағатпен” тамырлас болды. Өзі телехабарлардың тамырынан сезім жұтандығы мен рухани жарымжандықты байқаса, соны қалпына келтіргенше жаны байыз таппайтын.

Зерттеу барысындағы екінші бір бағыт Сағаттың “телеэфирдегі күресі” мен оның кездейсоқ “күрт үзілген өмірі”. Бұны сол кезеңнің қоғамдық диалектикасымен байланыстыра отырып қарастырған жөн болып табылады. Сағат та пенде, оның сол тұстағы қоғамның кемшіліктеріне қарсылықтарын, әсіресе Желтоқсан оқиғасы кезіндегі ашу-ызасын, қоғамдық-саяси ахуалдармен, өзінің жеке мінезі, оның өмірлік динамикасымен салыстыра, байланыстыра жан-жақты кешенді талдап, таразылау да келер күндердің еншісінде. С.Әшімбаев телерадиокомитетке төраға болған шақта эфирдегі жаңа бағыттағы, жаңа үндегі телехабарлар арқылы ұлттық сананы лезде дамытудың көздерін ашты. “.. 1986 жылдың 17 желтоқсанының тұмантқан таңы... Өзінің төртінші қабатындағы терезесінен ... алаңға беттеген, алғашқы қазақ демонстранттарының колоннасына үңіле қарап тұрған Сағат Әшімбаев... Оның сол кезде не ойлағанын енді ғана түсінуге болады...” (6,3), - деп Б.Қазиұлы жазғандай, ұлт тағдырын ойлаған, қаламының ұшынан әрқашанда от төгіліп, тілінен қаймақ тамып тұратын азамат еді.

Өкініштісі Сағат қамкөңілді халқының, еңіреп өткен елінің “тәуелсіздіктің ақ таңына” қол жеткізген мұратты күндерін көре алмай арманда кетті. Алайда оның мемлекет және қоғам қайраткері М.Жолдасбеков айтқандай: - “Шыны керек, Сағат сол “Парыз бен қарыз” арқылы ұлтымыздың ұйқылы-ояу санасын оятты. Теледидардан ел үшін деп тепсініп тұрып пікір айтуға болатынын дәлелдеді. Халқы алдындағы парызын өтеп, қарызын қайтарған азамат болса осы Сағаттай-ақ болсын” , - деген ойдың астарында таным көкжиегі терең азаматтың болмысы мен бітімі жатыр емес пе?!

1. *Уақыт және қаламгер. – Алматы: Жазушы, 1978, - 278 бет.*
2. *Уазқыт және қаламгер. – Алматы: Жазушы, 1984, - 273 бет.*
3. *Әшімбаев С. Парасатқа құштарлық. – Алматы: Жазушы, 1985, - 248 бет.*
4. *Оразалы С. Жүректің көзі ашылса. – Алматы: 2001, -784 бет.*
5. *Тұрсын Қ. Қазақ тележурналистикасы: қалыптасу, даму проблемалары. - Алматы: Білім, 2007. - 384 бет.*
6. *Қазақ әдебиеті. – 1989. - № 37.*

Резюме

Автор статьи обращается к телетворчеству С.Ашимбаева. Исследует телепублицистические элементы передачи “Парыз бен қарыз”, проблематику остросюжетного разговора во время прямого эфира, своевременность поднимаемых телеведущим проблем и т.д.

Summary

The author analyses the creativity television work of S.Ashimbayev and explores the tele-publicity elements of “Paryz ben karyz”, the problematic issues of critical topics during the broadcast and the timely raising of problems that appears by presenter.

АНТИКА МЕН ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ МЫСАЛ ЖАНРЫНДАҒЫ ҰҚСАСТЫҚ

М.М.Иманғазин -

*филол.ғ.д., І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің
профессоры*

Мысал - әріден келе жатқан, эпостың шағын да өткір жанры. Мысал жанры көне дәуірден біздің заманымызға дейінгі әлемнің іргелі ақын-жазушыларының назарында болған, кейін мол ғылыми еңбектердің шығуына себепкер әдеби туынды. “Осы жанрды теориялық жағынан түсіндіруге онша көп мән берілмеген. Көне дәуірдің ғалымдарының еңбектерінен “Аристотель, Булан еңбектерінен кездестіре аламыз” деген пікірді Г.В.Москвичева айтса,

қазақ ғалымы Т.Шаңбаев “Аристотель заманынан бастау алған, негізінен философтар да көңіл аударған, кейіннен Г.Э. Лессинг, В.Перри, А.Потебня, М.Н. Гаспаров еңбектерінен көрініс тапқан”, - дейді.

Бұдан шығатын қорытынды мысал жанрына ең алғаш тұжырымды пікір білдірген Аристотель болса, оның айтқаны мынаған келіп саяды. Негізінен, ғалым бұл жанрды арналы үш теориялық бағытқа апарып тірейді. Біріншісі - өзге жанрдан өзгешелендіріп тұруы, айтар ойы ғибрат, тәрбие, яғни мораль болғандықтан, оның философиялық – дидактикалық сарынына қарағанда рационалды бағыт болып шығады. Екіншісі – негізінен әңгімелеу барысы романтикалық бағыт алуы, типологиялық жағынан мысалдардың шығу тегі ертегілерден бастау алатындығынан. Үшіншісі – мысал жанрының психологиялық-эстетикалық әсер ету қасиеттеріне қарай, оны психологиялық бағыт деп ой түюге болады. Осы үш бағыт бір-бірімен тығыз байланыста болып, бір-бірімен сабақтасып жатқанын аңғару да қиын емес. Мысал жанры жоғарыдағы айтылған жануарлар туралы ертегілермен жақындығы, біріншіден жас буынға жануар бойындағы жақсы – жаман қасиеттерді көрсете отырып, тәрбие беру болса, ертегінің де өзіндік атқарар ролі ой жүйесін арттыруға өз үлесін қосуы талассыз. Бұған тағы қосылар ой – грек мысалының басында тұрған Эзопқа байланысты мына жайтты айту орынды. Мысал ертегі сарындас болып, оның ішіндегі кейіпкерлердің аң, құс, жан-жануар, жәндіктердің болуы - Эзоптың шығу тегі – құл, жалшы болуынан да іздестіру керек. Эзоп басы байлы қожайнына тәуелділігінен, иесіне “беті мен жүзіне қарамастан”, оның кемшілік, айыбын бетіне басатын мүмкіндігі мен қауқары болмағандықтан, еріксіз халық арасындағы аса танымал болған жанрдың бірі ертегіге көңіл қойып, мысал түрінде негізгі кейіпкерлер - аң, құс, жан-жануар, жәндіктерді мысал түрінде алып, өз туындыларын дүниеге әкеледі. Осы әрекеті арқылы, өз қожайнынан кегін алып, айызы қанады. Халық арасында кеңінен тараған мысалдары арқылы кең танымал болған Эзоп кейіннен өз иесінен мәңгілік бостандық алып, өз еркімен өмір сүрген деседі.

Эзоп туралы “Қазақ әдебиеті” газетінде мынадай дерек келтірілген : “Алпысыншы жылдары орақ тілді Оспанхан Әубәкіров “Лениншіл жас” газетіне қазақ сатирасының жай-күйі туралы мақала жазып, “Эзоптан Ислам Шұғаевқа дейінгі сатириктер” деген тіркес қолданыпты. Сөйтсе, мұны оқыған И.Шұғаев “Эзоп деген кім ? Өзі қайда істейді ?” деп сұраған көрінеді. Осы сұрақ қазір де көлденеңдеп қоятыны бар. Тарихта екі Эзоп болған. Біріншісі – біздің дәуірімізге дейінгі VI ғасырда өмір сүрген ежелгі грек сықақшысы, мысал жанрының негізін салушы. Аңыз бойынша ол жас кезінде өзінің ұсойқы тілінен тартыпты, оның әжуасына ызаланған біреулер оны жартастан лақтырып жібереді де, аяғы сынып, өмір бойы ақсақ болып қалыпты. Бұл Эзоп өзі бас терісі келіспеген, кейіп-кеспірден жұрдай, басында билігі жоқ құл болған. Сөйте тұра ол өз заманының қияли данышпаны ретінде халықтың құрметіне бөленеді. Эзоптың атақты мысалдары ежелгі Римнің мысалшысы Федр (б.д.дейінгі I ғасыр) мен көне гректің мысалшысы Бабрийден (б.д. I-II ғасыр) бастап, бергі Лафонтен мен Крыловқа, Абай мен Байтұрсыновқа дейінгі талай мықтылардың өңдеуінен өтіп, бүгінгі күнге жетті. Ал римдік трагик-әртіс болған екінші Эзоп Клодий (б.д.дейінгі I ғасыр) туралы мәлімет мардымсыз”-дейді де, Эзоптың айтып кеткен мысалдары мен даналық сөздерін, афоризмдерін, қысқа әңгімелерін келтірген. Сол шығармаларда қазақтың әфсаналары мен афоризмдік қысқа қайырымды, дидактика тұрғысында жазылған әңгімелерінің ішінде формасы мен жанрлық жағы ұқсас, тіпті сюжеттік желелері дәл келетін мұралар ара-тұра кездесетінін айта кеткен абзал. Айталық, шамамен 1320 мен 1436 жылдары өмір сүрген Сәйф Сарайдың “Гүлстан би-т-турки” (“Гүл бағы”) туындысындағы 178 - хикаяттан тұратын дидактикалық сарында жазылған шығармасында және шамамен XIII ғасырда өмір сүрген Насретдин Рабғұзидің “Рабғұзи қиссалары” деген еңбегінде мол кездеседі. Мысалы, Эзоптың “Өгей шеше” атты мысалында: “Бірде Ксанф қасына Эзопты ертіп, дастарханға шөп-шалам алуға бақшашыға барыпты. Ксанф өзіне керек көкөністерін тандап алып, енді ақшасын төлейін деп тұрған кезде бақшашы оған:

- Егер сен маған мынаны түсіндірсең осы алғандарыңның бәрін тегін берер едім: мен қанша баптасам да жерге еккен жемістерімнен гөрі арам шөптер басып шығады, неге бұлай?-депті.

Ксанф бұған жауап бере алмай аңтарылып қалады. Сонда Эзоп:

Егер екінші рет күйеуге шыққан әйелдің үйде өз балалары және күйеуінің бұрынғы әйелінен қалған балалары да болса, өзінен туған балаларына ол – ана, күйеуінің балаларына – өгей шеше болады. Сонда ол, сеніңше, кімнің баласын жақсы көріп, көбірек тамақтандыра еді? – дейді.

- Әрине, өз баласын, - деп жауап беріпті бақшашы.

- Міне, жер де сондай. Өзінен туған өсімдіктерге ол ана да, сенің еккендеріңе өгей шеше емес пе? – депті сонда Эзоп.

Рабғұзи мысалындағы төмендегі хикаят сюжеті дәл Эзоптың шығармасындағы мазмұнды қайталамаса да, адамды ойлантар, тәрбиелік жағы басым, сонымен бірге шешендік өнердің үлгісі афоризм тұрғысындағы жазылған, қысқа болса да нұсқа шығарма екендігін көрсетеді.

“Хазірет Лұқпанға қожасы бидай ек деп бұйырады. Бұл кісі арпа екті. Қожасы айтты: “Мен бидай ек десем, арпа егіпсің”. Хазірет Лұқпан айтты: “Олай болса, не үшін жамандық жасап жақсылықтан үміт етесіз?”. Бұл әңгімеден кейін қожасы жаман істен тыйылды”

Сәйф Сарайдың “Түлстан би-т-турки” (“Түл бағы”) туындысында: “Бір уәзірдің бір біліксіз ұлы бар еді. Оны алып ғалымның қолына береді: “Баламды тәрбиеле, тәрбие алса ақылы кірер”, - деді. Ғалым біраз тәрбиелеп көрді, оған тәрбие қонбады. Сонда ғалым айтты: “Бұл баланы әкесіне әкесіне апарып салыңдар. Сәлем айтыңдар: “Балаңды қанша тәрбиелесем де, ақылды болатын емес, оның есесіне мен ақымақболуға айналдым” - деген екен.

Тағы бір әңгімесінде: “Бір кісінің үйіне ұры кірді. Іздеп, алатын ештеңе таппады. Үйден ренжіп шықты. Үй иесінің бір кілемі бар еді, ол кілемнің үстінде жатқан. Ұрының ренжіп бара жатқанын көріп, бос кетпесін деп кілемін оған берді” – деп келетін қысқа әңгіме Эзопта да жоқ емес.

Мәселен, Эзоптың айтып кеткен деген тағы бір мысалында: “Бір жолы көшеде Эзопқа қала әкімі жолығып қалып, қайда бара жатқанын сұрайды.

-Қайда бара жатқанымды білмеймін! – деп қисық жауап береді Эзоп. Қаланың бастығы ол өзін мазақ қылып тұр деп ойлап, шамданып қалады да, сақшыларды шақыртып, Эзопты түрмеге жабуды бұйырады. Олар қолын қайырып әкете бергенде Эзоп: Мен саған айттым ғой! Көшеде кетіп бара жатып түрмеге түсетінімді мен қайдан білейін? – деп ышқына айқайлапты.

Эзоптың тапқырлығына таңқалған әкім оны табанда босаттырып жіберген екен.

Рабғұзидің “Қисса-сул әнбиясындағы ” тағы бір қиссасында Лұқман хәкім турасында мынадай хикаят бар:

“Лұқман хәкімге патшасы: “Жақсы ет ас, жоғары мәртебелі қонақтар келеді” деген екен. Лұқман хәкім қой сойып, жүрегі мен тілін асып береді. Біраз уақыт өткен соң, патшасы: “Келетін қонақтар нашарлау, жаман ет ассаң да болады” деген екен. Бұл жолы да Лұқман хәкім, қой сойып, жүрегі мен тілін асып береді. Патшасы мұның мәнісін сұрағанда: “Тәтті болмақ та тіл мен жүректен, ащы болмақ та тіл мен жүректен” деп жауап берген екен.

Рабғұзидің аталмыш қиссасындағы хикаятқа ұқсас, айтар ой мен идеясына ұқсас Эзоптың “Әрі тәтті, әрі ащы” әңгімесі бар. Оқиға желісі төмендегідей келеді: “Бірде Ксанф Эзопқа үйге достары қонаққа келетінін айтып, ең бір дәмді тағамды дайындап қоюды тапсырады.

- Қонақтар келгенде дүниедегі ең мықты тағам дайын тұрады, -дейді Эзоп саспай. Сөйтіп ол базардан тіл сатып әкеліп, қонақтарға қуырып береді. Қонақтар соншалық сүйсініп жей қоймайды.

Дүниедегі ең мықтының түрі осы ма? – деп Ксанф көңілі толмай, ашу шақырады.

- Иә, - депті Эзоп, - дүниеде тілден артық ештеңе жоқ. Тілсіз сен дүниеде ештеңе де істей алмайсың: айтарыңды айта алмайсың, ешкімге бұйыра алмайсың, бере алмайсың, ала алмайсың, мемлекет те құра алмайсың, онда тәртіп орнататын заң да шығара алмайсың, бәрі-бәрі, оның ішінде сенің философияң да бар, тілдің арқасында өмір сүреді, Ксанф!

Эзоптың бұл сөзіне қожасы да, оның қонақтары да ештеңе айта алмапты.

Келесі күні Ксанф тағы да достарын қонаққа шақырып, Эзопты сынау үшін:

-Енді бүгін базардан ең дәмсіз тағам сатып әкел, - деп бұйырыпты. Эзоп тағы да тіл әкеліп, пісіріп беріпті.

-Кеше сен дүниедегі ең дәмді тамақ – тіл демеп пе едің, бүгін енді оны неге ең дәмсізге санап отырсың? – деп мысқылдапты Ксанф.

-Өте дұрыс айтасың, қожайын, - деп жауап беріпті сонда Эзоп бүлк етпестен, дүниеде тілден жаман не бар? Ерегесті де, төбелесті де бастайтын сол, алдау, арбау, қызғаныш, өсекті себетін, айтыс, тартыс, соғысқа апарып, жұртты қыратын да осы тіл емес пе? Міне қазір, Ксанф, сенің өзің де тілдің көмегімен мені сөгіп тұрған жоқпысың?..”- деп жауап береді.

Қазақ әдебиетінде мысал жанрына анықтама беруде ұлы тұлға Ахмет Байтұрсыновтан бастаған жөн. Бұған қарғанда, бұрында қазақ әдебиетінде мысал жанры болмады деу деген пікір қалаптаспаса керек.

Б.д.д. V ғасырда фригиялық ұсқынсыз құл Эзоп құрастырып жазып кеткен деген мысал жанры грек халқының арасында аса белгілі әдеби мұралардың бірі. Қазіргі әлем әдебиетінде мысал жанрының қалыптасуына Эзоптың енгізген еңбегі айтарлықтай. Ежелгі деректерде ауыз әдебиетіндегі мысал жанрының негізін қалаған да осы Эзоп болса, осы автордың қолынан шыққан болар дейтін жорамал бойынша, жазып кеткен мысалдарының өзі - 426 тарта. Сол мұралардың ішіндегі қазақ әдебиетіндегі ең белгілері «Қасқыр мен қозы», «Қарға мен Түлкі», «Бақа мен өгіз», «Шегіртке мен құмырысқа», «Қасқыр мен Тырна» т.б. шығармалар. Бұлардың ішіндегі кейбір шығармаларды қазақтың белді ақын-жазушылары Абай Құнанбаев, Ахмет Байтұрсынов, Мәжит Дәулетбаев, Спандияр Көбеев қазақ тіліне тәржімалады

Антика дәуірінде өмір сүрген авторлардың ішінде мысал жанрының кейбір үлгілерін Гесиодтың «Еңбек пен күндер» шығармасында, сонымен бірге паростық, VII ғасырдың басында өмір сүрген Архилохтың да еңбегінде кездестіреміз. Архилохтың мысалының ішінде, бізге үзінділерімен ғана жеткен «Қыран мен Түлкі» жөніндегі мысалды Эзоптың құрастырған мысалдарында да ұшырасамыз. Ежелгі гректердің халықтың поэтикалық шығармашылығында (барлық басқа да алғашқы дәуірдің поэзиялық үлгілеріндегідей) синкретизм жақын, яғни сөз өнері әуенмен, бимен және т.б. ойындық, ритмикалық дене қозғалыстарымен біте қайнасып тұрады.

1. Москвичева Г.В. *Русский классицизм*. - М., 1986. - С.172.

2. Шаңбаев Т. *Мысал жанрының стилі мен тілі*. - Алматы, 1994.- 16-19-б.

3. Ұлықбек Есдаулетов. *Эзоп туралы әңгімелер. Қазақ әдебиеті*. – 2004. – №22. - 4 маусым.

4. *Ежелгі дәуір әдебиеті /Құрастырған А.Қыраубаева*. - Алматы, 1991.- 185-б.

5. *Ежелгі дәуір әдебиеті /Құрастырған А.Қыраубаева*. - Алматы, 1991. 265-б.

Резюме

В этой статье рассматриваются древнегреческие, казахские, также западно-европейские аспекты жанра - басня.

Summary

This article describes the ancient Greek, Kazakh, also of West-European dimension in the genre of Fables.

ҚАЗАҚТЫҢ ТӨЛ ЖАЗБА ӘДЕБИЕТІНІҢ БАСТАУЛАРЫ ЖӨНІНДЕ

Е.Е.Тілешов -

«Руханият» орталығының директоры, филология ғылымдарының кандидаты

Қандай рухани құбылыстың болсын ұлт өміріндегі маңызы мен орны – оның көптің игілігіне, жалпы ұлттың рухани қазынасына айналуында. Осы орайдан келгенде, қазақ өмірінің ажырамас бөлігіне айналған, халқымыздың мәдени-рухани танымының ең басты көрінісі болған сөз өнерінің әлгіндей мәдениетті жол, өркениетті ізге түсуі, бұқараның арасына кең тарауы, алып даланың бір қиырында туған шығарманың келесі бір қиырға жетуі – әдебиеттің ауызшадан жазбашаға өтуімен тікелей байланысты. Жазба әдебиетінің тууы мен қалыптасуы ұлттық әдеби

тілдің дамуына, жаңа жанрлық жүйенің жасалуына, соны көркем стильдердің түзілуіне жол ашатындығы жөніндегі ойларымызды кейінге қалдыра тұрып, бұл арада жазба әдебиеттің өмірге келуі – ұлттық әдеби дәстүрді қалыптастыратындығын, бір халықтың әр өңірде туған көркем ойының басын қосатындығын, сонысымен ең бастысы – ортақ ұлттық санаға ұйтқы болатындығын айрықша бөліп айтқымыз келеді.

Жазба әдебиетіміздің тууы жөнінде айтылған ең алғашқы пікірлер өткен ғасырдың жиырмамыншы жылдарына келеді екен. Олар: 1923 жылы «Шолпан» журналында жарияланған Мұхтар Әуезовтың «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі» мақаласындағы, Ахмет Байтұрсынұлының 1926 жылы жария көрген «Әдебиеттанушысындағы», Халел Досмұхамедұлының 1928 жылы жарыққа шыққан «Казахская народная литература. Краткий очерк» еңбегіндегі айтылған жазба әдебиеті туралы ойлар. Бұл ой-пікірлер қазақ әдебиетінің тарихын жасауға деген талпыныстардан өрістегені ақиқат. Әдебиет тарихына қатысты келелі мәселелерді жүйелі түрде алғаш көтерген Мұхтар Әуезов болды. Оның бастапқы белгілері қаламгердің Абай жөнінде жазған алғашқы еңбектерінен, ой-пікірлерінен байқала бастады. Осы еңбектерінің біркатарында Мұхтар Абайдың жазба әдебиетіне қатысы жөнінде де ой қозғаған. Солардың бірі, біз үшін маңыздысы қазақтың жазба әдебиеті қашан және кімдерден басталатындығы жөніндегі әңгіме. Ол: *«Бұл күнге шейін қазақтың жазба әдебиеті жайынан сөз жазушылардың көбі біздің жазба әдебиетіміздің басы Абайдан басталады деп есептейді. Бұл пікір суретті художественная литература ретінен қарағанда дұрыс болса да, әдебиет тарихының ретімен қарасақ, үлкен адасқандық болады. Қазақта жазба әдебиет Абайдан көп бұрын басталған. Бұл есепке, көбінесе, дін мақсұтымен жазылған қиссаларды кіргізбесек те, айтыс өлеңдерді кіргізбеуге болмайды»* - деп жазады жоғарыда аталған еңбегінде /1, 79/. Автордың бұл ойынан кем дегенде үш нәрсені аңғаруға болады. Біріншіден, жазба әдебиетіміз Абайдан бұрынғы дәуірде басталған; екіншіден, нағыз көркем әдебиет талабына жауап беретін туындылар ең алғаш Абай шығармашылығында көрінген; үшіншіден, жазба әдебиетінің бастапқы дәуіріне айтыс өлеңдерді енгізу қажет. Енді қаламгер-ғалымның осы пікірлерін дәйектейік. Мұхтар жазба әдебиеті Абайдан бұрын басталады дегенде, жазба әдебиеттің қоғамдағы қызметіне айрықша мән бергенін аңғарамыз. Оған осы еңбектегі: *«Бірақ ол дәуірдің ақындары жазба әдебиеттің басы екендігі даусыз. Себебі, бұлардың өлеңінде ел тұрмысының бұрынғы айтылып жүрген жалғыз қызығы мен желігінен басқа, тұрмыстағы негізгі дерт, негізгі себептер айтыла бастаған. Ел күндегі өмірі, күндегі сезімі, күндегі ойыменен әдебиет шеңбері ішіне кіре бастады»* - деген ойы дәлел /1, 82/. Яғни, автордың ойынша «жазба әдебиеті» деген ұғымға «елдің күндегі өмірінің» әдеби шығармаға арқау болуы («әдебиет шеңбері ішіне») енеді. Автордың осы ой жүйесі, жазба әдебиеті жөніндегі негізгі ұстанымы бұл еңбектің бірнеше жерінде айтылады. Мәселен, жоғардағы пікірлерін жалғастыра келіп: *«...жазба әдебиеттің өз міндетін ұға бастап, қазақ тұрмысындағы кем-кетікті қолға ала бастағаны да Абайдан бұрын басталады»* - дейді /1, 80/. Яғни, Әуезов ұғымынша әдебиеттің жазбалық сипатқа ие болуы тұрмысты мейлінше кең қамтуымен байланысты, сондықтан да ол жазба әдебиетінің бастауындағы тұлғалар жөнінде: *«...Абайдың алдындағы адамдар деп Шортанбай, Алтынсарин, Мәшһүр-Жүсіп, әм Нарманбеттерді алу керек. Бұл адамдардың кейбірінің Абайдан жасы кем болғандығын есеп қылуға болмайды. Бәрінің жазған сөздеріндегі бетті, белгіні, сарынды еске алу керек»* - деп жазады /2, 80/. Осы тұста толықтыра түсетін бір жайтты айта кеткеніміз жөн. Әуезовтың ілгерідегі: *«Бұл есепке, көбінесе, дін мақсұтымен жазылған қиссаларды кіргізбесек те...»* деген пікірінен оның жазба әдебиеттің тууы мен қалыптасуындағы діни әдебиеттің орнын мүлдем жоққа шығармайтындығын да байқаймыз. Оны Мұхтардың Шортанбайға байланысты айтқан пікірлерінен де аңғарамыз.

Қазақтың жазба әдебиетінің туу себептері Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» еңбегінен көрініс тапқаны белгілі. Аханның бұл еңбегі әдебиет тарихына емес, теориялық мәселелерге арналғандықтан, автор әдебиеттің даму, өрістеу жолдарына кеңірек тоқтала бермеген. Баршаға белгілі бұл еңбегінде ол әдебиеттің басты дәуірлерін атап, сол дәуірлердегі жанрлық жүйеге көбірек көңіл бөледі. Сондықтан да автор әдебиет тарихын өзінің басты мақсатының аясында ғана сөз еткені байқалады. «Әдебиет танытқыштың» «Жазу әдебиеті» бөлімінде Ахан: *«Бастапқы жазба әдебиеттің бас мақсаты – дінді жаяу, дінді күшейту болса, соңғы әдебиеттің*

бас мақсаты – тілді ұстарту, әдебиетті күшейту, көркейту болады. Сөйтіп жазба әдебиеттің өзі екі дәуірге бөлінеді. 1. Діндар дәуір. 2. Ділмар дәуір. Діндар – діншіл деген мағынада, ділмар – тілші деген мағынадағы сөздер» - дейді /2, 262-263/. Бұдан байқайтынымыз: автор жазба әдебиетінің алғашқы кезеңін дінмен байланыстырып, оның «Діндар дәуір» деп атайды. Тұтас кезеңге Аханның осылайша атау беруі тегіннен тегін болмаса керек. Рухани құбылыс болсын, материалдық заттар болсын қай қайсысы да ең алдымен қажеттіліктен туатындығы белгілі. Жалпы көркемөнердің, оның ішінде, сөз өнерінің де белгілі бір өмірлік қажеттіліктен туғандығын ескерсек, онда жазба әдебиетінің де осындай қолданбалы сипаттан барып өрістегендігін аңғарамыз. Ол жөнінде ең алғаш пікір айтқан Ахаң болды. Ол: «Жазу әдебиет деп жазылған шығармаларды айтамыз. Жазылған шығармалар қазаққа жазу тарай бастағаннан бері қарай шыққан сөздер. Қазаққа жазу дінмен бірге келген» - деп жазады /2, 261/. Қазақ арасына жазудың келуі дінмен байланысты екендігі, ислам дінінің ұлттық жазба әдебиетіміздің тууына ұйтқы болғандығы өзге қаламгерлер тарапынан да айтылғаны белгілі. Айталық, жазба әдебиетіміздің тууына діни әдебиеттің, жалпы ислам дінінің ықпал еткені жөнінде Сәкен Сейфуллин: «Қазаққа хат үйреткен – Мұқаммет діншілері, шеттен келген мұсылман сәудегерлер, ноғай молдалар, шиандар. Сондықтан қазақтың көркем жазба әдебиеті туғанда, нұсқасы сол үйретушілеріне таратушы молдалардан, шиандардан тараған «Сопы Алдияр», «Сыпатил гаджизин», «Ғікмат» тәрізді өлең, жыр кітаптар барлық қазақ ауылдарында әптіектен соң оқылатын «үлгі», «ғыбрат» кітаптары болды» - десе /3, 201/, Халел Досмұхамедұлы: «Қазақтың жазба әдебиетінің негізін мұсылманиа оқыған, сауатты ақындар салғаны сөзсіз. Сондықтан да жазба әдебиеттің алғашқы үлгілерін халық поэзиясының діни және ғыбраттық түрлерінен іздеу қажет»- деп жазады /4, 33/. Халелдің осы пікірін негізге алып, жазба әдебиетіміздің бастау көздерін қарастырғанда олардың түрлеріне, яғни жанрларына мән беруіміз қажет. Өйткені, әрбір шығарма өзінің мақсатына және айтылуына қарай өзінше түр табатыны белгілі. Сондықтан бұл арада біз А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышындағы» жанрлық жіктелістерге назар аударамыз. Ахмет Байтұрсынұлы жазба әдебиеттің бастапқы кезеңін «Діндар дәуір» деп атай келе, оның жанрлық жүйесіне мейлінше жан жақты сипаттама береді. Автор: «Діндар жағының басымдылығымен айрылатын түрлері мынау: қисса, хикаят (мысал), насихат (үгіт), мінажат, мақтау, даттау, айтыс, толғау, терме» дейді де, осы айтылған әрбір жанрға сипаттама береді /2, 263-264 /. Оларды тұжырымдап айтсақ, онда «қисса – өлеңмен жазылған көбінесе діндар әңгімелер». Ол мазмұнына қарай екіге бөлінеді. Хикаят – өнеге түрінде айтылатын әңгімелер, насихат – үгіт мазмұнындағы шығармалар, мінажат – Аллаға жалбарыну мазмұнындағы сөздер, мақтау – діни мазмұндағы біреуге мадақ айтылатын шығармалар, даттау – біреудің мінін айтқан көркем дүниелер, айтыс – діни айтыстар, толғау – діни мазмұндағы толғаулар, терме – діни мазмұндағы термелер. Аңғарып отырғанымыздай, автор діндар дәуірдің жанрлық жүйесін жасауда ауыз әдебиетінің терминологиясына сүйенгені байқалып тұр. Дегенмен, Ахаң жазба әдебиетіндегі діни ағымның, қазіргі терминология бойынша діни-ағартушылық ағымның басты жанрларын айқындап берген.

Әдебиетіміздегі діни-ағартушылық ағым бірқатар жанрларды қалыптастырумен бірге, жазба әдеби тілдің де өрістеуіне ықпал етті. Бүгіндері төл сөзіміздей болып кеткен араб, парсы сөздері сол кезеңде көркем әдебиет тілінен өзіндік орын ала бастады. Алғашқыда бұл сөздердің көбісі жалпы халыққа түсініксіз, тілімізді шұбарлағандай көрінгені рас. Алайда, уақыт өте келе көркем сөз иелерінің шеберлігі, ол сөздерді жиі қолдану арқасында, сонысымен көркем мәтінге еркін енуінің барысында бұл сөздер көркем әдебиет стилистикасына табиғи бітісіп кетті.

Ислам дінінің қазақ даласына келуі Аллаға деген сеніммен бірге, жазу мәдениетін де алып келді. Алланың ілімін халыққа түсіндіру, шарифат жолын көпшілікке ұғындыру – әлеуметтің сауаттылығын қажет етті. Сол себепті де діни сауатты болу қазақ сахарасында дәстүрге айнала бастады. Қазақ сахарасында бастапқыда қожа-молдалар ғана хат таныса, кейін олардан оқып шыққандар да осы санатқа қосылып, оқып-жаза алатындардың саны жылдан-жылға көбейе түсті. Сөйтіп, қазақ даласында оқу-жазу мәселесі қажеттілікке айналды. Мұндай дәстүр өз кезегінде көркем әдебиеттің жазбаша сипатқа ие болуына да игі ықпал етті. Сауатты адамдардың саны көбейген сайын жазба әдебиет қажеттілікке айналып, бірте-бірте жазба әдебиет өкілдерінің де

қатары толыға бастады. Бұл ұлттық сөз өнерімізді байытқан, оның алуан қырларын қалыптастырған үлкен құбылыс болды.

Ұлттық жазба әдебиетіміздің тууы дінмен байланысты болған десек, онда оның алғашқы өкілдері діни сауатты, шығармаларына діни мазмұн арқау болған ақындар болуы тиіс еді. Осы қисынды тұжырыммен келгенде жазба әдебиетіміздің ізашар шығармашылық иелері діни бағыттағы, нақтырақ айтсақ, діни-ағартушылық бағыттағы ақындар болғанын аңғарамыз. XIX ғасырдың бірінші жартысында шығармаларын ауызша да, жазбаша да шығарған ақындар қатарында Шортанбай Қанайұлын, Дулат Бабатайұлын, Ақмолла Мұхамедиярұлын атаймыз. Бұл ақындардың өз шығармаларын жазып шығарғаны жөнінде мәліметтер баршылық. Айталық, Дулат жөнінде белгілі ғалым Қ. Өмірәлиев: *«Дулат қаламды қолға алып, сөзін жазып шығарып, өлең сөздегі осы формашылдық дәуірді бастады»* деп жазған еді. /5, 385/. Ал, Ақмолла ақынның өз шығармаларының жазбаша шығарғаны жөнінде деректер баршылық. Тіпті ақынның өзі де бір өлеңінде :

*Қазаққа өлең жаздым ашық қылып,
Қасиеттердің жүрегін ашыттырып...
Айтамын үгіт қылып қазақ халқын,
Көңіліңіз дін жағына сонша салқын.
Қаниама ғұламалар айтсадағы,
Бұрынғы қия алмайсыз ата салтын, –*

деп жазғаны белгілі /6, 180/. Шортанбай Қанайұлының жазба әдебиетке қатысы жөнінде Мұхтар Әуезов: *«Қазақ әдебиетінде дін сарынын алғаш бастайтын ақын осы Шортанбай болса, бұл өзі мұсылманишылықты исламның дін кітаптарынан алған адам болады. Ең алғаш жазып жырлаған, оқыған ақын да осы болуға ылайық»* деп жазады /7, 318/. Міне, осы деректер жазба әдебиетіміздің XIX ғасырдың алғашқы кезеңінен басталғандығын айғақтайды.

Жазба әдебиеті жөнінде бұрын-соңды айтылған пікірлерді саралай келгенде, оның тууы мен қалыптасуы турасында, негізінен алғанда, үш түрлі пікірдің қалыптасқандығын байқаймыз. Бірқатар ой-пікірлерде жазба әдебиетінің тууы шығарманың тікелей хатқа түсуімен, яғни автордың өз шығармасын жазып шығаруымен байланыстырылады. Бұл пікірді қуаттаушылар жазба әдебиеттің өмірге келуін дінмен байланыстырады. Осындай пікір айтушы топқа А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедұлы, С. Сейфуллиндер енеді. Ал, М.Әуезов жазба әдебиетінің тууын ондағы әлеуметтік мазмұнның тереңдеуімен берік байланыстырса, Қ.Өмірәлиев жазба әдебиеттің тууын жазба стильдің қалыптасуымен сабақтастырады. Осы үш түрлі пікірді жақтайтын ғалымдардың ғылыми тұжырымдарының баршасында да белгілі бір айтулы негіз бар болғандықтан, бұл тұста оларға оң-теріс деп біржақты баға беру дұрыстыққа шықпайды. Біз ол пікірлерді жазба әдебиеттің тууындағы критерилер ретінде алғанымыз абзал. Сөйтіп, қазіргі кезде осы критерилердің және басқа да ықпал етуші факторлардың ғылыми негіздемелерін даярлап, оларды әдебиеттің тарихы тұрғысынан әрі теориялық тұрғыдан негіздегеніміз жөн.

Жазба әдебиетінің туу кезеңі болған шамамен 1830-50 жылдардағы алғашқы үлгілерде жазба әдебиеті өзінің барлық қырынан жазбалық формадағы шығарманың нағыз үлгісін көрсете алмағаны белгілі. Бұл таза эволюциялық жағдай. Себебі, қандай құбылыс болсын, оның ішінде, әсіресе, рухани құбылыстардағы жаңа бастамалар бірден ерекшеленіп, бұрынғы байырғы дәстүрлерден оқшауланып тұра қалмайды. Кез келген жаңа бардың бояуымен көрінеді десек, жазба әдебиетінің алғашқы нұсқаларына қатысты да осы ойды тағы бір мәрте қайталауға тура келеді. Жазу, шығарманы жазып жариялау үдерісі басталған шақта сол шығарманың жанры, композициясы, тілі, әсіресе, стилі бұрнығыша көрініс береді. Сөйтіп, бірте-бірте ұштала келе, қалыптаса келе, жаңа қалып пен түрге ие болады. Бұл жөнінде жалпы қазақ ғылымынан лайықты орнын ала алмай келе жатқан, академиялық білімнің иесі Құлмат Өмірәлиев аса терең, өміршең ой білдірген болатын. Аса дарынды ғалым *«Қазақ поэзиясының жанры және стилі»* атты еңбегінде: *«Бірақ жазу өлең сөздің жаңа түрін, формасын бірден жасаған жоқ. Көпке дейін ЖАЗУ атты тәсіл-құрал көне үлгіде, бұрыннан бар өлең түрінде сөз жаратып келді. Форма, модель-үлгі біреу болды да, құрал әр түрлі болды. Сөйтіп ауызша туған сөз үлгісі мен жазбаша туған сөз үлгісінің ара-жігі айқын көрінбейді. Ол ғана ма, байырғы кезде ауызша поэзия жасалған түрде өлеңді*

жазып шығару келе-келе дәстүрге айналды да, ол енді келіп, керісінше, өзіне дейінгі ауызша поэзия үлгілеріне «жазба» сипат берді» - деп жазған болатын /5, 86/. Шынында да, шығарманың жазып шығарылуы жазба стильді бірден қалыптастырып кете алмады. Өйткені, көркемдік сана әлі де шығарманы жазып шығарудың жаңа жағдайына сай бейімделмеген болатын, дұрысы – жазба әдеби шығармашылыққа лайық көркемдік сана қалыптасудың алғашқы фазасында еді. Сондықтан алғашқы жазба әдебиет үлгілерін стилі жағынан ауызша әдебиеттің нұсқаларынан ажырату мүмкін еместей күйде болатын. Сол себепті де ғалымның айтқанындай, форма, модель (шығарма) түрі біреу, ұқсас болды да шығарманы тудыру құралдары (ауызша шығару, қаламмен хатқа түсіру) әртүрлі болды. Мұндай шығармашылық үдерістің өзгеруі түптің түбінде бәрібірде шығарманың композициясына оны қалыптастыратын тілдік-стильдік өңіне де өзгеріс енгізбек. Алайда, міне, осы өзгеріс эволюциялық жолмен жедел де емес, аса баяу да емес өзінің уақытымен болатын үдеріс. Бұл үдерістің астарында көркемдік сананың жаңа типке бейімделуі, шығармашылық актінің жаңа жағдаяттары жатады да, олар да эволюциялық жолмен өрістейді. Сондықтан ауызша әдебиет үлгілері мен жазба әдебиеттің алғашқы үлгілерінің арасында айтарлықтай қолмен ұстап, көзбен көрерліктей ерекшелік болмағандықтан, біз жазба әдебиеттің туған кезеңін нақты көрсете алмай жүрміз. Жазба әдебиеттің басталуын сөз еткенде, Абайға жүгіне беруіміз - ұлы суреткер поэзиясында жазба әдебиетінің бастапқы кезеңі емес, қалыптасқан шағының әлгіндей қолмен ұстап, көзбен көрерліктей бедерлі нұсқасының менмұндалап тұруында. Бірақ Абайдың саф алтындай өлең-сөздерінің осындай кемелдікке жетуі үшін, хас суреткердің ол биікті бағындыруы үшін, диалектика жолымен алғанда, оның алдында кең даңғыл болмаса да бірер соқпақтың болуы тиіс еді. Абай жазба әдебиетінің басы емес, өзінің алдындағы бірнеше ондаған жылдар бұрын тұқымын шашып, бүршігін атқан жазба дәстүрдің есейген бәйтерегі, мәуелі бақшасы. Сондықтан жазба әдебиетінің бастауын дария Абайдан емес, оғанға дейінгі бұлақтардан іздегеніміз абзал.

Қазақ өміріне, тұрмысына жазу элементінің келуі, – ілгеріде айтқанымыздай діни әдебиеттің қалыптасуымен байланысты. Ислам дінін қазақ сахарасына жеткізген араб жазуы бірте-бірте жазу дәстүрі дінмен бірге қоғамның басқа қажеттіліктері үшін де жұмсала бастады. Ендігі жерде бұл жазуды қазақ қоғамының ең «сөзшіл», «тіл жұмсайтын» әлеуметтік тобы – ақындар қолдана бастады. Өлең шығару кәсіпке айнала бастаған шақта жазу ақындар үшін қажетті құрал бола бастады. Әрине, жазу барлық ақынның құралына емес, алдымен үркердей топтың ғана қажеттілігіне айналды. Осы топ жазба әдебиетіміздің алғашқы өкілдері болуымен бірге «жазу» атты құралдың таратушылары да, қажет десеңіздер көрнекі насихатшылары да болды. Жаза білу, сауаттылық шығармашылық тұлғаның ерекшелігі ғана емес, өз замандастарынан белгілі бір дәрежеде артықшылығы да болды.

Жазба әдебиетінің жалпы әдеби-тарихи үдеріске айрықша әрі қарқынды ықпалы мыналардан көрінеді. *Біріншіден*, жазба әдебиет өзімен бірге жаңа жанрларды қалыптастырды; *Екіншіден*, ауызша шығарылған шығармаға қарағанда жазба әдебиетінің туындысы әдеби тілдің нормаларына сай лексика-стистикалық қабатты түзе бастады; *Үшіншіден*, жазба әдебиеттің қалыптаса бастаған алғашқы 40-50 жылында әдебиет үлкен өзгерістерге барды. Жазба әдебиет ауызша әдебиетке қарағанда қай жағынан болса да жедел дамуға түсті. Аз жылдың ішінде жазба әдебиеті таза әдеби-көркемдік жағынан болсын, тақырыптық-идеялық жағынан болсын қарқынды дамыды деуге болады; *Төртіншіден*, ауызша әдебиет авторларына қарағанда жазба әдебиеттің авторлары таза шығармашылық иелері бола бастады. Яғни, әдебиет біреуді мақтау немесе даттау үшін айтылатын өлең-сөз емес, жалпы ұлттың басындағы әлеуметтік мәселелерді асыл сөзге айналдыратын көркем шығармашылық екендігі сезіле бастады. *Бесіншіден*, жазба әдебиет жаңа типтегі шығармашылық иелерін тудырды. Абайдың біз білетін кемеңгерлік биікке көтерілуі – оның жазба әдебиетінің өкілі болуында. *Алтыншыдан*, жазба әдебиетінің қалыптасуы бұрындары қазақ жерінің әр өлкесінде «бірі ескілікті жақтап, бірі орыс ұлығын жамандап, бірі қазақты жамандап, түпкі дертті таба алмай жүрген» /1, 82/ ақындар ендігі жерде бір-бірін біле бастады. *Жетіншіден*, әдебиет бұрын халықтық, бытыраңқылық сипатта болса, ендігі жерде жазба әдебиетінің аясында жалпыұлттық әдеби үдеріс қалыптаса бастады. Осы айтылғандар ұлттық сөз өнеріміздің ауызшадан жазбашаға өтуіне қажетті жағдай жасады. Жазба әдебиеттің қалыптасуы тек қана әдеби-көркем факті емес, сонымен бірге кеңірек алғанда, жалпы ұлт мәдениетінің жаңа

сапаға, соны деңгейге көтерілуі болатын. Әдеби-тарихи үдеріс ауқымында дүниеге келген жазба әдебиеті құбылысы бұдан соң болатын бірқатар ілгерінді мәдени-тарихи құбылыстардың алғышарттарын қалыптастырды.

1. Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 2 том. - Алматы: Ғылым, 1998.
2. Байтұрсынов А. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1993.
3. Сейфуллин С. Қазақтың көркем әдебиеті туралы // Жұлдыз. - №5. - 2006.
4. Досмұхамедұлы Х. Аламан. – Алматы: Ана тілі, 1991.
5. Өмірәлиев Қ. Қазақ поэзиясының жанры мен стилі. - Алматы: Ғылым, 1983.
6. Жеті ғасыр жырлайды. Екі томдық. Бірінші том. - Алматы: Жазушы, 2004.
7. Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 7 том. - Алматы: Ғылым, 2002.

Резюме

В данной статье рассматриваются периоды зарождения казахской письменной литературы. На литературно-историческом материале, научно-теоретической литературе автор обосновывает основные общественно-социальные, религиозно-философские, литературно-эстетические предпосылки этого культурно-духовного явления.

Summary

The following article is a study of periods of the origination of Kazakh written literature. Using the literary-historical material of scientific-theoretical literature the author substantiates the fundamental public-social, religious-philosophical, literary-aesthetic preconditions of this cultural and spiritual phenomenon.

ӘДЕБИЕТ ТАРИХЫНДАҒЫ АЗАТТЫҚ ТАНЫМДАРЫ

М.Бекбосынов -

*Абай атындағы ҚҰПУ-нің «Абайтану» ғылыми-зерттеу орталығының
аға ғылыми қызметкері, филол.ғ.к.*

Өркениетке ынтызар, ата-баба мұратын кастерлейтін, ұлттық тәрбиені ту еткен мемлекетіміздің әдебиетінің бүгінгі таңдағы саяси мақсаты мынаған саяды:

Ақылы кәміл жігіттер,
Заманның көз сал халына.
Халқыңның ойла пайдасын,
Өзің үшін налыма!

Олай болса заманға сай аяқты нық басу үшін де, ұрпақты ата-баба дәстүрімен тәрбиелеу үшін де, кейбір Еуропаның гуманизмге жат уағыздарына қарсы, елдегі кертартпа этноцентризмге қарсы, халқымыз тауып айтқан «Ауылдастың аузы сасық» деген нигилизмге қарсы мемлекеттік этнопедагогикалық тәрбие беру мен «жаксыдан үйрен» деген талап тұрғысындағы ұлттық саясатқа педагог ретінде, ғалым ретінде, ақыр аяғы «Ақын бол, болма өз еркін, азамат болу – міндетін» дегендей, азамат ретінде де өз үлесімізді қосуға міндеттіміз.

Осы міндеттің бірі – ұлттық намыс, ұлттық жігерді ояту мақсатында отарлық езгінің әдебиетте бейнеленуін бүгінгі ұрпаққа тағылымдық тұрғыда талдап отырып жеткізу деп білемін.

Ресей мемлекетінің тарихында ең обыр, тойымсыз, қанқұйлы отаршыл екі патша болған. Олар: IV Иван (1553-1584), I Петр (1689-1725). Бүгінге дейін оларды сол отыршылық әрекеттері үшін Ресей империясының беделін арттырған, орыс ұлтын бақытқа жеткізген, «Великий», «Грозный» патшалар деп жер-көкке сыйғызбай қолпаштап, мақтап, марапаттап,

ол аз болса, сол таяққа сүйенген озбыр патшалардың кесірлі, кесапатты саясатынан қанға бөгіп, қасірет шеккен елдерді солар істеген іске тамсандырып, құлдық ұрғызуы орталық жаны сірі саясат сұрқының зымияндығын дәлелдейді.

Отарлық езгінің тарихын М.Қозыбаев, Т.Шонанов, М.Мырзахметов, М.Шоқай, С.Әсіп, Қ.Аманжолов, М.Мағауин сынды ғалымдар жазды.

Орыс отаршылдарының қазақ елін отарлауы шын мәнінде 1730 жылдан емес, 1582-1598 жылдардағы Ермак-Көшім соғысынан басталып, 1864 жылы Черняевтің ұлы жүзді орыс империясына қаратуымен аяқталды. Біздің міндет осы отарлау тарихының әдебиетіміздегі бейнеленуін көрсету болмақ.

Әдебиет–тарихтың айнасы. Халық басынан кешкен осынау азапты отарлық бұғау әдебиетте өз көрінісін беруі Асан қайғы толғауларынан бастау алады. Қазақ әдебиетінің дана кемеңгері Асан қайғының:

Қилы-қилы заман болар,
Қарағай басынан шортан шалар,-
деген көрегенді сөз жұмбағы осы отарлау тақырыбының әдебиеттегі бастамасы болды. Бұл жұмбақтың шешуін дәл тауып, отарлық саясаттың зұлымдық мәнін ашып Бұқар жырау былай деген еді:

Күнбатыстан бір дұшпан,
Ақыр да шығар сол тұстан.
Өзі сары, көзі көк,
Бастығының аты поп.
Күншығысқа қарайды,
Шашын алмай, тарайды.
Құдайды білмес, діні жоқ,
Жамандықта міні жоқ.
Осы сынды бір кәпір,
Аузы-басы жүн кәпір.
Жаяулап келер жұртыңа,
Жағалы шекпен кигізіп,
Балды май жағар мұртыңа.
Жемірлерге жем беріп,
Ел қамын айтқан жақсыны,
Сөйлетпей ұрар ұртыңа.
Бауыздамай ішер қаныңды,
Өлтірмей алар жаныңды.
Қағазға жазар малыңды,
Есепке салар барыңды.
Еліңді алар қолыңнан,
Әскер қылар ұлыңнан.
Тексізді төрге шығарып,
Басына ол күн туғанда,
Теңдік тимес қолыңа.

Қазақ халқының ұлтжанды, кемеңгер ғалымы Телжан Шонановтың айтуынша қазақ елін ресми отарлау екі кезеңнен тұрады.

1. 1732 жылдан 1867 жылға дейінгі атты казактар мен жаулаушы әскерлерді орналастыру;

2. 1867 жылдан бастап қара шекпен мұжықтарды орналастыру.

Мұның бірінші кезеңі – қазақ елінің ерік күшінің әлі мұқалмаған, құлдық тәуелділікке мойын ұсына қоймаған кезеңі. Сол себепті де осы кезеңде ұлт азаттық қозғалыстары кең етек алып, ұлт мүддесінің Махамбет, Дулат сынды жыршылары – елдің еркіндік ұранын шырқау шегіне жеткізе көтерді. Осы екі ақын ғана емес, осы кезеңде өмір сүрген ақындардың қай-қайсысының болса да шығармашылық тақырыптарының негізгісі жер мәселесі болды. Бұл

жайлы академик М.Қозыбаев былай дейді: «Махамбет жырлары – туған жер қасіретінің куәсі, замана сыры, қоғам, ел үні». Сондықтан да болар бүкіл әлем әдебиетінде Махамбеттің ұстарының жүзіндей өткір поэзиясы деңгейіне мадьяр ақыны Ш.Петефиден өзге жуықтай алған сөз зергері жоқ. Мұның басты себебі – туған жер қасіреті. Сол себепті Махамбет:

Арғымақтың баласы,
Аз оттар да, көп жусар.
Азамат ердің баласы,
Аз ұйықтар да, көп жортар.
Дұшпанға кеткен кегі мен
Талауға түскен жері бар,-
десе, Дулат: Атам қонған кең далам,
Мендей сені қызғанар.
Баурыңда өскен қай балаң?!
Көл қорыған қызғыштай.
Сен десе салам байбалам-

деген. Отаршылдар алғаш қазақ жеріне қол арта бастағаннан-ақ елдің осындай жауынгер рухын, туған жерге деген шексіз махаббат сезімін тұрмыс тауқыметімен тұншықтыру үшін түрлі зымиян әрекеттерге барған. Соның бірі – Сібір әскерінің бастығы генерал-майор Веймарнның 1762 жылы 21 наурызда Сыртқы істер коллегиясына жазған баяндамасындағы ұсынысы. Онда Веймарн былай дейді: «Қазақтың күші – мал. Қазақ малға шұрайлы жер іздейді, сондықтан қазақты малдан айыру керек. Малдан айырылса – қазақ қайыршыланады, ал қайыршы жұрт өкіметке қарсыласа алмайды. Ол үшін қазақты отырықшы тұрмысқа қызықтыру керек. Қазақ малы пішенге үйренбеген, отырықшы ел малын пішенмен асырайды. Оған үйренбеген мал жұтайды. Онымен қоса қазақ пішенді жеткілікті дайындай алмайды, оған күші де, техникасы да, бейімі де жоқ». Отаршыл өкіметтің Абылай, Құлсары, Уали, Нұрым, Жәңгір, Қарауылқожа, Беймағамбет, т.б. ұй салып, ақша беріп, егін егуге жер беріп қамқорсуы – осының айғағы. Ал біз бұл саясаттың мәнін түсінбей, қазақта Жәңгір сынды ірі жер иеленуші феодалдар болды, Махамбет сол феодалдарға қарсы күрескен шаруалар көтерілісінің басшысы деп келдік.

Соның кесірінен қазақта мүлде болмаған феодализмді болды деп, ал Исатай-Махамбет бастаған ұлт азаттық көтерілісін шаруалар көтерілісі дәрежесіне дейін төмендетіп көрсеттік.

Енді ресми отарлаудың екінші кезеңіндегі отаршылдар әрекеті мен оның әдебиеттегі көрінісіне келсек, мұның бірінші кезеңнен түбегейлі өзгешелігі бар. Өйткені, біріншіден, бұл кезеңде қазақ халқы 45 млн. десятина шұрайлы жерлерінен айырылып, қу дала, құла дүзге қуылды. Екіншіден, қазақ өзінің дербес мемлекеттігінен, ресми бостандығынан айырылып, толық мәніндегі отар елге айналды. Үшіншіден, тұрмыс деңгейі қасақана «байтал түгіл, бас қайғы» дәрежесіне дейін құлдыратылып отарлық озбырлықтың шектен шыққаны сонша, халық қарулы көтеріліс арқылы бостандыққа жету үмітінен күдер үзіп, енжарлық, құлдық психологияға бой ұрды.

Міне, осы себепті Абай, Шәңгерей сияқты ақындар оқу, ғылым, білімді игеру арқылы жадиттік жолмен (Анахарсистен бастау алып, XX ғасырдың басында Гаспринский қоғамдық қозғалыс ретінде негізін қалаған әдеби ағым) теңдікке жетуді көкседі. Олардың шығармашылығына тән басты белгілер: этноцентризмге қарсы күрес пен әлем жұрттарының жеткен жетістіктерінен үйренуге халықты жетелеу болды. Осы мақсатқа орай Шәңгерей Бөкеев «Эдиссон», «Ғылым» сияқты өлеңдер жазса, Абай шығармашылығы бүтіндей осы жолға қызмет етті. Абай халықты қараңғылық бұғауында ұстап, сана дамуына зор кедергі болатын бос кеуде қағуға, этноцентризмге жан-тәнімен қарсы болды. Бұған дана хәкімнің ғақлияларындағы «Екінші сөзі» нақты дәлел бола алады. Абайдың өз халқының болашағына қатысты кез келген іске терең мән бере қарайтындығы сондай, сырт көзге ел мүддесін қорғап, отарлық миссионерлік саясатқа қарсы бағытталған сияқты болып көрінетін сол кездегі «Дала уәлаяты» газетінде жарияланған ғылыми негізсіз панисламистік мақалаларға қарсы 1899

жылы осы басылымда «Қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы біраз сөз» деген мақала жазды. Бұл қазақ тарихына қатысты жазылған алғашқы байсалды ғылыми зерттеу еңбек болатын.

Қысқасы, Абай шығармашылығының отарлық езгіге қарсы мәні ғылым, білім, адамдық ар-ұят, ұлттық тәрбиеден туындайды. Сондықтан да ол:

Малда да бар жан мен тән,
Ақыл, сезім болмаса.
Тіршіліктің несі сән,
Тереңге бет қоймаса?!

деген.Әрине отарлық езгіге қарсы қазақ халқының бұл ақындардан басқа барлық сөз зергерлері әр кезеңде түрлі әдеби ағымда шығармашылық еңбек етті. Оның бәрін талдап шығуды бір мақала көлемі көтермейді.

Сөз соңында айтарымыз, бүгінгі мемлекетіміздің жарқын болашағы өзгелердің озық өнерін үйрене отырып, өткен тарихымызды дұрыс зерделеп, мемлекеттік деңгейдегі ұлттық тәрбие негізінде халықты өркениетке жетелеуге байланысты. Бұл:

Азамат анау қазақ қаным десең,
Пейіштің суын апар жаным десең.
Әйтпесе, ібіліс бол да у алып бар,

Тоқтатам, тұншықтырам зарын десең- деп Мағжан айтқандай, дәл осы кезеңдегі көкейкесті мәселе.

Резюме

В статье рассматриваются освободительные движения казахского народа против колониального ига в произведениях казахской литературы XIX века.

Summary

The article about liberation movement against colonial yoke expressed in the works of Kazakh literature XIX century.

Ғ.МҮСІРЕПОВ - КӨРКЕМ СӨЗ ШЕБЕРІ

А.Д.Ибраева -

*филология ғылымдарының кандидаты, Абай атындағы ҚазҰПУ-дың
аға оқытушысы*

Белгілі бір көркем шығарма жазушының ішкі жан дүниесіндегі өзгерістер нәтижесі десек, әр қаламгердің мінез-құлығы, іс-әрекеті ешкімге ұқсамайтындай сөз саптасы да өзгеше болады. Осындай үндестіктермен байланысты болса керек, әр қаламгердің өзіне тән сөз саптамасы өзіндік қалыптасқан стилі де әрқилы болып келеді. Ғ.Мүсірепов алғашқы шығармаларынан-ақ өзіне тән стилді танытқан қаламгердің бірі. Жазушы кез-келген жанрдағы жазған шығармаларында оқырманға ой тастауға, оның сезімін қозғауға күш салған. Көпшіліктің сөзді кім айтқанына емес, не айтқанына бас ұратынын қаламгер білсе керек. Оның қай шығармасы болсын телегей теңіз ой пікірге толы. Қаламгер өмір көріністерімен қатар, адамның ішкі жан-күйін ашық, айқын суреттермен бере білген. Суреткер шеберлігін танытатын мына жолдарға назар аударып көрейік: «Үсіген мұрындар құзғын тұмсығындай бозғылт тартқан. Бет томпақтары ойдым-ойдым қожалақ, күйген бауыр сияқты көрінеді. Тіс аралары қара алтынмен қаптап қойғандай көрінеді». Бұл тұрмыс ауыртпалығын көтеріп, әбден қажыған жұмыскерлердің бет бейнесі. Күйген бауырды көз алдымызға елестетіп көрейікші. Бұжыр-бұжыр қара қошқыл түрі адамды шошытарлықтай. Міне жазушы шеберлігі сол белгілі көріністі суреттеу арқылы кейіпкер бейнесін нанымды суреттейді. «Тіс аралары қара алтынмен қаптап қойғандай көрінуі»-еңбекшілердің ауызында сау тісінің жоқтығы оның қиындықты көп көргенін байқаса керек. Осылай кейіпкерлерінің сыртқы бет бейнесінен олардың ішкі жан-азабын байқатады. «Сол жақ көзін біреу тамырымен суырып ала бергенде қолынан шығып кетіп, айырылып қалғандай, шелей басқан ақты көз жіңішке жағынан

жарылған жұмыртқаға ұқсап, шодырайып суырылып тұр. Сол жақ қас, ортасынан сынып кеткендей, құйрығын тік шаншып апты. Оң жақ беті жымиып, сол жақ беті «ә, қорқып кеттің бе?» деп тұрғандай бедіреді». Кейіпкердің ішкі сипаты оның сырт келбетінен айқын аңғарылып отырады. «Сол жақ қастың ортасынан сынып кеткендей, құйрығын тік шаншып алуы» кейіпкердің көңіліне сызат түсуін суреттесе, «сол жақ көзін шел басып, жарылған жұмыртқаға ұқсауы» кара жұмысты атқарған еңбекшілердің көп азап көріп, мұхнат тартуы суреттелген. Қоғамдағы өзекті мәселелерді көтеруде күлкінің ұйыттылығы басым. Келеңсіз мәселелер, адам бойындағы жағымсыз мінез-құлық сын мен әжуа арқылы суреттеледі. Ғ.Мүсіреповтің өзіне тән ерекшелігі оның әзілі ішкі наразылықтан туындаған ащы күлкі емес, өмірді сүйген жақсылыққа ұмтылған жылы лебізі болып табылатындығы. «Лезде үйме-жүйме топтың арасынан бір адам сытылып шығып, биік ақ күртіктің үстімен шығып қырға қарай қаша жөнелді. Басындағы тымағы айналып алқымына келіпті... Соңынан қуған сіріңке кара адамдар жете алар емес, шоқайлары тайғанап, кейіндей береді. Айрылып қалып, енді жете алмағандарына ызалы жұмыскерлер ызаланып боқтайды. Қашқан жігітті өкшелеп қуып, әке-шешесін қос қабаттап, есіне түсіріп бара жатқан сол боқтаулар ғана». Осындағы жазушының «Басындағы тымағы айналып алқымына келіпті» дегені қашқан жігіттің екпінін көрсетсе, «Соңынан қуған сіріңке кара адамдар жете алар емес» деуі қуғыншылардың әлек болуын әдемі әзілмен шебер суреттейді. Қашқан жігіттің жеткізбесін сезінген қуғыншылардың шарасыздығы «Айрылып қалып, енді жете алмағандарына ызалы жұмыскерлер ызаланып боқтайды. Қашқан жігітті өкшелеп қуып, әке-шешесін қос қабаттап, есіне түсіріп бара жатқан сол боқтаулар ғана» деп шебер өрнектейді. Өздері жете алмағандардың ызалы боқтау сөзі қашқан жігіттің шыққан тегін еске түсіруі әсерлі шыққан.

Кейіпкерлерінің әсем сөздері олардың жан-дүниесінен шынайылығын көрсетеді. Еркіндікті аңсаған қайтпас қайраттай қалыптарын олардың сөздерінен анық аңғарып отырамыз. Жазушы жағымсыз ортаның әсерін кейіпкер сөз әлпеттері, мінез-құлқы, қаталдық, опасыздық сипаты арқылы аңғартады. Адам көңілінің бірде алаулап, бірде тасқындап, әр алуан болып өзгеріп отыратын күйін әсерлеп бейнелеу үшін көркем тілді шебер қолданған. Ой мен тіл поэзияға ғана тән емес, прозаға да керек.

Ғ.Мүсіреповтің басты ерекшелігі тілінің поэзиялық мәнерінде. «Ақын қыран, қияға да қонады, ақын адам далаға да қонады. Ақын бойын да, ойын да жасыра алмайды. Ақын жаны оңай жараланады, оңай жазылады, емі көп. Ақын жүрегіне кек тұрмайды. Кек тұрса қақ тұрғаны. Қақ тұрған жүрек-тот басқан асыл, енді одан берекелі үн шықпайды. Ақын-заман бір күндік те емес, бүгіндік те емес. Оның кешегісі- бүгіндік, бүгінгісі-ертеңдік»- деген жолдарда поэзияға тән үндестікті байқаймыз. Көркем сөз шебері әр сөзді орын-орнына қоя білген. Мұнда қаламгер айтатын ойын философиялық түйіндер арқылы өрбітіп, жай ғана айта салмай өлеңге тән ырғақпен ұйқастырып отырған. Жазушы көркем шығарма тіліне биік талап қойған. Кез-келген шығарма тілінің жұтаңдығын байқаған қаламгер қатты сынға алып, олақ құрылған сөйлемдердің болмауына көп мән берген. Көркем шығарманың тіліне осылай талап қойған жазушы өзі осындай талапты мүлтіксіз орындаған. Ұлттық сөз өнеріміздегі тілдің көркемдік құдіретін жазушы шығармаларын орыс тіліне аударушылар толық жеткізіп бере алмады. Қаламгер тілінің бейнелілігі әлі терең қарастыру қажет етуде.

Резюме

В статье рассматриваются особенности писательского мастерства Г.Мусрепова.

Summary

The article touches upon the peculiarities of G.Musrepov's writing skill.

БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНІҢ ТӘРБИЕЛІК РӨЛІ

Ә.Жәкім -

Абердин(Англия) университетінің докторанты (PGCert in Advanced Educational Studies of University of Aberdeen), филология ғылымдарының кандидаты

Балалар әдебиеті – жас ұрпақты тәрбиелеудің бірден-бір құралы. Кішкентай сәбиге адамгершілік тәрбие беру, ізгілік пен жақсы қасиеттерге баулу мен жат қылықтардан

сақтандыруда балаларға арналған шығармалардың орны ерекше. Өйткені құрғақ уағыздан гөрі балаларға шығарма кейіпкерлерінің мысалы көбірек әсер етеді. Әрине, бөбектің белгілі бір шығармадан нәтиже шығарып, түйін түйюі үшін оған үлкендердің көмегі қажет екендігі анық.

Өсіп келе жатқан бүлдіршіннің негізгі психологиялық қажеттілігінің бірі – оны сүйсіндірер әрі танымын кеңейтер қызықты оқиға. Балалар әдебиеті осы қажеттілікті молынан өтейді. Мұнда баланың ұшқыр қиялын жетелейтін, қызығушылығын оятатын шытырман оқиға да, оған деген мейірімділік, махаббат пен қамқорлық та бар. Мұнымен қатар, балалар әдебиеті, әдетте, бүлдіршіндердің танымын, ой-өрісін кеңейтетін шығармаларға бай. Ал көркем әдебиет сөзбен өрнектелген ой орамдары болғандықтан, оның кішкене оқырмандар мен тыңдармандарды көркем сөз кестесімен таныстырып, бейнелі ойлауға жаттықтыруда және тілін дамытуда орны ерекше. Міне, бір қарағанда «онай» болып көрінетін балалар әдебиеті – өзіне осындай сан қырлы ауыр жүкті артатын әдебиеттің күрделі әрі қызықты саласы.

«Балалар әдебиеті – қиын әдебиет. Оның бірталай өзіндік ерекше сипаттары бар. Балалар кітаптарында әрекеттің нақтылығы мен образдың көрнектілігі, лириктік сезімталдылық, характерлер мен уақиғаның динамикалық түрде дамуы, тіл тазалығы мен тартымдылығы қажет» [1;74] деген академик С. Қирабаев пікірі балалар әдебиеті сияқты әдебиеттің жеке бір арнасының өзіндік ерекшеліктері жайлы құнды мәлімет береді. Шындығында да, балаларға арнап шығарма жазу – қаламгерден үлкен жауапкершілікті талап ететіні белгілі. Балалар қаламгерлері жас ұрпаққа тәлім-тәрбие беретін, оның дүниетанымын кеңейтетін шынайы әрі көркем шығармалар жазуы қажет.

Қазақ балалар әдебиетінің көрнекті өкілдері бүлдіршіндер шығармаларына қойылатын осы талаптарды сақтай отырып, жас ұрпаққа тәрбие берудің көркем де тартымды жолын игере білді. Өз бастауын көрнекті педагог, қаламгер Ы.Алтынсарин шығармашылығынан алатын қазақ жазба балалар әдебиетінің өркендеуі мен қарқынды дамуы, заманауи қайшылықтарға қарамастан, кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті кезеңінде болды. Әдебиеттің бұл кезеңінде Т.Жомартбаев, Б.Майлин, І.Жансүгіров, А. Тоқмағамбетов, Ө. Тұрманжанов, М. Әлімбаев, Ө. Табылдыев, Қ. Мырзалиев, Ж. Смақов, Ө. Дүйсенбиев, М. Жаманбаев, Ж. Кәрібозин сынды т.б. қаламгерлер қазақ балалар поэзиясына айтарлықтай үлес қосты. «Адамның адамшылығы – ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады», - деген Абайдың құнды тұжырымында бала тәрбиесіндегі ортаның рөлі ерекше аталып өтілген. Әрине, өмірдің есігін жаңа ашқын жас сәбидің ең алдымен адам, келе-келе жеке тұлға, саналы азамат болып қалыптасуында жақын адамдардың және олардың беретін тәлім-тәрбиесінің маңызы зор. Дүниеге шыр етіп келген сәттен бастап сәби ата-ана қамқорлығын сезініп, махаббатына бөленіп өссе, оның болашақта жақсы қасиеттерімен танылып, үлгілі әрі зерек шәкірт, тәрбиелі, әрі тәртіпті азамат болатындығы сөзсіз. Баланы тәрбиелеу, қалыптастыру – ата-ананың ардақты борышы десек, осы жауапкершілігі жоғары үрдісте оның ыстығына күйіп, суығына тоңатын да солар. Сондықтан да алғашқы күннен бастап, бала бойына жақын адамдарға деген махаббат пен мейірімділікті сіңіре білудің мәні айрықша. Өйткені ата-ананы, жақын адамдарды сыйлай, қадірлей білу баланы үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге үйретеді.

Апам мені: күнім деп

Аймалайды күлімдеп.

Ақ әжемнің «жанымын»:

Айтатын жыр-әнімін

Атам: «менің панам», - деп,

Көкем: «ойлы балам», - деп,

Сенім артты маған көп,

Шығады деп адам боп [2;21].

Әдібай Табылдың осы шағын өлеңінде балаға ең жақын адамдардың оған деген ықыласы, сүйіспеншілігі мен артқан сенімі бүлдіршін атынан көркем өріліп, шебер суреттелген. Дыбыстық қайталаулар мен егіз ұйқас көркем үндесе келе, өлеңге әуенділік дарытады. Балаларға арналған өлеңдердің тілі жатық әрі ауызекі сөйлеу тіліне жақын болғандығы абзал [3;59]. Жеті буынмен өрілген өлең баланың есте сақтауына да, жатқа айтуына да жеңіл. Әрбір екі тармақта отбасы мүшелерінің бүлдіршінге деген сезімі әсерлі кескінделген. Апасы бөбекті «күнім» деп,

әжесі «жаным», атасы «панам», көкесі «ойлы балам» деп еркелетеді, жай ғана еркелетіп қоймай оған үлкен сенім артады. Бұл жөнінде кішкене лирикалық кейіпкер «Сенім артты маған көп, Шығады деп адам боп» деп ой түйеді. Бұл өлеңді естіген немесе оқыған бүлдіршін іштей лирикалық кейіпкермен жақындығын сезінеді. Баланың көз алдына өз жақындары, олардың сөздері келеді, әрі өзіне артылған сенім жөніндегі ойға жетелейді. Дидактикалық сарыннан гөрі балаға сенім артып сөйлеу немесе баланың өзін сөйлету бүлдіршіндерге көбірек ықпал етіп, жақсылыққа үндеп, тәрбиелейді. Өлеңдегі тартымды сәттің бірі «Ақ әжемнің «жанымын»: Айтатын жыр-әнімін» деген үзіндіде әженің немересіне деген сезімі тартымды бейнеленген. Кейіпкер өзін әжесінің жыр-әніне балайды. Мұның астырында әжесінің бүкіл болмысының осы сәби айналасында екендігін аңғаруға болады. Ана мейірімі мен аялы алақанының жылуы «Апам мені «Күнім» деп, Аймалайды күлімдеп» деген жолдардан байқалады. Ал ата мен көкенің «панам, ойлы балам» деген сөздерінен сәбиге деген махаббатпен қатар, жоғарыда айтып өткеніміздей, сенімнің жүгі танылады. «Мен сүйікті баламын – Кенжесімін анамның» деген соңғы тармақтардан жақындарының махаббатына бөленіп өскен кенже балаға тән еркелік мінезді де аңғаруға болады.

Мақтайды әкем:

- Батырым,

Енді өзіме серік!- деп.

Өсіп келе жатырмын

Өз әкеме еліктеп.

Әкем мені жасымнан

Тастамайды қасынан [4;269].

деген Мұзафар Әлімбаевтың өлеңінде кішкене кейіпкер әкесі туралы тебірене сыр шертеді. Бала үшін ата-анасына еліктеу, оларды мақтан тұту - заңды құбылыс. Әрі солай болуы да тиіс. Ата-анасын өзіне үлгі ету арқылы бала оларды сыйлауға, құрметтеуге, бағалай білуге үйренеді. Әке мен бала арасындағы түсіністік пен махаббат сезімдері өлеңде ұтымды суреттелген. Өз баласының есейіп, өсіп келе жатқандығын көрген әке мақтанышы кейіпкердің өз сөзімен берілген. Мұндай мақтау бүлдіршінге үлкен жауапкершілікті жүктеумен қатар, оны қайрап, жақсы қасиеттерге жетелейді. Сонымен қатар, бұл шағын өлеңнің ата-анаға да айтары бар. «Әкем мені жасымнан, Тастамайды қасынан» дегеннің астарында, ата-ананың баласына, оның тәрбиесіне көбірек уақыт бөлу қажеттілігі және әкенің бала тәрбиесіндегі алатын орны жайлы ойлар жатыр.

Мамам, мамам – ақ мамам,

Мен де өзіндей ақ балаң.

Айтқан тіліңді аламын,

Жұмсағанға барамын.

Ақ төсекке жатқызсаң,

Көзімді жұма қаламын [5;6].

Бала атынан айтылған Жақан Смақовтың бұл өлеңі бүлдіршіннің анасына деген шексіз махаббатын суреттейді. «Ақ мамам» өлеңінен лирикалық кейіпкердің анасын ренжітпеуге тырысатындығы аңғарылады, сол арқылы ақын өзге балаларды да ананы құрметтеуге, қадірлеуге, сыйлауға, ренжітпеуге шақырады. Балаларға арналған өлеңдердер поэзияның күшті тәрбие құралы екендігінің тағы да дәлелдей түседі. «Мамам» сөзінің қайталануы өлеңге әуенділік сылаумен қатар, бала сезімі, пәк көңілі мен еркелік мінезі жөнінде сыр шертеді. «Ақ төсекке жатқызсаң, Көзімді жұма қаламын» деген өлең тармақтары еріксіз езу тартқызып, бүлдіршіннің тәтті қылығы мен сүйсінерлік мінезін әсерлі суреттеген. Балалардың ұйықтауды ұнатпайтындығы белгілі жағдай, ал өлең кейіпкері анасының мазасын алып, шаршатпас үшін ұйқысы келмесе де, көзін жұма қойып төсегіне жатуға дайын. Бұл өлеңнің кішкене оқырмандар мен тыңдармандар үшін өте пайдалы болары сөзсіз.

Аспанда күн ыстық

Ал жерде кім ыстық?

Әке мен шешеміз

Сүйікті, тым ыстық!

Әркімге туыстық,

Туған қыз, ұл ыстық... [2;21]

«Кім ыстық?» деген бұл өлеңде ақын Ә.Табылды «Аспанда күн ыстық» дей келіп, ең алдымен ата-ананы жан-жағына шуағын төгіп, дүниені жылылыққа бөлейтін осы алып аспан денесіне балайды. Синтаксистік параллелизм әдісі мен қайталаулар өлеңнің әсерлілігін арттырып,

бүлдіршінге астарлы ойды, көркемдеп жеткізуге жол ашады. Адам қоғамның бөлінбес бір бөлшегі болғандықтан, томаға-тұйық, одан тысқары өмір сүре алмайтындығы белгілі жайт. Өлеңнің «Жасасын туыстық, Достық пен тыныштық!» деген соңғы тармақтары бұл ұғымдарға арнайы тоқталып, бүлдіршінге олардың маңыздылығын ұқтырғындай болады. Шындығында да, адам өмірінің сәнін кіргізетін – Туыстық пен Достық. Халқымыздың жас ұрпақты бала кезден бауырмалдылыққа, адалдыққа, адамгершілікке үйретуге айрықша мән беріп отырғандығын фольклорлық туындылардан аңғаруға болады. Ақын осы игі дәстүрді жалғастыра отырып, өздігінше жырлайды. Өлеңде көтерілетін келесі бір мәселе - Тыныштық пен Бейбітшілік. Әдібай ақын бақыттың кілті осы ұғымдарда деген ой тастайды. Өйткені бірлігі жарасқан бейбіт елде, ата-ананың аялы алақаны, жақын адамдары мен достарының ортасында гүлдей жайнап өскен бүлдіршіндер ғана балалық шақтың барлық қызығына бөленеді. Балалар поэзиясында Күн бейнесі жиі бейбітшілік, тыныштық образымен астасып жатады. Келтірілген өлеңде де Күн бейнесі Ата-анаға, Туыстыққа, Достыққа және Тыныштыққа баланып тұр. Бұл ұғымдардың бақытты балалық шақ үшін маңызы зор екендігі анық.

«Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» демекші, кішкене кезінен өз жақындарын сыйлап, құрметтеуге дағдыланған өнегелі әрі тәрбиелі ортадан шыққан бала келешекте қоғамның да толыққанды әрі беделді мүшесі бола алады. Себебі қоғам өз мүшелерінен еңбекке, жұмысқа қабілеттілік және жауапкершілік сияқты кәсіби қасиеттермен қатар, адамгершілік, адалдық пен сыйластық сияқты адами қарым-қатынасты күтері анық. Ал бүлдіршінді осы игі қасиеттерге баулуда балалар әдебиетінің алар орны ерекше.

1. Қирабаев С. *Өнер өрісі. Мақалалар мен зерттеулер.* – Алматы: Жазушы, 1971. - 272 б.
2. Табылды Ә. Т.12 Таңдамалы шығармалары: Т.4 Көңілді балалар. – Алматы: Балалар әдебиеті. -2006. -270 б.
3. Сөзстан: (Әдеби портрет, мақала). /Құраст. Қ. Ерғөбеков. – Алматы: Жалын, 1983. 4-кітап - 264 б.
4. Әлімбаев М. *Шығармалар жинағы. Екі томдық.* – Алматы: Санат, 1997. Т.2, - 704 б.
5. Смақов Ж. *Сылдырмақ.* – Алматы: ҚМКӘБ, 1963. - 51 б.

Резюме

Статья посвящена проблемам казахской детской литературы, которая играет большую роль в воспитании подрастающего поколения. Автор подчеркивает роль близких людей в процессе воспитания ребенка и формирования его как личности. На примере стихотворений А.Табылды, М.Алимбаева, Ж.Смакова автор раскрывает образы близких людей в казахской детской поэзии.

Summary

This article is devoted to theme of Kazakh children's poetry. Author placed great emphasis on a role of children's literature on upbringing process. According to article, a close relationship with parents and family members helps children in the learning process, as well as at a psychological and pedagogical level. Characters of close relatives in poetry were revealed on the examples of A.Tabyldiev's, M.Alimbaev's, and Zh.Smakov's poems.

КӨРҰҒЛЫ ЖЫРЫ ЖӘНЕ СЫР БОЙЫ АҚЫН-ЖЫРАУЛАРЫНЫҢ ЖЫРЛАУ ВАРИАНТТЫЛЫҒЫ

С.Жақсығұлов -

*Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің
«Дәстүрлі музыкалық өнер» кафедрасының оқытушысы*

«Көрұғлы» жыры бүкіл түркі жұрты, оның сыртында Орта Азия, Кавказ, балкан түбегіндегі елдер, Шығыс елдері, Араб, Түрік халықтарының ортақ мұрасы. Оның ішінде, әзербайжанда, армянда, грузинде, абхазда, құмықта, түркіменде, өзбекке, қазақта т.б. халықтарында кеңінен кездеседі.

«Көрұғлы» жырының версиялары, варианттары әртүрлі. Дастанның тарихи желілерін зерттеушілер әр кезеңге жатқызуда. Демек, бұл мәселе әлі де, зерттеуді қажет ететін, басы ашық зерттеу объектісі болып қала бермек.

Дастанның жариялылығы жайлы айтар болсақ, XIX ғасырдың аяғы, XX ғасырдың басында баспа беттерін көре бастады. «Көрұғлы» жыры 1973 жылы қазақ оқырманына

М.Ғұмарованың жемісті еңбегінің арқасында жол тартты. «Мәдени мұра» аясында «Бабалар сөзі» сериясының 48-ші томына енді. Онда ғалым Б.Әзібаева жан-жақты талдау жасап, дастанды салыстырмалы түрде ғылыми жүйелі жұмыс жүргізген. Және түпнұсқа негізінде әдепкі басылымнан біраз түзетулер енгізіп, редакциялып жарияланған.

«Көрұғлы» дастанының Сыр бойындағы жырлануымен таралуы жайлы қазақ ғалымдары академик Ә.Марғұлан, Ә.Қоңыратбаев, Р.Бердібай, Т.Қоңыратбай зерттеп, ғылыми болжам, пікірлерін білдіргені мәлім.

«Көрұғлы» дастанын Сыр бойында белгілі Жиенбай жырау, Рахмет Мәзхожаев, Рүстембек Жиенбайұлы, Әлібек Бәйкенов, Олжабай Жүргенов, Барат Нақыпов, Зайыр Рахатов, Әбілдә Жүргенбаев, Көшеней Рүстембеков, Орақ Дәнекеров, Қуандық Бүрлібаев сияқты арқалы жыраулар жырлаған.

Сыр бойында Рахмет жырау жырлаған нұсқасы Ғылым Академиясының қолжазба қорында сақтаулы, соның негізінде «Көрұғлы» дастанының төрт саласы жарық көрген. Олар, «Раушанбек», «Көрұғлының көрде туғаны», «Ғират жайлы, Көрұғлының Райхан арабпен соғысы», «Көрұғлының Шағдатқа барғаны» салалары енген.

Біз өз зерттеуімізде, Сыр бойында «Көрұғлы» жырын жырлаушы, насихаттаушы және өзіндік вариант қалыптастырған Дүзбенбетұлы Жиенбай нұсқасы нақында сөз өрбітеміз.

Сыр бойындағы атадан-балаға жалғасқан мирас өнер жыраулық дәстүр өкілдері Дүзбенбетұлы Жиенбай, Жиенбайұлы Рүстембек, Рүстембекұлы Көшеней, Рүстембекұлы Бидас болып, алтын тің, арқау жібін үзбей жырды мақам-саз үлгілерін қалыптастырып, бүгінгі күнге дейін жырлауда. Әрине, Сыр бойында «Көрұғлының» өз нақышында Рахмет жырау мен Жиенбай жырау кеңінен жырлағаны мәлім. Нәтижесінде, баспа бетінен жарық көрген Рахмет варианты және баспа бетін көрмеген Жиенбай жырау варианты бар.

Рахмет жыраудың нұсқасына ғалымдар жан-жақты талдап, күрделі зерттеу жұмыстарын жүргізді. Ал, кенжелеп қалған Жиенбай жырау нұсқасы ғылыми талданған жоқ. Осы олқылықтың орнын толтыру мақсатында, «Көрұғлы» жырының Сыр бойындағы Рахмет және Жиенбай варианттарына салыстырмалы түрде талдау жіргізіп, сюжеттік желілерін айқындасақ, дастанның варианттылықтары айқындалып, мазмұны арта түседі.

Алдымен, дастанның «Бісміллесінән» бастасақ. Әдепкі, 1973 жылғы Рахмет жырау нұсқаға назар салсақ (бірінші саласы):

Бастайын Көрұғлының хикаятын,

Түрікмен Текежауміт дейді затын.

Әкесі Көрұғлының Раушанбек,

Толыбай арғы әкесі аталатын.

Раушанбек тарихынан сөз сөйлесем –

Болады қалай теріс насихатым.

«Зер жайын зергер білер» деген мысал

Әр заттың білген шешер парасатын/1.15/.

Ал «Бабалар сөзі» томындағы түзетілген нұсқаға назар аударсақ;

Бастайын Раушанбектің хикаятын,

Баласы Толыбайдың асылзатын.

Тарихын бастан өткен айтып берсем,

Болады қалай теріс насихатым?

«Зер қадірін зергер білер» деген мысал,

Айырмас танымаған сөздің парқын.

Бар екен Шаһарқұла деген қала,

Билеген Шағдат патша бүкіл халқын/2.32/.

Ал енді, Жиенбай жырау вариантындағы кіріспеге назар аударайық;

Бастайын бісміллә деп тәңірім атын,

Қозғайын өткендердің ікаятын.

Тәңірді бісміллә деп жадына алсаң,

Болады қалай теріс насихатым.

Деген сөз «Зер қадірін зергер білер»,

Тыңдамас танымаған сөздің затын/3/.

Рахмет нұсқасымен Жиенбай вариантын зерттеу нысанасы айналдырсақ, соңғы түпнұсқадан түзетілген нұсқамен (Бабалар сөзі 48 том), енді үш нұсқаның сұлбасын байқадық. Жалпы үш нұсқаның ортақ сөзі «бастайын» болып тұр. Бірінші кіріспеге, экспозициялық тәсіл қолданылады. Дастан кіріспесінде, тарихи шежірелік ретілікте Көрұғлының аты, тегі Түрікмен Текежауміт, әкесі Раушанбек, арғы әкесі Толыбай екені айтылады. Ұйқастың дыбыстық

үйлесімділігі сақталған. Мысалы, хикаятын – затын – аталатын – насихатым – парасатын. Екінші кіріспеді, Раушанбек, Толыбай, Шағдат патша және Шаһарқұла деген қала аталады. Және ұйқастың дыбыстық үндестігі өзгерген, хикаятын – асылзатын – насихатым – парқын – халқын. Ал, үшінші дастан кіріспесінде мүлдем ешқандай ат-есімдер аталмайды. Және ұйқастың дыбыстық үндестігі, бірінші кіріспеге жақын келеді. Алғашқы екі нұсқада айтылмаған «бісміллә» сөзі, соңғы нұсқада пайдаланылады. Жалпы дастандарда «бісміллә» сөзі жиі қолданады, ол жырдың ислам колоритін беріп, құрылымдық компонентін айшықтайды. Мысалы, Омар Шораяқұлының «Әбу Шаһыма» дастанында:

Бастайын бісміллә деп Тәңірім атын,
Ғаріптің қабыл айла мінажатын.
Пайғамбар Шадиардан медет тілеп,
Айтайын Әбу Шаһыма хикаятын/4.213/.
Ал, «Болат – Жанат» ғашықтық дастанында;
«Бісміллә» сөздің ұраны,
«Бісміллә» деп бастаса,
Әр істің жетер мұрады.
Әр сабақтың басында
Бір «Бісміллә» тұрады/5.17/.

Біз зерттеуімізді, әріқарай Рахмет Мәзхожаевтың 1973 жылы шыққан кітап негізінде жүргіземіз. Себебі, онда «Көрұғлы» дастанының мәгіні ширақ.

Сонымен Сыр бойының өзінде «Көрұғлы» жырының екі вариантты бар екені анықтылып отыр. Уақытында Жамбыл жырау «Көрұғлыны» жырлады деген сөз болмаса, Жамбылдың да жырлаған нұсқасы жарияланбаған. Сол сынды, Жиенбай жырау «Көрұғлыны» жырлады дегенмен олда баспа бетін көрмеген болатын. Біздің зерттеуіміз, Сыр бойында қалыптасқан екі нұсқаның біреуін жоққа шығару емес, қайта бір-бірінің ерекшеліктерімен айырмашылықтарына ғылыми талдау жүргізіп, оның айқын келбетін, сюжеттік ұтымды тұстарын айшықтап, ғылыми айналымға енгізу болып табылады.

Дастанның Сыр бойына қалай келген бізге беймәлім, әйтседе, Нақып жырау шәкірті Рахмет жырауға, ал Жиенбай жырау баласы Рүстембекке үйретіп, елге насихаттағаны белгілі. Нәтижесінде «Көрұғлы» дастанының екі вариантылығы пайда болды.

Жиенбай жыраудың немересі, Рүстембекұлы Көшеней тек орындаушы ғана емес, «Көрұғлы» жырын ғылыми зерттеу объектісіне айналдырып, кандидаттық диссертация жазбақ болған. Жас жырау Көшенейді қазақтың белгілі ғалымдары М.Қаратаев, Ә.Тәжібаев, Смирнова, М.Ғабдуллин, Р.Бердібаев, О.Нұрмағамбетова қолдап, әрі қарай ғылым жолын Мәскеудегі М.Горький атындағы Дүниежүзі Әдебиеті институтының аспирантурасына жолдама береді. Ғылым жолын қуып жүрген ол, «апа» деп ғалым О.Нұрмағамбетова жолдаған хаттарының бірінде «Көрұғлы айтады, «Көрұғлыдан» қорғасаң қайтеді деп»/6.223/- деген жолдарын көреміз. Хатта айтылатын «Көрұғлы айтады» деген кісісі Әзербайжан ғалымы, түркітанушы Х.Г.Көрұғлы болатын. Бұл ойды О.Нұрмағамбетова қуана қабылдайды. Өкінішке орай, сол кездегі жас жыраудың өмірі 1973жылы наурыз айында, жасы не бары жиырма жеті жасында, Мәскеуде кенеттен жол апатынан үзілді. Бұл зерттеуіміз, сол идеяның іргеде қалып қоймауын мұрат етті.

1. Көрұғлы. / Құраст. М.Ғұмарова. ҚазССР Ғылым акад. М.О.Әуезов атынд. Әдебиет және Өнер ин-ты. – Алматы: Жазушы, 1973. - 256с.

2. Батырлар жыры. Бабалар сөзі. 48 том / «Мәдени мұра» Мемл. бағдар.; М.Құл-Мұхаммед, төраға. / Құраст. Б.Әзібаева, А.Ақан. – Жүз томдық. – Астана: «Фолиант». -2008. - 536с.

3. Жақсығұлов С. Ел аузынан жинаған қолжазба материалдарынан. - Алматы., 1973.

4. Шораяқұлы О. Сөйле тілім жосылып / Құраст. Ә.Айсауытов. – Алматы: Рауан., 1995.

5. Қазақ халық әдебиеті. Көп томдық. ҚазССР. Ғылым акад. М.О.Әуезов атынд. Әдебиет және Өнер ин-ты. –Алматы:Жазушы, 1990.

6. Рүстембекұлы К. Өмірі мен шығармашылығына арналған жинақ. - Алматы., 2006. - 328б.

Резюме

В статье анализируются варианты эпоса «Коруглы».

Summary

The article give the analysis of variants the “Korugly” poem epos.

АҚСЕЛЕУ СЕЙДІМБЕКТИҢ «АҚИЫҚ» ХИКАЯТЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ХАРАКТЕР

С.Қ.Сыздықов –

Абай атындағы ҚазҰПУ аға оқытушысы

Жазушының көптеген шығармалары құсбегілікке арналған. Бұл Ахаңның сүйікті тақырыбы. Осы «Ақиық» хикаяты да құсбегілікке арналған. Жазушы өзінің машығына тән гадетпен Арқаның сұлу табиғатын суреттеумен бастайды: «Арқаның ұсақ сілемді жатаған тауларының ішінде еңселі, шоктығы биік Бүркіттің дейтін тау бар. Бүркіттің мәңгілік тыныштықта қатқан бұж-бұж кереге тастары зеңгір көкке сұғына көтеріліп, бұл төңіректе айбарлы салқындықпен көзге ұрып тұрады. Ал тақала келсеңіз бір-біріне шаншыла сүйеніскен жакпар-жакпар күз-қиялары арса-арса болып, ұңғыл-шұңғылы молая, тылсым, жұмбақ суықтықпен үңілгендей болады. Кейде ұшар басы сұсты қаталдықта қара қошқылданып шырқау биіктен төніп тұрған белгісіз бір құбыжыққа да ұқсас еді»(114,129). Осылайша суреттеген Бүркіттің қойнауы аң мен құсы мол екенін жазушы еркін суреттейді. Осы ең далада келе жатқан екеуді жазушы былай суреттейді: «Салқын сабыр үстінде бүркіт ұстап келе жатқан бұл кісі — «Қызылту» совхозының аңшы, саятшысы Сыздық еді. Қасындағы ала аяқ торыға мінген Сыздықтың он алты — он жетілердегі жалғыз баласы Мұрат болатын. Бағана жеті түнде шам жағып, қамданып жатқан әкесін көргенде бірге ала жүруін өтінгенді. Баласының бұл тілегін іштей құптап тұрса да, Сыздық салқын шыраймен «жүрсең жүр» дей салып еді»(114,131). Осындағы ерекше естілетін сөз «Қызылту» совхозы деген тіркес. Осы совхоздың аңшысы. Заман өз өзгерісін әкелген. Ол өзгеріс шығармада тасқа түскен таңбадай болып қалған. Бүгінде совхоз ғана жоқ емес, соны құрған мемлекет те қираған. Ол жөнінде академик Серік Қирабаев дәл көрсетіп айтқан: «Қоғамдық-әлеуметтік салада ол соғыс бұзып талқандап кеткен халық шаруашылығын қалпына келтіру міндеттерін алға қоюдан көрінсе, әдебиетті де соғыс ауыртпашылықтарын көтерген халықтың бейбіт құрылыстағы еңбегін жырлауға жұмылдырылды. Бұл да оңай міндет емес еді. Алапат соғысты бастан өткеріп келіп, бейбіт еңбекке кіріскен қаһарманның ішкі сыры мен қалыптасу жолы күрделі болатын. Соғыстан жеңіп шыққанмен, оның ойында да, бойында да соғыс жаракатының зардабы аз еместі. Ол соғыста құрбан болған жас тағдырлар мен жетім қалған балалардың, жесір қалған жардың, қираған қала мен селоның қайғысын арқалады. Мұның бәрі соғыстан соңғы адамның ішкі сезім дүниесін байытты, оны өмірдің үлкен мектебінен өткізді. Қоғам мен адам арасындағы осындай күрделі қайшылықты қатынастарды зерттеу, жазу қаламгерден әлеуметтік-философиялық көрегендікті, ой-пікір батылдығын, суреткерлік сезімталдықты талап етті» (115,156). Қандай күрделі өзгерістер қоғамда болмасын табиғи атадан қалған кәсібін жоғалтпағандар бар. Олар өзгерістерге ілеспейді, өзгерісті өздеріне ертеді. Міне осындай кейіпкердің қатарында Сыздық ақсақал бар. Жазушы Ақселеу Сейдімбектің даралық стилінің құдыреті де сонда, кейіпкерлері ұлттық характермен ғана емес, ұлттық мәдениетпен де ерекшеленіп тұрады. Жазушының шығармаларындағы кейіпкерлердің сөз саптауларының өзі ішкі мәдениетімен ерекшеленіп тұрады. Олардың өз ара қарым қатынасын жазушы үлкен шеберлікпен береді. Шығармадан үзіндіге назар аударайық: «Әсіресе, Сыздықтың көршісі қойшы Қасым далада көп жүргендіктен шөптің басы сынса да сол түз бүркітіне таңып, көрген-білген әсерінің алды-артына ие бола алмастан сөз етуші еді. Бірде Қасым қой жайып жүріп бүркіт алып тастаған түлкі тауып алды. Түлкінің белін үзіп, тілін ғана суырып жеген екен. Бұл көрініс Қасымға қатты әсер етіп еді. Сол күні отарын ауылға ертерек қаптатып, өзі бұрын шауып келген. Келген бетте аттан түспестен қанжығасындағы түлкіні шешіп алып, сылқ еткізіп тастай берген.

Көп жыл көрші болып, Қасымның мінезіне қанған Сыздық:

- Оу, Қасым-ау, мұның не?—дегенде, Қасым:
- Атама деймін, нағыз қыран демеп пе едім. Қар түсіп, аңның қарға аунауын күтіп жүргенде Бүркіттің түлкісін қырып салатын түрі бар, мүттем!—деп даурыға сөйлеп қоя берген. Сонда Сыздық сабырлы ғана жымып алып: Беу, Қасым-ай, Бүркіттің түздің бір торғайы мекен қылды екен деп, мені түлкісіз қалар деймісің. Қосбармағым аман болса өкіметтің жоспарын орындарлық бізге де бірдеме табылар,— деп сабыр шақыра тіл қатқан»(114,132).

Осындағы екі замандастың диалогы мәнділігімен ерекшеленеді. Түз бүркітінің түлкінің белін үзіп, тілін суырып жеуін байқау үшін де тәжірибе керек. Соны байқап келген Қасымның көрегендігіне Сыздық сабырмен жауап қайырады. Көп оқырманға жаңалық болар хабарлар Ақселеу Сейдімбектің кейіпкерлеріне күнделікті тіршіліктің көрінісі ғана. Осы үзіндіде Қосбармақтың да аты аталады. Ол Сыздықтың осы өңірге аты жайылған бүркітінің аты. Жазушының кейіпкерлері өзінің затына сай терең сөйлейді. Тілі көркем. Сөз өнеріндегі көркемдік туралы, көркем әдебиет тілі туралы академик Зейнолла Қабдолов мынадай терең пікір айтқан: «Көркем әдебиеттің негізгі предмети – адам болса, жазушының

негізгі құралы – тіл екені белгілі. Тіл жоқ жерде сөз өнері – көркем әдебиет те жоқ. Көркем әдебиеттің бояуы да, үні де, тынысы да, қимылы да, бәрі де сөз. Демек, әдеби тіл жайын сөз ету – әдебиеттің негіздерінің негізін сөз ету болып табылады» (116,215). Шындығында тіл жоқ жерде өнер жоқ. Сыздықтың замандасына қаратып айтқан мына сөзі қандай нәрлі десеңізші: «Беу, Қасым-ай, Бүркіттің түздің бір торғайы мекен қылды екен деп, мені түлкісіз қалар деймісің». Дала бүркітін «Торғай» деп атап Қасымға қырын қарауы қандай жарасымды. Ақыры сол Қасымның тілін алып түз тағысын байқастауға Сыздық шығады: «Жабайы бүркіт Бүркіттің арса-арса беткей бауырын қомағайлана тінтіп, маңғаз қалқып келе жатыр екен. Сыздық бір сәт көз тігіп, үстіне келіп қалған құстың еш дірілсіз, берік қанат-құйрығына сынай назар аударған. Көп қадалып қарамаса да, құс бітімінің өзгешелігін көзі қаракты құсбегі тез аңғарды. Оның сарғыш тартқан бауыры мен ақ теңбілденген құйрық жүнін көзі шалысымен-ақ: «Жарықтық, ой құсы екен-ау»,— деп күбірлеп қойды. Әсіресе, қолмен құйғандай. мінсіз тұлғаның еш дірілсіз, зор қайрат, ұлы сабырда қалқып бара жатқанын көргенде, тасқа шапса да қайтпайтын асылдың қайратындай қайрат таныған еді»(114,134).

Чувства людей неизменны. Именно поэтому проекты, направленные на усовершенствование природы человека, в том числе и реализация проекта Платона могут привести к обратным результатам: новое общественное устройство вместо формирования свободного и счастливого человека, может послужить причиной превращения их в рабов и лицемеров. Намерения авторов утопий всегда самые лучшие, их общественная честность – вне сомнения. Но суть дела в том, что ложное искусство, обманчивая утопия, привлекает стихийное сознание читателей (2, 83) Как это было со знаменитым произведением английского писателя Томаса Мора «Утопия». И мы знаем, что в истории часто бывает, что самый дерзкий протест против господствующей формы жизни обратным ходом ведет в её утверждению. Представление о мире, господствовавшие в утопиях были во многом иллюзорны. Но иллюзорность эта немало не мешала их действительности: иллюзия автора входят в общественную практику, движут людьми. Ошибочность, ложность общественного сознания раскрывается обычно легче всего либо со стороны, когда на ценности одной культуры смотрят представители другой культуры, либо *postfactum*, когда эта культурно-идеологическая система утратила свою жизненность и на смену ей пришла другая, мнящая себя истинной и отвергающая устаревшие представления о мире. И именно в этот период в общественной и эстетической мысли антиутопические тенденции приобретают небывалое значение. Американский ученый Ф. Поллак, отмечал, что антиутопии «были инспирированы сначала Первой Мировой Войной и русским экспериментом затем Второй Мировой Войной, диктатурами Муссолини, Гитлера.... атомной бомбой, холодной войной и т.д. » (3, 266) Подъем жанра антиутопии в мире наблюдался во второй половине XX века, хотя первым примером классической антиутопии является роман М. Замятина «Мы», изданный в 1925 году в Америке. Именно в этот период утопическая концепция, сформированная веками отраженная то в философской системе, то в художественных произведениях была осуществлена в России, где противоречия мирового капитализма проявились наиболее остро. Как правило подготовку и осуществление Октябрьской социалистической Революции связывают концепцией представленной К. Марком и в начале XX века примененной и приспособлено к русской действительности В. Ленином. Но классики марксизма считают, что их концепция носит чисто научный характер, предусматривающий все особенности действительности и коренным образом отличается от утопий. Основанных на изменении мира. Но последующие события истории выявили три правды. Первая, стала известна, что утопическая концепция первоначально производящее впечатление сверхсовершенного и гуманистического проекта, в процессе её реализации проявляются многочисленные противоречия и недостатки. Антиутопия, как литературный жанр формируется на этих разногласиях.

Второе, именно события имевшие место в начале XX века, образно показали художественное воплощение антиутопии и доказали, что выдвинутая К. Марксом и осуществленная В. Ленином новая общественная формация, вовсе не носила научный характер как было представлено, а по существу была утопичной. Третье, изменение, произошедшие в одной шестой части мира путем Октябрьской революции в мировой литературной и философской мысли были отражены неоднократно, а «Утопия» Т. Мора является ничем иным, как обобщенным отражением всех классических, утопических концепций. В этом плане, нам кажется, что основная отличительная черта между утопическими концепция различных философов и писателей и

коммунистической концепцией К. Маркса заключается не в том, что первая – художественная и не научная, а вторая – чисто научная, а в том, что первая, как правило, не показывает путей достижения идеального общества и остается в форме мечты, а вторая имеет форму программы реализации задуманного плана. Это прослеживается в утопиях Т. Кампанеллы, Д. Уинстенли, А. Богданова и других. Вовсе не случайно Т. Мор идеальное общество помещает в несуществующем месте – на острове Утопия. Так автор классического произведения утопического жанра положившего начало целому направлению в ренессансной общественно мысли и литературе, а в месте с ним и полемике ученых о значении утопических проектов в истории и сам ставит под сомнение возможность существования подобного государства с идеальным общественным устройством. Несмотря на антагонистические противоречия, в действительности утопия и антиутопия являются результатом диалектического единства, стремления общества к прогрессу и процесса его углубленного изучения, на основе отрицания дополняют друг друга, освещают со всех сторон, объясняют и обосновывают как в социологическом, так и эстетическом плане. То и другое представляют собой две стороны одной и той же медали. Каждая утопическая концепция в той или иной форме минимум как потенциальная возможность является носителем антиутопии. Качество диаметрально отличающие эти два жанра, парадоксально, но вместо того, чтоб отдалять их друг от друга, приближают и связывают, постоянно трансформируются одна в другую. В этом отношении, нам кажется, что на основе взаимоотрицания именно в начале XX века происходит максимальное сближение утопии и антиутопии так как именно в этот период человечество в глобальном смысле получило возможность осуществить сформированную тысячелетиями, отраженную то в философской системе, то в художественных произведениях утопическую концепцию. Имен поэтому рассматривая историю социальной мысли под определенным углом зрения можно увидеть процесс последовательного смены элементов утопии и антиутопии. Общество меняется, меняется и его культура. Социальная вовлеченность в большинстве случаев ведет к такой перестановке акцентов в искусстве, которая по существу, означает отступление от его первоначальных принципов. В современной литературе утопия и антиутопия тяготеют к взаимодействию с другими жанрами, образуя своеобразный синтез различных жанровых тенденций. Поэтому правомерно говорить об антиутопизме, как свойстве произведений различных жанров, включая сюда и многочисленные научно-фантастические романы А. Азимова, Р. Брэдли, А. Кларка, Клиффорда Саймака, А. Беляева, Станислава Лемма, братьев Стругацких и другие. В этих произведениях внимание акцентируется на научных гипотезах, связанных с развитием науки и техники в обществе будущего. Но нельзя допустить полного размывания границ. При определении жанровой природы утопических и антиутопических произведений следует обратить внимание на общественную обусловленность художественных явлений, их ярко выраженную гуманистическую и гражданственную направленность.

Наше столетие всё настоятельнее выдвигает перед искусством, которое не собирается отворачиваться от реальных проблем общественной действительности, всё новые и новые социально-эстетические задачи и требует их незамедлительной жанровой фиксации. Именно с этой точки зрения большую значимость приобретает научная фантастика: одна из основополагающих особенностей социально-политической действительностей нашего века – его устремленность в будущее закреплена в научной фантастике. Ведь действительно, в настоящее время нет ни одной более или менее серьезной проблемы социального, человеческого, экологического или экономического характера, с которой сталкивается человечество, и которое может быть успешно решено без всестороннего учета последствий данного решения в будущем.

Роль будущего в структуре современного общества неизмерима возросла, и, вследствие этого, научная фантастика в качестве главного средства эстетического воплощения будущего приобретает большую значимость. Нам кажется, что удельный вес научной фантастики в литературе будущего будет возрастать в связи с интенсивным развитием техники. И с этой точки зрения, современная литературоведческая наука ещё не смогла в достаточной степени и в полной мере определить закономерности всё возрастающего значения научной фантастики в художественно-эстетической продукции современной литературы.

1. Асмус В.Ф. Государство. В кн. Платон. Собр.соч. в четырех томах. - Т.3. -М.: Мысль, 1994.
2. Батыгин Г.С. Метаморфозы утопического сознания. В кн.: Квинтэссенция. - М.: Наука, 1992.
3. Polak F. The Image of the future, v2 – цит. по: Баталов Э.Я. В мире утопии – М., 1989. – С. 266.

Түйін

Көптеген зерттеушілер антиутопия жанрының пайда болуын XX ғасырдағы әлеуметтік орасан зор ілгерілеушілікпен, дүниежүзілік соғыс және төңкерістермен байланыстырады. Автор мақаласында антиутопия жанрының пайда болуы жайындағы сұрақтар төңірегінде әңгімелейді.

Summary

Though the majority of researchers connect occurrence of a genre of anti-Utopia with the XX-th century – a century of enormous social shifts, world wars and revolutions, we consider that the anti-Utopia genre affirmed almost simultaneously with a utopia genre. And it is explainable. Before the XX-th century the anti-Utopia, both in socially - philosophical thought, and in fiction, in "the pure" and consecutive decision meets extremely seldom.

ПЕДАГОГИКА МЕН ӘДІСТЕМЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ ПРОБЛЕМЫ ПЕДАГОГИКИ И МЕТОДИКИ

КЕЙС-СТАДИ ӘДІСІН ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТАНЫМДЫҚ АҚПАРАТТЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ТИІМДІЛІГІ

М.Мұқамбетқалиева -

Т.Рысқұлов атындағы ҚазЭу-дің доценті, п.ғ.к.

Қазақстандық білім берудің жаңа моделіне көшу оқу үдерісінде басқаша қарым-қатынастың пайда болуына әсер етуде. Құзыретті білім беру танымдық қызығушылықтың дамуына оқу материалдарын лайықтап беруді талап етеді.

Ақпараттық құзыреттілік адамдардың қарым-қатынасқа түсуінің негізгі шарты болып саналады. Ақпараттық құзыреттілік - маңызды құзыреттіліктердің бірі. Өйткені ақпарат адамның өмір сүруіне материалдық ортаны қалыптастырып, оның социомәдени өмірін анықтап, тұлғааралық қатынастарды іске асырудың негізгі тәсілі болып саналады.

Таным – жаңалықты ашу және іздеу, шындықтың белсенді нәтижесі, субъектінің белсенді кез-келген түрдегі әрекеті. Бұл үдеріс кезінде субъектінің барлық таланттары мен қабілеттері мен оның сезім ағзалары – сезім, ес, ойлау, елестету, ішкі ой, т.б. бірлікте және өзара әрекет жасау да іске қосылады. Танымдық ақпараттық құзыреттілікті қалыптастыруда тіл үйрету сабақтарында оқытудың жаңа белсенді әдіс-тәсілдерін қолдану күтілетін нәтижеге қол жеткізудің бірден-бір жолы.

Қазіргі таңда оқу үрдісінде жаңа технологиямен оқытудың белсенді әдістері кеңінен пайдаланылуда. Ол тіл үйренушінің танымдық үрдісті меңгеруіне кеңінен ықпал жасайды. Жаңа әдістерді қолдану барысында тіл үйренушіні ойлауға және тәрбиелік мәні бар танымдық әрекеттерге кеңінен тарту мәселесіне көп көңіл аударылады. Бұл жөнінде А.К.Бекметова белсенді оқыту технологиясын ұйымдастырудың негізгі шарттарына мыналарды жатқызады:

- проблемалық;
- кооперацияда қызметтес болу;
- ұжымдық өзара әсер ету;

- тіл үйренушінің жеке психологиялық дамуы мен қалыптасуын басқару;
- тіл үйренушіні белсенді әрекетке тарту: жауап беру, талдау жасау, жіктеме жасау, т.б.;
- оқытушы моделінің өзгеруі: серіктес, интерпретатор, ұйымдастырушы, кеңесші, хабарламашы [1].

Оқытудың белсенді әдістеріне оқу-іскерлік ойындар, миға шабуыл, синектика, кейс-стади әдісі жатады. Оқу-іскерлік ойындар жас маманның – болашақ мамандығына байланысты қызметінің пәндік және әлеуметтік мазмұнын қайта жасау формасы болып табылады.

Оқытушы бұл әдістерді қолдану кезінде күнделікті өмірден алынған мәліметтерді, ақпараттарды қолдануға үйрету арқылы студентті кез-келген тығырықтан шығуға ұмтылуына талпыныс жасауға үйретеді. Сонымен қатар студент болашақ маман ретінде қалыптасуына мүмкіншіліктер жасалады. Сөйлеу барысында адамдар арасында ақпарат алмасу жүзеге асырылады. Студентті мамандық тілінде сөйлеуге үйрету кезінде ойын еркін жеткізуге талпындыратын бірнеше әдіс-тәсілдер бар. Қазақ тілін орыс топтарына үйрету кезінде студенттердің ойлау қабілетін жетілдіру арқылы еркін сөйлеуге үйретудің жаңа әдіс-тәсілдерінің бірі – кейс-стади әдісін қолдану.

Кейс-стади әдісі – бұл интерактивті оқытудың бір түрі. Интерактив ұғымы ағылшынның «interact» («inter» - өзара әсер ету, «act» - әрекет жасау) сөзінен шыққан. Интерактивті оқыту дегеніміз – танымдық қызметті ұйымдастырудың арнайы түрі. Ол алдын-ала болжайтын мақсаттарды мензеп түсіндіреді. Оқытудың бұл түрінде студент алдына нақты мақсаттар қояды және оның күтілетін нәтижесі болады. Студент ол үшін алдын-ала орындалатын жұмыстарды болжалдап, жоспарлар құрады. Оқытудың интерактивті әдістеріне негізделетін оқыту үрдістері жаңашылдығымен, нәтижелелігімен ерекшеленеді.

Мұнда орындалған жұмыс нәтижесі жеке және топтық тұсаукесерлер, рөлдік ойындар, топтағы жарыстар, жағдаятты модельдеу, т.б. арқылы іске асырылады. Кез-келген жағдайда алға қойылған мақсатты шешу үшін қатысушылар арасында өзара бір-біріне белсенді әсер ету жүзеге асады.

Сонымен қатар бұл әдіс ұжымдық оқыту болып саналады. Топтағы жүргізілетін жұмыс түрлері көбіне бір-бірімен ақпарат алмасу арқылы іске асырылады. Бұл көбіне шығармашылықпен жұмыс істеуге негізделеді. Проблемалық жұмыстарды орындауда бір-бірімен сатылы байланысқан міндеттерді шешу кезінде шығармашылықпен еңбек ету тапқырлықты, ойлануды талап етеді.

Кейс сөзі ағылшын тілінде case – «оқиға» дегенді білдіреді. Кейс дегеніміз – портфель, яғни оқу материалдарының кешені, ал кейс-стади – бұл тіл үйренушілердің өзбеттілік жұмыстарды орындау тәсілдері. Оған практикалық жағдаяттарда сипатталған материалдарды оқып үйреніп, тапсырмалар орындалады.

Кейс-стади 1870 жылы Гарвард университетінің құқық мектебінде пайда болды. Ал 1920 жылы Гарвард бизнес мектебінде кеңінен қолданыла бастады.

Гарвард бизнес мектебі кейс әдісіне былайша анықтама берді: «Бұл оқыту әдісінде студенттер мен оқытушылар іскерлік жағдаятты немесе міндеттерді бірге талқылайды. Бұл кейстер кәсіпкерлік саладағы адамдардың шындық өмір тәжірибесінен жазбаша түрде алынып, талқыланады. Бұл әңгімелесу оқытушының басшылығымен жүзеге асырылады. Сондықтан кейс-әдісін оқу материалдарына қосады және оны оқу үрдісінде материалдарды қолдану әдістері де ерекше [2].

«Кейс» сөзінің әдістемелік әдебиеттерде нақты анықтамасы жоқ. Сондықтан кейсті арнайы мәтін деп түсінуге болады. Ол нақты бір жағдаяттардағы теориялық және практикалық материалдарды бекітуге немесе оқып үйренуге арналады. Кейстің негізгі ерекшеліктері – бірегейлік, практикалық жақтан бағытталғандық, шешім қабылдауда қатысымдық үрдістің имитациясы, белгілі бір білім негізінің қалануы, проблемаларды шешу жолдарын іздестіруде және ойды тұжырымдау кезінде таңдау құқығының болуы.

Алғашқы кейстер жинағы 1921 жылы шықты. Кейіннен Батыста менеджмент пен маркетинг саласын зерттеуде кеңінен пайдаланыла бастады. Бұл әдіс көбіне экономика пәндері салаларында кеңінен қолданылды. Соңғы жылдары бұл әдіс тіл үйрету әдістемесінде де

қолданысқа ене бастады. Сондықтан болашақ экономистерге қазақ тілін үйрету барысында осы әдісті қолдану арқылы нақтылы нәтижелерге қол жеткізуге болатыны дәлелденді.

Бұл тәсіл жағдаяттарға талдау жасауды білдіреді. Оны былайша түсіндіруге болады. Тіл үйренушіге шынайы өмірде болатын жағдаятты береді. Онда оның түсініктемесі белгілі бір практикалық проблеманы көрсетіп қана қоймайды, білімнің нақты бір кешенін белсендіреді. Кейспен жұмыс істеу кезінде берілген ақпаратты зерттеу мен талдау, проблеманы көрсету, оны шешудің жолдарын іздестіру, қорытынды жасау, т.б. іске асырылады. Сонымен қатар бұл әдіс түрлі жағдаяттарға қатысты фактілерді, пікірлерді, пайымдауларды сипаттауды білдіреді. Кейс – практикалық тәжірибелерді енгізу жолымен оқытуды жеңілдету үдерісі. Кейсте жағдаятты түсіндіруге арналған ақпарат болуы керек. Онда кейде бір ғана емес, бірнеше жағдаяттар болуы мүмкін. Мұндай жағдайларда бұл жұмысты топпен атқаруға болады. Кейстің құрылымына кіріспе, жағдаятты суреттеу, сұрақтар, қосымша материалдар, қорытынды енеді.

Кейс-стади оқу үрдісінде нақты практикалық мысалдар ретінде қарастырылады. Бұл әдістің негізгі мәні мынада – тіл үйренуші шынайы өмірлік жағдаяттарды ұғынуда қажетті білімдерінің жиынтығының болуымен айқындалып, оның проблеманы шешуде көмегін тигізетіндігінде. Кейсте белгілі бір компания, мекеме, ұжымдағы экономикалық және әлеуметтік жағдаяттар суреттелуі мүмкін. Онда әрине, бір-біріне қарама-қарсы оқиғалар, фактілер, жағдайлар, болуы мүмкін. Кейспен жұмыс істеу онда берілген ақпараттарды талдау және оқып білу, проблемаларды анықтау, оның шешу жолдарын қарастыру, түрлі ұсыныстар беру, т.б. сияқты мәселелерді қамтиды.

Кейс әдісін қолдану мына мақсаттарды айқындайды: ақпараттарды талдау дағдыларын дамыту және оны сыни ұғыну; теория мен практиканы ұштастыру; өз көзқарасыңды дәлелдеу және әр түрлі пікірлерді ескере отырып ауызша қатысым дағдыларын жетілдіру.

Кейс жасаудың үш кезеңі бар: зерттеу, талдау және кейс жазу. Зерттеу кейс жасауға нысан іздеуден басталады. Кез-келген тақырып кейс бола алмайды. Міндетті түрде жағдаят керек. Онда тіл үйренуші өзін соған қатысушы ретінде сезінуі керек. Сонымен бірге проблеманың шешімін табу қажеттілігін сезініп, жауапкершілікті болу қажет.

Оқытудың кейс әдісі ақпараттарды талдау, өңдеу, жинаудың білім мен дағдыларын меңгеруге мүмкіндік туғызады.

Тіл үйрету сабақтарында кейс-стади әдісін қолданудың тиімді жақтары өте көп. Ол жас маманның тек қана кәсіби мамандығы бойынша дайындалып қана қоймай, өмірде кездесетін түрлі жағдаяттарда проблемаларды көре білетін, оны шешудің ұтымды жақтарын іздестіре білетін, себептерін анықтай алатын, құзыретті болып қалыптасуына тәрбиелейтін әдіс-тәсілдердің бірі. Бұл әдістің тағы бір артықшылығы - оқу бітіруші түлектің оқу орындарында алған білімін тәжірибемен ұштастыруына мүмкіндік туғызады.

Кейс-тәсілді қолдану арқылы оқыту жағдаяттарға дұрыс талдау жасау білігін қалыптастырады. Сонымен қатар олардың мүмкін болу себептерін көрсету, шын дәлелін тұрақтандыра отырып, шешімнің мүмкін варианттарына талдау жасау, олардың ішінде өзектілерін көрсете білу, оған бақылау жасау, т.б. жүзеге асырылады.

Кейс-әдіс – фактілік ақпараттардың болуына сай және нақты бір жағдайлардың есебінен проблемаларды шешу білігін дамытуға әсер ету дегенді білдіреді. Ол мынадай мамандандырылған сипаттамаларды дамытып, қалыптастырады: қабылдау және бағалау, қарым-қатынасқа түсу, өзінің ойын дәлелдей білу, талдау жасау.

Бұл әдіс алынған білімдерді дұрыс пайдалануға бағытталған. Сонымен қатар әдіснаманы игеру, тәжірибе алу және т.б. арналған.

Кейс – әдісі әлеуметтік-ғылыми зерттеулермен қатар сұрақ-жауап алу, ақпараттарға талдау жасау сияқты әрекеттер арқылы іске асырылады. Кейстер бизнес әлемінен құжатталған ақпараттарды қамтиды. Бұл әдіс арқылы сабақ өткізу «Сократ әдісі» сияқты пікірталастарға негізделеді. Бұл пікірталасқа қатысушылар алған білімдерін өмірде қолдануға, фактілерге талдау, қорытынды жасауға машықтанады.

Сократ әдістемесі негізі сұраулар арқылы ойын жеткізуге бағытталады. Сонымен қатар, студент қарсы пікірін дәлелдеп, өзінің жеке көзқарасын білдіре отырып, сөйлеуге машықтанады.

Бұл әдісті қолданып тіл үйретуде қолдану кезінде қойылатын сұрақтар мен тапсырмалардың көтеретін мәселесі өзекті болуы тиіс. Сонымен қатар танымдық мақсатты көздей отырып, студенттің дара өзіндік шығармашылығын дамытуға бағытталуы керек.

Кейс-стади әдісімен сабақ өту барысында оқытушы басқарушы рөлін атқарады. Оқытушы Кейсті сабақ жоспарына сәйкес өзі таңдап, оның жоспарын да өзі жасайды. Кейс студенттерге алдын-ала таратылады. Топтар 4-5 адамнан құрылады. Белгіленген уақытта студенттер бір аудиторияға жиналып, кейс бойынша пікірталас басталады. Әр топтың спикерлері, сөйлеушілері шығып, өз көзқарастарын дәлелдеуге тырысады. Пікірталасқа түсуші топтардың дәлелдері мен қорытындыларына оқытушы баға беріп, өз тұжырымын жасайды. Оқытушы жүргізуші және ұйымдастырушы қызметтерін атқарады. Студенттер сайыс біткен соң жазбаша есеп береді. Кейс-стадиде проблемалық жағдаят белгілі бір тақырыпты қамтиды әрі пән аралық байланысқа негізделеді. Студенттер бағдарлама бойынша бағдарламалық жағдаяттар жасай білулері және олардың шешу жолдарын көрсете білуге тиіс болуы қажет. Студенттер белгілі бір жағдаятты интерпретациялау жолдарын үйренуге дағдылары қалыптасуы шарт.

Пікірталасқа қатысушылар кез-келген проблемалық жағдаяттарға қатысып, өз пікірлерін дәлелдеп, өмірде өз тәжірибелерін қолданады.

Кейс-стади әдісінің негізгі классикалық екі мектебі бар: Гарвардтық (американдық) және Манчестерлік (еуропалық). Гарвардтық мектеп жағдаяттан шығудың бір ғана шешімін, ал манчестерлік мектеп әр түрлі шешімдерді іздеп табуға үйретеді. Тіл үйрету үрдісінде бізге манчестерлік мектептің ұстанымы жақынырақ. Өйткені студент әр түрлі шешімдерді қабылдау кезінде түрлі тілдік бірліктерді қолдана отырып, өз ойларынан бірнеше сөйлемдер құрайды. Өз ойын дәл жеткізуде түрлі сөйлемдер құрастыру үшін грамматикалық ережелерге сүйене отырып, әр түрлі жауаптар дайындайды.

Кейс-стади әдісі рөлдік ойындарды пайдаланып оқытуға ұқсас келеді. Студенттер проблема шешімдерін іздеу үстінде түрлі әлеуметтік рөлдерге енеді. Сол арқылы әр түрлі салалардағы мамандықтар иелерінің сөйлеу мәнеріне еліктеп, кәсіби терминдерін, мамандыққа қатысты кәсіби лексиканы іс жүзінде меңгереді. Мысалы: менеджер, маркетинг, кәсіпкер, банк қызметкерлері, әр түрлі мемлекеттердің өкілдері, басшылар, іскерлік келіссөздер жүргізуші мамандар т.б.

Сабақта мына тақырыптардағы жағдаяттарды беруге болады: желілік маркетинг, әлемдік дағдарыстан шығу жолдары, банктік несиелендіру, кәсіпкерліктің қиындықтары, фирманың бәсекеге қабілеттілігі, Қазақстанда азаматтардың құқығын қорғау, шағын кәсіпорындардың өнімділігін көтеру, тауардың маркетингтік тартымдылығы, шағын және орта бизнес, туризмді дамыту, қоршаған ортаны қорғау т.б. Осы тақырыптарға жағдаяттарды оқытушы алдын-ала құрып, топтарға тапсырмалар беріледі. Студенттердің ойлауын жетілдіру арқылы күтілетін нәтиже жемісті болатынына көз жеткізілді.

Кейс-стади әдісін қолданудың нәтижелері:

- 1) берілген жағдаяттар шығармашылық түрлі жұмыстар орындауға дағдыландырады;
- 2) студенттер өздері шешім қабылдап үйренеді;
- 3) өз көзқарастарын дәлелдеуге тырысады;
- 4) жағдаяттар ақпараттармен жұмыс істеуге машықтандырады;
- 5) жағдаяттарды шешу арқылы өзекті мәселелерді көтере білу дағдысы қалыптасады;
- 6) студенттерді топтық жұмыс істеуге дағдыландырады;
- 7) тығырықтан шығудың жолдарын қарастыруға үйретеді;
- 8) өмірде болып жатқан оқиғалардан қалыс қалмауға дағдыландырады;
- 9) өз ойын нақты дәлелдеуде түрлі фактілер мен ақпараттарды пайдалануға талпыныс жасалады;
- 10) түрлі құжаттар мен заңнамаларды пайдаланып жұмыс істеуге машықтанады;
- 11) студенттерді ой-өрісінің кеңеюі үшін үнемі ізденісте болуға үйретеді.

Болашақ экономистерге қазақ тілін үйретуде кейс-стади әдісін қолдану танымдық ақпараттық құзыреттілікті қалыптастыруға әсерін тигізіп, олардың университет қабырғасында алған білімдерін практикамен ұштастыра білуге жетелейді.

1. Бекметова А.К. *Использование кейс-метода в учебном процессе. IV Рысқұлов оқулары. «Ғаламдық экономикалық дағдарыс: себептері мен еңсеру жолдары»: Халықаралық ғылыми тәжірибелік конференция материалдары.* - Алматы, 2009 – 503б.
2. Алимгазинов К. *Инновационные методики обучения: pro et contra* // http://www.kazhistory.narod.ru//001_23html.
3. Смолянинова О.Г. *Инновационные технологии обучения студентов на основе метода Кейс-стади.* / Сб.Инн в Росс.обр. МВПО. М., 2000.
4. Яковенко Л.К. *Кейсы и культура речи: Материалы Международной научно-практ. конф., «Теория и практика преподавания языка и литературы: современное состояние, проблемы, перспективы», 2008.* – Алматы.

Резюме

В статье рассматривается использование кейс-метода в формировании информационно-познавательной компетентности в обучении казахскому языку.

Summary

The use of case study method in the development of informational and cognitive competence in teaching of Kazakh language is considered in this article

ШЕТЕЛДЕН КЕЛГЕН ҚАЗАҚТАРҒА ОРЫС ТІЛІН ШЕТ ТІЛІ РЕТІНДЕ ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

А.М.Досанова -

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің PhD докторанты

Мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарының бірі болып, шетелдерде тұрып жатқан этникалық қазақтарды туған ата-баба жеріне репатриациялау мәселесі болып отыр. Осы шара тәуелсіздік алғаннан бері мақсатты түрде іске асырылып келеді. Әсіресе, бұл саясат демографиялық тұрғыда айтарлықтай нәтижесін көрсетуде, соңғы мәліметтерге қарағанда бүлкүнде Қазақстанға шетелден 789 339 мың репатриант квота бойынша, сондай-ақ 1 млн квотадан тыс оралған [1].

Олар негізінен туған еліне-жеріне деген сағыныштарын, өздерінің ұлттық құндылықтарын, қазақи таным мен мәдениет, дін, салт-дәстүр мен ана тілін сақтап қалу мақсатында оралады, және ендігі жерде өз болашағын балаларының болашағын өз отанынды жалғастыруды мақсат етеді. Алайда, тарихи отанына оралу үдерісі – ол оңай емес екендігі баршаға аян. Репатриация – тарихи отанында экономикалық, әлеуметтік, мәдени-тұрмыстық, психологиялық, тілдік бейімделу үдерісімен тікелей байланысты ұлттық саяси акт болып табылады, оның қиыншылықтары көп жағдайда саяси-экономикалық, мәдени және тілдік факторлардың әсерінен туындап отырады.

Еліміздегі тілдік жағдай – қазақ тілі мен орыс тілінің кең көлемдегі қолданыс аясы, орыс тілі біздің елде ресми тіл болғанымен таралу аясы кең қызметі басым тіл болып тұрғаны басты мәселе ретінде, репатриант-оралмандар үшін қиындықтар туындатуда. *Біріншіден*, оралмандардың аталмыш тілдерді әртүрлі деңгейде білуі, немесе игергендігінде мысалы, ана тілін, яғни қазақ тілінде сөйлеудің өзіндік ерекшелігі бар болса, *екіншіден*, олардың орыс тілін білмейтіндігі.

Тілді білу, оның бүгінгі жағдайын түсіну арқылы тез қарым-қатынасқа түсіп, сол мемлекеттің мәдени, әлеуметтік-саяси, қоғамдық өмірінде тез бейімделесің, ақпарат алмасу барысында соншалықты қиындықтар туындай қоймайды. Репатриант-оралмандар үшін қазақстан қоғамында тілдік бейімделудегі қиындықтың екі түрлі жағдайын кездестіруге болады: ол бір жағынан дүниежүзіндегі қазақтардың қолданысында қазақ тілінің үш түрлі хатқа түсіру формасы (латынша, төте жазу, кириллица) бар балса, екінші жағынан, олардың арасында орыс тілін мүлде білмейтіндер/жартылай білмейтіндердің болуы. Қазақстанға Қытайдан, Ираннан, Пәкістан мен Ауғаннан, Түркиядан келген репатрианттар қазақ тілін білсе де кириллицалық жазу жүйесіне байланысты өздігінен жаза және оқи да алмайды. Сол себептен олар, жұмысқа орналасу барысында, қоғамдық орындарда, күнделікті тұрмыс-тіршілікте, арнайы мекемелерге барғанда, қажетті құжаттарын өз бетінше рәсімдей алмай киналады.

Осы екі жағдайға байланысты туындайтын кедергілер оралмандардың тұрып келген елдері мен тілдік ортасына тікелей тәуелді. Орыс тілін меңгермеген репатриант-қазақтар қоғамда өздерін өте «ыңғайсыз» сезінетіндерін анық байқай аламыз. Біздің қос тілді қоғам оралман ағайындар үшін өте ауыр болып, психологиялық жақтан да әсер ете отырып, тілдік тұлға ретінде қоғамға сіңісу үдерісін едәуір тежеуде. Жергілікті қазақтар мен оралмандар арасында тілдік түсінбеушіліктер жиі болып тұрады десек, жергілікті қазақтар орыс тілінің сөздік қорын сөйлеу тілде үнемі қосып сөйлеуі тілдік қатынасқа әсер етпей қоймады, қарапайым мысал үшін, *«Қытайдан келген оралман-талапкер оқуға түсу үшін құжаттарын тапсырып болған соң, құжат қабылдаушы қызметкер оған: - любой банк кассасына талапкер төлейтін тиісті ақша сомасын төлеп, түбіртек әкелуін өтінеді. Оралман-талапкер оқу орнына кешке қарай бірақ келіп, қызметкеге ренішін білдіреді, себебі, ол «Любой банк», яғни осы банкті іздейді»*. Орыс тілін білмейтін адам «любой» сөзінің мағынасын қайдан білсін? Тілдік кедергіні жою оралмандар алдында тұрған басты міндет.

Тілдік кедергі ағыл. *language barrier* – жеке адамның тілді/тілдерді білмеуіне, жеткіліксіз меңгеруіне байланысты толыққанды қарым-қатынас жасауға кедергі; жаһандану мен интернациялану жолындағы басты кедергілердің бірі [2].

Мигранттардың көшіп келген елдің тілін білуі, олардың еңбек, әлеуметтік мәдени өмірге интеграциялануының негізгі индикаторы болып табылады. Мигранттарды қабылдайтын барлық елдер интеграция бағдарламаларында тіл жағынан бейімделуіне аса көңіл бөледі, бірақ әр ел тілді игеруге берілетін көмектің көлемін өздерінше анықтайды.

Мәселен, Германия, Израиль, Ресей мемлекеттерінде өз мемлекеттік тілі тұрып, көшіп келген иммигранттарын өзге тілде оқыту туралы мәселесін қозғамайды. Бейімдеу орталықтары Германия мен Израильде әлі күнге дейін жұмыс істейді. Бұл орталық шетелден келген репатрианттарды 6 айдан 1 жыл аралығында өмір сүруі мен сол елдің қоғамдық заңдылықтарын, заңды құқықтарын, мәдени-этикаларын, мемлекеттік тілін үйретеді. Сонымен қатар кәсіптік мамандандыру және оқыту процестері осы орталықтардың міндеті болып табылады. Себебі немістер мен еврейлер өздерінің ана тілін мүлдем білмейді. Сондықтан оларға бейімдеу орталықтары өте қажет. Тіл білмеуі, жаза алмауы (немісше, еврейше) өзекті проблема болып отыр. Біздегі оралмандарда ондай қиыншылық жоқ, дегенмен де өзекті мәселелер баршылық.

Қазіргі кезде мемлекетте он төрт бейімдеу орталықтары мен жиырмаға жуық мемлекеттік емес ұйымдар оралмандарға қызмет етуде, негізінен олардың қызметіне: а) ақпараттық, құқықтық көмек беру (көші-қон мәселелеріне қатысты ақыл кеңестер беру, оралман статусын алуға, квота ілінуге байланысты, азаматты және әлеуметтік жәрдем ақы алуға қатысты құжаттар рәсімдеу); ә) аударма жасау; в) баларын мектепке немесе жоғарғы оқу орындарына түсулері жөнінде көмек көрсету; б) Қазақстан Республикасының тарихы мен

мәдениеті, құқықтық нормалары, тілді меңгерту, шағын орта бизнес ашу алғышарттарны үйрететін курстар өткізу; д) жеке кәсіби біліктілігін көтерумен ортаға бейімделу қабілеттерін арттыру т.б.

Д.Дэвид, Дж. Джерри бойынша, *бейімделу* – ол кез келген түрдің әлеуметтік жүйесі өзін қоршаған ортаға, ортаның өзіне таныс емес жаңаша жағдаяттарын белсенді түрде қабылдап, икемделуін айтса [3], көп жағдайда бейімделу әлеуметтік үрдіс ретінде қарастырылады. Онда адаптант (адам, жеке тұлға) пен қоршаған әлеуметтік орта бірін-бірі бейімдейтін жүйелер негізінде танылады, яғни әлеуметтік бейімделу барысында орта мен жеке бір-біріне әсер ете отырып ортаға кірігу үрдісін қалыптасырады.

Әдетте жеке тұлғаның өзіне таныс емес ортасыға кірігу барсының төрт түрлі деңгейі бөліп қарастырылады: 1) *алғашқы кезең*, жеке тұлға өзінің жаңа ортаға тап болағанын сезінеді ол ортада қалай өзін басқару керектігін түсіне тұра, бұрынғы өзіне тансы ортасының қалаптасақан құндылықтар жүйе шеңберінен шыға алмауы;

2) *шыдамдылық кезеңі*, жеке тұлға мен қоршаған орта әрқайсысының өзіндік құндылықтар жүйесі мен мінез-құлық ерекшеліктеріне шыдамдылықпен қарап, түсіністік танытуы;

3) *аккомодация* – жеке тұлғаның жаңа әлеуметтік ортаның негізгі деген басты-басты құндылықтар жүйесін қабылдап, оған үйренісе бастауы;

4) *ассимиляция* – толықтай жеке тұлға мен әлеуметтік орта құндылықтар жүйесінің бірбіне сәйкес келуі[3].

Бейімделу – репатриант-қазақтар өміріндегі үрдіс және кезеңдер жиынтығы ретінде жергілікті халықтың немесе мемлекеттегі басым этникалық топтың әлеуметтік, мәдени, экономикалық, психологиялық сондай-ақ тілдік ортасына әсер етуі болып табылады.

Қалай дегенмен де қоғамдағы болып жатқан барлық жағдайлар білім беру саласында да көрініс таппай қоймайды. Айту керек, Білім және ғылым министрлігі оралмандарға бөлінетін мемлекеттік білім гранттары мен кредиттерін көбейтуге аса үлкен назар аударылып келеді. Осының нәтижесінде жоғарғы оқу орындарында шетелдік және жергілікті студенттермен қатар жаңа бір топ – студент-оралмандар қатары пайда болды.

Тілдік тұлға ретінде студент-оралмандар шетелден келген студентпен жерлілікті студенттен айтарлықтай айырмашылықтары болады. Әдетте, шетелден келген студент егер ол ағылшын тілді орта өкілі болса, монотілді болады; қазақстандық-студент қостілді (қазақ тілі +орыс тілі немесе орыс тілі + қазақ тілі ± шет тілі) не болмаса, шама-шарқынша, түрлі деңгейде көп тілді (қазақ тілі +орыс тілі + шет тілі). Студент-оралман көп жағдайда қостілді (қазақ тілі + тұрып келген елдің тілі) және өте сирек жағдайда көп тілді болуы мүмкін (қазақ тілі + тұрып келген елдің тілі + ағылшын тілі).

Алайда осы тілдік айырмашылықтарға қарамастан барлық санаттағы студенттер біздің мемлекетте бір әлеуметтік-ақпараттық кеңістікте өмір сүріп білімін жалғастыруда. Олар өз дәрежесінде қоғамдық ортаға мейлінше бейімделіп, кірігу үдерісінде.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті еліміздегі алдыңғы қатарлы университет ретінде оралмандарды репатриациялау бағдарламасының орындалуына да айтарлықтай өз үлесін қосып келеді. Университеттің дайындық факультетінде Қазақстаннан тыс елдерде білім алып келеген оралмандар бір жыл көлемінде қажетті тілдік білімдерін жинақтап, Қазақстанның кез-келген жоғары оқу орындарына түсу үшін ұлттық біріңғай тест (ҰБТ) жүйесіне дайындала алады.

Шетел азаматтарына дайындық факультеті үш түрлі бағытта жұмыс істейді: а) орыс тілін шет тілі ретінде оқыту (ОШР), б) қазақ тілін шет тілі ретінде оқыту (КШР), в) орыс тілі мен қазақ тілдерін оқыту және репатриант оралмандарды ұлттық біріңғай тест жүйесіне дайындау (ҰБТ).

Студенттер ортасында репатриант-оралмандардың пайда болуына байланысты оларға орыс тілін оқытудың жаңаша әдіс-тісілдері мен оқу құралдарын әзірлеу қажеттілігі туындады. Бұндай студенттер үшін қазақ тілі мен орыс тілін оқытудың өзіндік ерекшеліктері бар екенін дайындық факультетінің оқытушылары айтады [4], ол әсересе, мұғалімнің қазақ тілі мен орыс тілдерін, жекелеген пәндер мен жалпы ортақ пәндерді оқыту барысында пәннің мазмұны, әдісі, құралдары, оқытудың түрі мен тәсілдерінің, әрбір студенттің жеке қабілеті мен тілді игеру дәрежесіне қарай, қызығушылығы мен қажеттілігін ескере отырып негіздеу керектігін айтады. Бұндай білім берудің негізгі үш тәсілін Ж.А. Азимбаева былай көрсетеді:

1. *Студенттерің алғашқы негізгі қабілеттері игеру мүмкіндіктерін жетілдіру* а) алғашқы тілдік қабілет, ә) тілдік қабілетті жетілдіре түсу, б) айтылым ерекшеліктері мен екпін-интонацияларды жетілдіру, в) сөздік қорын байыту, д) сөйлеуге негізделген дыбыстық жаттығуларды іріктеп алу.

2. *Сабақ барысында әлеуметтік-психологиялық ақжарқын орта қалыптасытыру:* а) тілдік ортаға бейімдеу, ә) өзін әлеуметтік және тілдік тұлға ретінде сезіне алуы.

3. *Студенттердің интергациялану барысында қалыптасқан әлеуметтік, мәдени, этникалық стереотиптерді жеңе алып, диалогқа ашық түсе алатын қабілетін ашу.*

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті дайындық факультетінің мұғалімдері бір ауыздан жеке тұлғаға бағытталған оқыту формасы өте тиімді екенін дәлелдеуде және өте ұтымды пайдаланып келеді. Ол тыңдаушылардың қоршаған ортада, коммуникативті кеңістікке еркін еніп, тілді үйренуге, өз ойларын, сезімдерін ашық білдірулеріне сол сияқты қоғамға тез бейімделіп өздерін толыққанды тілдік тұлға ретінде сезінулеріне мүмкіндік беретінін алға тартады.

«Біздің мақсатымыз – оралмандарды Қазақстан қоғамына әлеуметтік жақтан тезірек бейімделіп, басқа ұлт өкілдерімен қарым-қатынасқа түсуі үшін орыс тілін үйретіп, қолайлы өмір сүрулері үшін жағдайлар жасау. Оларды жаңа ортаның шынайы өмірімен таныстыра отырып, мәдени сенделіс тудыратын сәттерді түсіндіріп мәдениет аралық қақтығыстардың алдын алу» [5].

Қоғамдағы бейімделу үдерісінің интенсивтілігі әрбір студент-оралман бейімделудің қай кезеңінде екеніне тікелей байланысты. Олар жеткен жетістіктер бірдей болмауы мүмкін себебі бұл жерде оралмандардың тұрып келген елдері әртүрлі болуында және Қазақстан мемлекетінде жүрген уақыт аралығы айтарлықтай әсер етеді.

Десек те, бүгінде елге келген репатриантардың біраз бөлігі әлі күнге дейін Қазақстанға бейімделе алмады және оған аса талпынбайды да, олар қоғамдағы орыс тілінің қазақ тілінен басым, қолданыс аясы өте кең болғандығына келісе алар емес. Олардың орыс тілін білмейтінді және білгісі келмейтіндігі қазіргі кәсіптік қоғамдағы тілдік жағдайдың бейімделу барысын одан ары қиындата түсуде. Мемлекеттік тіл – қазақ тілі, онда оралмандарға орыс тілін үйретудің еш керегі жоқ деушілер қатары бүгінде көбеюде.

Шетелдерде тұрған қазақ диаспорасында қазақ тілі ішкі этнос аралық қолданыс есебінен сақталғанын ескерсек, осыған байланысты олар әдеби қазақ тілі мен ҚР-да кеңінен қолданылатын этносаралық өзара әрекет құралы ретіндегі орыс тілін меңгеруде қиындықтарды бастан өткереді және оған деген көзқарастары да алуан түрлі. Қазақстанға келген және келуші оралмандар республикадағы тілдік жағдайдың өзгеруіне маңызды ықпал етері сөзсіз.

1. «Нұрлы көш» туралы не білесіз – www.menkazakpyn.ucoz.kz/index/
2. Сулейменова Э.Д., Шаймерденова Н.Ж., Смагулова Ж.С., Аканова Д.Х. Словарь социолингвистических терминов. – Алматы, 2007. - 281б.
3. Дэвид Д., Джерри Дж. Большой толковый социологический словарь, 2001. 3. Социология: Энциклопедия / Сост. Грицанов А.А., Абушенко В.Л., Евелькин Г.М., Соколова Г.Н., Терещенко О.В. – http://mirslovarei.com/content_soc/ADAPTACIJA-13154.html .
4. Нуриаихова Ж.А. Репатрианты: возвращение на землю предков // Материалы республиканской научно-практической конференции. – Алматы, 2007. - 13 б.
5. Азимбаева Ж.А. К вопросу о создании учебно-методических пособий для студентов-оралманов с использованием новых технологий // Материалы республиканской научно-практической конференции. – Алматы, 2007. - 38 б.

Резюме

В статье рассматривается языковая ситуация в Казахстане. Языковая адаптация репатриантов в общество. Особенности преподавания русского языка.

Summary

The article devotes to language adaptation of repatriates in the bilingual society, Kazakhstan language situation, Russian teaching peculiarities to repatriates.

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ВЕБ-КВЕСТ ТЕХНОЛОГИИ В ОБУЧЕНИИ ЯЗЫКАМ

В.В.Власова –

*ст. преп. кафедры языков Алматинского филиала
Санкт-Петербургского Гуманитарного университета профсоюзов*

На сегодняшний день в преподавании иностранного языка складываются тенденции, соответствующие нынешнему уровню технического прогресса. Эффективность применения информационных технологий на уроках английского языка уже не подлежит сомнению.

В настоящее время существует множество компьютерных обучающих программ, способствующих развитию языковых знаний, но основное внимание современных исследователей сегодня обращено на обучение иностранным языкам с помощью *веб-квеста*, разработчиками которого как учебного задания являются Берни Додж и Том Марч. Веских причин для использования веб-квестов достаточно много. Прежде всего - это легкий способ включения Интернета в учебный процесс. Квест может выполняться индивидуально, но работа в коллективе при его решении является более важной. При этом достигаются такие цели обучения языку как коммуникация и обмен информацией. Квесты развивают умение сравнивать, анализировать, мыслить абстрактно, критически и творчески. Участники игры воспринимают задание не как нечто виртуальное, а как реальное и полезное, что ведет к повышению мотивации и эффективности обучения.

Веб-квест (webquest) в методике представляет собой проблемное задание с элементами игры, для выполнения которого используются Интернет ресурсы. В переводе с

английского языка слово **Quest** означает продолжительный, целенаправленный поиск, связанный с игрой или приключениями и служит для обозначения одной из разновидностей компьютерных игр. По сравнению с другими заданиями на основе интернета веб-квест является наиболее сложным как для обучаемых, так и для преподавателей, поскольку он направлен на развитие у обучаемых разных уровней подготовленности навыков аналитического и творческого мышления, а разнообразие заданий ориентировано на повышение уровня IQ. Несомненно, что преподаватель, создающий веб-квест, должен обладать высоким уровнем предметной, методической и информационной компетенции. Его тематика может быть самой разнообразной, а проблемные задания могут отличаться дифференцированной степенью сложности. В зависимости от изучаемого материала результаты выполнения веб-квеста могут быть представлены в виде компьютерной презентации со слайд-шоу, веб-страницы или сообщения на определенную тему и т.д. Могут использоваться квесты, созданные как для носителей языка, так и для изучающих иностранные языки с разными уровнями подготовленности. Использование веб-квестов и других заданий на основе Интернет - ресурсов требует от обучаемых соответствующего уровня владения языком для работы с аутентичными материалами. В связи с этим можно аргументировать, что интеграция новой технологии в учебный процесс возможна в тех случаях, когда веб-квест представляет собой творческое задание, завершающее изучение темы, а также если он сопровождается закрепительными лексико-грамматическими тренингами на основе тематического материала используемых в веб-квесте аутентичных ресурсов.

Веб-квест состоит из таких этапов работы как:

1. Введение.

Вниманию студентов предлагается краткое описание темы веб-квеста.

2. Задание.

Основная задача - заинтересовать обучаемых тематикой и содержанием квеста. С этой целью вниманию игроков предлагаются исходная ситуация (формулировка темы) и описание главных ролей участников, например, юридического факультета: "Ты – детектив. Ты должен раскрыть загадку таинственного происшествия" и т.п; даются указание сроков проведения работы, сценарий или краткий план работы либо обзор всего квеста.

3. Необходимые ресурсы и регламент работы. Дается описание последовательности действий, ролей и источников, необходимых для выполнения задания (ссылки на интернет-ресурсы и т.д.), а также вспомогательные или дидактические материалы.

4. Оценка. Вниманию участников игры представляется [бланк оценки](#) с описанием критериев и параметров выполнения веб-квеста, которые зависят от типа решаемых учебных заданий.

[Оценивание](#)

Критерии оценки работ

	Отлично	Хорошо	Удовлетворительно
Понимание задания	Работа демонстрирует точное понимание задания	Включаются как материалы, имеющие непосредственное отношение к теме, так и материалы, не имеющие отношения к ней; используется ограниченное количество источников.	Включены материалы, не имеющие непосредственного отношения к теме; используется один источник, собранная информация не анализируется и не оценивается.
Выполнение	Оцениваются работы	Не вся информация	Случайная подборка

задания	разных периодов; выводы аргументированы; все материалы имеют непосредственное отношение к теме; источники цитируются правильно; используется информация из достоверных источников.	взята из достоверных источников; часть информации неточна или не имеет прямого отношения к теме.	материалов; информация неточна или не имеет отношения к теме; неполные ответы на вопросы; не делаются попытки оценить или проанализировать информацию.
Результат работы	Четкое и логичное представление информации; вся информации имеет непосредственное отношение к теме, точна, хорошо структурирована и отредактирована. Демонстрируется критический анализ и оценка материала, определенность позиции.	Точность и структурированность информации; привлекательное оформление работы. Недостаточно выражена собственная позиция и оценка информации. Работа похожа на другие ученические работы.	Материал логически не выстроен и подан внешне непривлекательно; не дается четкого ответа на поставленные вопросы.
Творческий подход	Представлены различные подходы к решению проблемы. Работа отличается яркой индивидуальностью и выражает точку зрения микрогруппы.	Демонстрируется одна точка зрения на проблему; проводятся сравнения, но не делаются выводов.	Студент просто копирует информацию из предложенных источников; нет критического взгляда на проблему; работа мало связана с темой веб-квеста

5. Заключение. Инструктор игры дает разъяснение с какой целью проводится этот вид языкового тренинга и чему научатся студенты, выполнив данный веб-квест.

6. Кроме того, предлагается перечень используемых материалов и ресурсов. В основном это ссылки на ресурсы, использовавшиеся для создания веб-квеста. Задача – предоставить список информационных ресурсов, которые можно использовать при выполнении заданий в электронном виде - на компакт-дисках, аудиовизуальных носителях; ссылки на web-страницы, на электронные адреса экспертов или ссылки на книги, энциклопедии, словари, справочники.

7. Комментарии для преподавателя – инструктора игры. Это методические рекомендации для преподавателя, которые будут использовать веб-квест на уроке.

Данная структура веб-квеста является основой для его разработки и реализации, однако при необходимости ее можно менять, но такие элементы как *введение, задание, выполнение, оценивание* должны обязательно присутствовать в каждом образовательном квесте.

Веб-квест является передовым методом внедрения элементов игры в учебный процесс. Обучение становится актуальным и мотивированным. Современные преподаватели - предметники, применяющие данный вид работы, меняют традиционные методы обучения на более перспективные. Это означает, что процесс обучения с применением веб-квест технологии становится все более успешным и находит своих последователей везде, где есть Интернет. Кроме того, квест является великолепным средством для создания международных проектов, развития межкультурных коммуникаций и понимания между нациями. Играя, обучаемые вузов из разных стран могут найти решения многих проблем реального мира.

Түйін

Мақалада веб-кесттің тіл үйрену әдісі мен оның халықаралық жобадағы дамуы рөлі, бөлімдері қарастырылады.

Summary

In this article the author highlights the problem of web-quest technology in teaching languages. Also the main stages of WebQuest and its role in development of international projects are briefly considered.

